

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫ

Р.К. Бекмағамбетов
М.К. Смагулов

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Қостанай 2018

ӘОЖ 351/354
КБЖ 67.401.213
Б 39

Басуға Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының Ғылыми кеңесімен ұсынылды

Пікір бергендер:

Исенов Ө.И. - Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты Қазақстан тарихы кафедрасының доценты, тарих ғылымдарының кандидаты.

Табулденов А.Н. - ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ғылыми зерттеу және редакциялық баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бастығы, тарих ғылымдарының кандидаты, полиция майоры.

Бекмағамбетов Р.К., Смагулов М.К.

Б 39 Ішкі істер органдарының тарихы: оқу құралы [Электронды ресурс] / Р.К. Бекмағамбетов, М.К. Смагулов. – Электронды деректер (888 Кб). – Қостанай: ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2017. – 108 б. – 1 электрон. опт. диск. – Жүйе талаптары: процессоры Intel Core i3 және одан көп ДК; 512 Мб және одан көп; дискжетек CD/DVD – ROM; Microsoft Windows XP және одан жоғары; SVGA 800x600.16 bit және одан көп; Internet Explorer; Adobe Acrobat Reader 8.0 және одан жоғары.

ISBN 978-601-7897-36-9

Оқу құралында қылмыспен күрестің пайда болуы мен дамуының тарихы ежелгі жазалау органдарынан басталып, қазіргі кездегі ІІО дейін жалғасады.

Оқу құралы жоғарғы оқу орындарында мемлекет және құқық тарихы және ішкі істер органдарының тарихы пәндерінен оқу үрдісінде пайдалануға арналған.

ӘОЖ 351/354
КБЖ 67.401.213

ISBN 978-601-7897-36-9

© Бекмағамбетов Р.К.,
Смагулов М.К., 2018

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1-тақырып. ЕЖЕЛГІ ДӘУІР МЕН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС ОРГАНДАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ	5
1. Ежелгі дәуірдегі жазалау органдары	5
2. Орта ғасырлардағы қылмыспен күрес жүйесінің дамуы	11
2-тақырып. ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ ЖАЗАЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ТАРИХЫ	25
1. Еуропа мен Ресейдің қылмыспен күрес органдарының тарихы.....	25
2. АҚШ-тағы қылмыспен күрестің жүйесі	35
3-тақырып. КЕҢЕС МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ПО ТАРИХЫ	40
1. 1917-1960 жж. милиция тарихы	40
2. XX ғасырдың 60-ы және 80-ы жылдарындағы ішкі істер органдарының дамуы	55
4-тақырып. ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ ШЕТЕЛДЕР МЕМЛЕКЕТІ ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ	59
1. Батыс Еуропалық мемлекеттердегі қылмыспен күрес органдары. Интерпол	59
2. АҚШ-тағы қылмыспен күрес жүйесінің дамуы	69
5-тақырып. ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАН УАҚЫТТАҒЫ.....	76
ҚАЗАҚСТАН ПО ТАРИХЫ.....	76
1. XX ғасырдың 1990 жылдарындағы ішкі істер органдарының тарихы.....	76
2. Қазақстан Республикасы ПО дамуының жаңа кезеңі.....	80
6-тақырып. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТЕРГЕУ АППАРАТЫНЫҢ ДАМУЫ.....	81
1. Қазақстан Республикасындағы тергеу аппаратының дамуы	81
7-Тақырып. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ	86
1. Қазақстан Республикасындағы қоғамдық тәртіпті сақтау қызметінің қалыптасуы	86
8-тақырып. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТАРИХЫ	91
1. Қазақстан Республикасы ІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының құрылу тарихы	91
2. Қазақстан Республикасы ІМ Алматы академиясының құрылу тарихы.....	94
3. Қазақстан Республикасы ІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қалыптасу тарихы	97
4. Қазақстан Республикасы ІМ Көкшетау техникалық институтының тарихы	103
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	105

«Полицейлер – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғай отырып, қылмыспен күресте алдыңғы қатарда тұратын адамдар»
Н.Ә. Назарбаев

КІРІСПЕ

Ішкі істер органдарының тарихын мемлекет механизмінің бір бөлігі ретінде қарай отыра, атап өтер жағдай, XX ғасырдың ортасына дейін бұлар құқық қорғау органдары емес, мемлекеттің жазалау органдары ретінде келді. Мемлекет бұл уақытқа дейін негізінен үстем тап билік еткен саяси ұйым ретінде келді. Басқарушы таптың көзқарастарын қорғау жазалау жүйесінің басты негізгі функциясы, бұл кімнің көзқарасы екенін ойластырып жатпады: құлиеленушілердің, феодалдардың, буржуазияның және т.б. Тек, XX ғасырдың екінші жартысында ғана ішкі істер органдарының қызметі кейбір өзгерістерге ұшырады. Бірінші қадамға шыққан принциптер ізгілік, адамның құндылығын құрметтеу, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын, заңды көзқарастарын құрметтеу. Қазіргі күні әлемнің көптеген елдерінде ішкі істер органдары саясаттан тыс болады және қандай да бір қоғамдық топтарды жақтай алмайды.

Аталған курста ішкі істер органдарының хронологиялық даму кезеңділігі, соның ішінде Қазақстан территориясындағы ішкі істер органдарының дамуы да қарастырылған.

1-ТАҚЫРЫП. ЕЖЕЛГІ ДӘУІР МЕН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС ОРГАНДАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ

Жоспар:

1. Ежелгі дәуірдегі жазалау органдары
2. Орта ғасырлардағы қылмыспен күрес жүйесінің дамуы

1. Ежелгі дәуірдегі жазалау органдары

Жазалау органдарының тарихы алғаш рет XX ғасырдан басталған жоқ, оның пайда болуы, дамуы, қалыптасуы мыңдаған жылдарға созылады. Құрамына сот, полиция, түрме бар қылмыспен күрес жүйесі алғашқы мемлекеттермен бірге қалыптасты. Олар әрқашан басқарушы биліктің құралы болып, саяси және қылмыстық қуғын-сүргіннің құрылғысы болды. Адамзат қоғамы тарихындағы алғашқы мемлекеттер құлиеленуші мемлекеттер, осыған сәйкес алғашқы полициялар да құлиеленуші полициялар.

Ежелгі Шығыс мемлекеттері мен антикалық мемлекеттерде көптеген уақытқа дейін орталықтанған тұрақты полиция болмады. Полицейлердің міндеттерін көбіне бұл жерлерде құлдар мен шетелдіктер орындаған. Вавилонда полицейлердің қызметтерін кәсіби әскерилер орындаған. Өздерінің қызметтері үшін олар мемлекет қол сұға алмайтын жер телімдерін алған. Мысырда Жаңа патшалық дәуіріде (Б.з.д. 1580-1100) мамандандырылған жартылай әскерилерден тұратын тұрақты полиция қалыптаса бастады. Ежелгі Мысырда III Рамзес перғауынның басқаруы тұсында (Б.з.д. 1198-1166) қалалық қазынадан қаржыландырылған полиция органдары болды. Полиция күштері қоғамдық ғимараттарды күзетті. Полицейлік жағалаулық патруль Ніл өзенінің жағасында жұмылдырылды, себебі танымал тұрғындардың молаларындағы материалдық құндылықтарды күзету болды. Мемлекеттік қызмет (әскер соның ішінде полиция) жарқын беделге жетуге, байлық пен шенге жол ашты. Жазғыш лауазымы, яғни шенеунік болу көптеген қарапайым мысырлықтар үшін арманның шыңы болды. Орта патшалық кезеңіне жататын «Ахтой ілімдерінде» Ежелгі Мысырдың кәсіптерінің тікелей мәліметтері көрсетілген, олардың ішіндегі айтарлықтай беделдісі шенеунік жұмысы. Мысыр құлиеленуші мемлекет болды, сәйкесінше құлдың сипаттары да әртүрлі. Құлдардың ішінде әскери шерулерде қолға түскен қара нәсілділер мен Азиядан шыққандар да болды. Мысырлықтар құлдыққа ережеге сәйкес қарыздары үшін немесе қандай да бір қылмыстар мен теріс қылықтар жасағандығы үшін түсіп тұрды. Мысырда құлдар мен басқа да бағынышты халықтың жағдайы өте ауыр болды, сондықтан кей кездері толқулар тұтанып отырды, олардың біреуі «Ипсудың речениесінде» жазылған. Толқу б.з.д. 1700 жылдың шамасында болды. Көтерілісшілер қалаларды басып алып, қарызгерлердің тізімін жойып, сот істерін жағып, шенеуніктерді өлтірді. Сәйкесінше полиция органдары мен әскер

халық толқуларын басу үшін қолынан келгеннің бәрін жасады. Халық көтерілісі мен өзгеше ойлаушыларды басу аппараты әскер мен полициядан тұрды. Әскердің негізі кәсіби бөлімдерден тұрды, ал үлкен соғыстар үшін қолдар жиналды. Кейінірек, Жаңа патшалық дәуірінде әскерде шетелдіктер-жалдамалылар бөлімдері пайда бола бастады. Қоғамдық тәртіпті қорғаудан басқа полиция мен әскер қылмыскерлерді, қашқын құлдарды іздеумен айналысты. Ежелгі Мысырдағы қорымдар қабырғаларында құлдардың ізін иттермен аңдыған әскерилер бейнеленген. Полиция органдарының қызметтері әртүрлі болды. «Құпия полиция» перғауындарды, жоғарғы сановниктер мен абыздарды күзетті, мысырлықтар тек Мысыр құдайларына шоқынғандарын бақылады. Мысыр жағалауларын күзеткен жағалаулық сақшылар жеңіл атты әскерлерден тұрды. Шекараға жаудың жақындағанын олар оттың көмегімен хабар беріп отырды. Перғауын мен жоғарғы сановниктердің міндетті түрде оққағарлары болды, егер сановникті, әсіресе перғауынды өлтіру әрекеттері жасалса және оққағарлар оның өмірін сақтап қала алмаса барлық оққағарлар өлім жазасына кесілген. Оққағарлардың міндеттеріне, сонымен қатар перғауын жақындағанда барлық адамдарды бас идіру де жатқан, яғни перғауынға құдайға тектес сый-сияпат көрсетілген. Полицияның ең төменгі шегіне көбіне мысырға құлдыққа түскен нубиялық құлдар алынған, олар көбіне бас кесерлер мен құлдардың қарауылдары міндеттерін атқарды. Сонымен қатар, полиция мен әскерге пирамидалар мен шіркеулердің, ирригациялық құрылғылар мен жолдардың құрылысы үшін көптеген құлдарды жинау да тапсырылды. Ежелгі Мысырдың қылмыстық заңдарын орындау полицияға жүктелді, оның міндеттеріне санау мен өлшеу аясындағы жалған ақша жасаушылар мен алаяқтарды аңду, кісі өлтірушілер мен тонаушыларды тауып, «ант бұзғандықтары» үшін өлім жазасына кескен. Полиция тікелей перғауын тағайындаған судьяға немесе жергілікті жердегі ерекше шенеуніктерге бағынады. Ежелгі Мысырдың сот жүйесі тікелей перғауынға немесе перғауынның бірінші кеңесшісі – джатиге бағынған. Олар кез келген соттың кез келген шешімін қайта қарай алды, лауазымды тұлғаларға қарсы сот ісін қозғай алды. Полицияның арнайы мәртебесі болмады, полицияның функциясын жүзеге асыру үш ведомствоның қызметімен байланысты – әскери, қаржы және қоғамдық жұмыс. Мысырда өзіндік мәні бар түрмелер болды, олар қылмыскерлер мен арнайы жұмысқа тартылғандарды ұстайтын әкімшілік және шаруашылық қоныс кейпінде болды.

Афинада полиция басшылығы полистегі заңдарды орындау мен тәртіпті сақтауға уәкілетті архонттардың бірі – орталық магистраттың басшысының қолында болды. Архонттың көмекшісі болды – ассессорлар, олар халықтың көңіл-күйі мен қаланың жағдайын қарап отыруға міндеттенген. Ф. Энгельстің пайымдауынша Афина полициясы «атты және жаяу садақшылардан тұратын нағыз жандармериялар» деген. Әскермен және флотпен қоса олардың бағыныштылығында 365 мың құлдар мен 45 мың жартылай құқылы тұрғындар – шетелдіктер болды, ал Афинаның толық құқылы халқы 90 мың азаматтың шамасында. Полицияның міндеті «халықтың толқуларын басу, билікпен тыйым салынған құпия жиналыстарды табу, оларға қатысушылардың жолын кесу, ...».

Сонымен қатар, полицияға әйелдердің түр-тұлғасын қадағалау, тойлар мен басқа да көңіл көтеру орындарын қадағалау да жатты. Қылмыспен күресте афиналық полиция белсенді түрде он бірлер Коллегиясымен әріптестік жасады, олардың ісіне қарақшылар, қалта ұрылары мен басқа да қылмыстық әлемнің элементтері жатты. Афинада және басқа да грекияның мемлекеттерінде қылмыстың деңгейі жоғары болмады. Бұл афиналықтардың негізінен заң сақтаушы азматтар екендігімен түсіндіріледі. Мұнымен қылмыс мүлде болмады деп айта алмаймыз. Драконт заңдары және басқа да заңдар қылмыстың меншікке, тұлғаға және мемлекетке қарсы түрлерін ажырата білді. Геродот Сарды қаласының тираны Кандавлға қарсы қастандықты суреттейді. Кандавлдың Гигес атты оққағары тиранның әйелінің өтініштеріне алданып, тиранды өлтіріп, Кандавлдың орнына әйелі мен патшалығын алды. Мұндай істермен ережеге сәйкес қарапайым полицейлер емес, сол уақыттың «конюшенный» деп аталатын арнайы сақшылары айналысты, кейінгі мағынасы «head of stable» – қазіргі кең танымал «констебль» Афинаның өзінде полиция құлдардан қамтылды, оларды токсот деп атаған, себебі тәкаппар еркін афиналықтар үшін полиция қызметі ұятты болып есептелді. Кейінірек, Қара теңіздегі грекиялық қала-колонияларда полицейлердің ролінде көшпенді-скифтар да болды делінген.

Ежелгі Спарта мемлекеттік құрылысы жағынан аристократиялық республикаға теңелген, бірақ Спартаны қазіргі талаптармен қарасақ сөзсіз түрде әскери-полициялық мемлекет болар еді. Бұл 30 мың спартандықтардың оларға бағынышты 200 мың илоттардың қоршауында тұрғандығынан көрінеді. Илоттардың әрдайымғы көтеріліс қаупі, грекия полистеріндегі гегеионияға иемдену күресінен туатын сыртқы қауіп «спартандық өмір салтын» тудырды. Барлық ұлдарды балалық шағынан арнайы бөлімдерге жинады, ол жерде балалар өздерін әскери өнерді жетілдіруге арнаған. Спартандықтарды арнайы түрде шыдамдылық пен қатыгездікке тәрбиеледі. Жылына бір рет криптий уақытында жас спартандықтар қанжарлармен қаруланып, илоттарды аңдуға шыққан – бұл спартандықтарды икемділік пен батылдылыққа тәрбиелеген. Ережеге сәйкес өзінің жағдайына наразы болып байқалған илоттар өлтірілген. Жоғарғы әкімшілік-полицейлік билік эфорлар Коллегиясында болған. Дәл осы эфорлар илоттардың, периэктердің және шетелдіктердің ізіне түсуді ұйымдастырған. Ал эфорлардың қызметі қадағаланбаған.

Ежелгі Рим мемлекеті қазіргі күні қолданылып жүрген полицияның жекеленген институттар мен әдістердің жұмысын жасай білген. Рим полициясы Республика кезеңінде қалыптаса бастады (б.з.д. 5 - 2 ғғ.). Жоғарғы полицейлік билік бұл кезеңде консулдарға тиесілі болды, олар патрицийлер қатарынан сайланып, төтенше өкілеттіктерді иеленген. Мемлекеттік басқарумен қоса олар құлдардың көтерілістерін басқан және шеткі аймақтарда жазалау экспедицияларын жүргізген, халық толқуларынан бұзылған қоғамдық тәртіпті қалпына келтірген. Сонымен қатар, олардың жүргізуіне азаматтардың қылмыстық іздерін кесу, қамау мен тінтуге жазбаша рұқсат беру, басқа да репрессиялық әрекеттерге рұқсат беру жатқан. Кейбір полициялық функцияларды патрицийлер қатарынан сайланған цензорлар мен эдилдер де

атқарған. Цензорлар азаматтардың адамдық қасиеті мен қоғамдық тәртіпке қараған, халық санағын жүргізген, қоғамдық ғимараттарды басқарған, жолдардың қауіпсіздік жағдайын қараған, қоғамдық жұмыстарға жетекшілік жасаған.

Республика кезеңінде б.з.д. 388 ж. Рим қаласындағы қоғамдық тәртіпті жүзеге асыратын және астаналық полицияға басшылық жасайтын претор лауазымы енгізілді. Преторға сот тергеушілері мен эдилдер бағынған, олар қылмыс жасаған кінәлілер мен күдіктілерді тұтқындауға, сауда ережелерінің орындалуын бақылауға, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндеттенді. Қалалық полицияның негізін салушы римдік император Август, ол полицияны б.з.д. I ғасырда құрған. Б.з.д. I ғасырдың аяғында әскери түрде ұйымдастырылған 7 мың адамнан және сақшылар бастығынан тұратын вигилдер (полицейлер) корпусы ұйымдастырылды. Римнің өзінде полициялық тәртіптің жоғарғы билігін қала басшысы – префект жүзеге асырды, ол аймақтың қоғамдық тәртібін қорғауда кең өкілеттіктерді иемденді. Оның қарамағында қаланың аудандарында қауіпсіздік пен тәртіпке жауап беретін 14 полиция комиссарлары болды. Қала префектімен қоса Римде сақшы қызметі префекті, жаппай және спорттық ойындар префекті, қоғамдық жұмыс комиссары, қала көшелерін тазалаудың бас инспекторы және т.б. лауазымдар қалыптасты. Цезордың уақытында «тәртіптік полиция» құрылды, ол афиналық полиция секілді киімдер мен тойлардағы артық шығындарды тиюға арналған заңдардың сақталуына, жеңіл жүрісті әйелдерді бақылауды жүзеге асырған. Рим қаласы секторларға-трибтарға бөлінді, осымен олар полициялық зоналар болды. Сақшылар қаланы торуылдағанда балталармен және қысқа шоқпарлар бумасымен қаруланған, бұл биліктің белгісі. Яки, осындай шоқпартектермен азаматтардың заңға қарсы әрекеттерінің алдын алған. Қаланың сыртында тәртіпті әскери полиция жүзеге асырды, әскери полицияның міндетіне бұзақыларды тұтқындау мен күзету құқықтары берілген. Рим полициясының үлгісінде басқа қалалар мен шеткі аймақтарда да полициялар құрылды. Империяның соңында, Диоклетиан басқаруы уақытында (284-305 жж.) барлық полициялық құрамалар императорлық кеңсе бастығына бағынды. Осы кезеңде мемлекеттік қылмыстармен күресетін құпия полиция құрылды.

Құлиеленуші мемлекет қылмыскерлерді жазалау үшін әртүрлі әдістерді қолданды. Ежелгі шығыстық мемлекеттерде жазалау талион принципі бойынша жүргізілді, яғни «қанға қан». Бұл жайында Хаммурапи заңдарында, қытайлық заңдарда айтылады. Афинада, Римде және Үндістанда талион принципі қарастырылмады, бірақ жазалары одан кем болмады.

Құлиеленуші кезеңдегі жазаның негізгі түрлеріне түрме, жер аудару, тән жазалары, дене мүшелерін кесу, ұятты жазалар және өлім жазасы жатты.

Құлиеленуші мемлекеттерде қылмыс жасады деген күдіктілер мен кінәсін мойындаған қылмыскерлер шұңқырларда, жертөлелерде және т.б. ұсталды. Жарық көрмей, шынжырлаулы қалыпта олар көбіне сол қамауда өлген. Ол уақытта тәжірибелі түрде арнайы түрме мекемелері болмады, себебі істер үстірт шешіліп, қылмыскерді тез арада өлімге немесе ауыр жұмысқа жіберіп отырған. Мемлекеттен жер аудару негізінен Ежелгі Грецияда жүргізілді. Егер

қандай да бір жағдайлармен Афин азаматы остркизмге душар болса, ол 10 немесе одан да көп уақытқа қуғынға ұшырайды. Афинадағы өте ауыр жазалардың бірі атимия – азаматтық және саяси құқықтардан айыру.

Қоғамда тән жазалары кеңінен тараған, оларсыз қылмыскерлерді жазалау ақылға сыймайтын. Мысырдағы жар қабырғаларының бірінде бейнеленген тән жазалауы: жерге жалаңаш адам жатқызылып, біреуі оның қолынан, келесісі аяғынан ұстап, үшіншісі таяқпен соққылар жасауда. Тән жазаларын суреттеудің бірі Гомердің «Илиадасында» бейнеленген. Әскерлердің бірі Терсит ахейлік әскер басшысын қорлап, осы үшін Одиссеймен жазаланды. «Кешіктірілмей Терситтің жалаңаш арқасына темір шоқпармен соққылар жасалды, Терсит қатты жылауда, арқасында тілінген жаралар қалды ...» Ежелгі Үндістандық Ману Заңдары бойынша ұрылар ағаш таяқтармен немесе темір сымдармен жазаланды, әрбір үндіс шыбықпен немесе бамбук таяғымен өзінің әйелін, ұлдарын, үй күтушілерін, оқушылары мен кіші бауырларын жазалауға құқылы болды. Тән жазаларына көбіне жоғары лауазымды тұлғалар да ұшырап отырды. Мысалы, Плутархтың суреттеуінше Парсыда жазаға көбіне жоғары лауазымдылар ұшырап отырды деп көрсеткен. «Артаксеркс жазаға ұшыраған сановниктерге киім тауып берген бірінші парсы патшасы болды, жазадан кейін сановниктер патшаға оларды еске алғаны үшін жеке рахметтерін айту керек болды». Римде Цезарьдың тұсында қамшымен ұру жазасын мемлекеттен қуылу жазасымен ауыстыруға болды. Римдіктерде таяқпен немесе қамшымен соққылар жасау шектелмеді және судьялардың қарауына жатқызылды.

Құлиеленуші мемлекеттерде өлім жазалары қинаулармен жүргізілді және халықты қорқыту үшін қолданылды. Мысырда қазыққа отырғызу, өртеу, жырту жараларын салу қолданылған. Талион принципі кең тараған Вавилонда өлім жазасы жасаған қылмысы мен әрекетіне сәйкес жасалған. «Егер адам басқа адамның сәбиін ұрласа, онда оны өлтіреді». Өлім жазасын жүзеге асыруды қайтыс болғанның туыстарына берген деген де деректер бар. Қытайдағы Хань императорларының (б.з.д. 3 ғасыр) бірінің жарлығы ауыр қылмыс жасағанның үш ұрпағы жауапқа тартылсын делінген. Сонымен қоса, жарлық бойынша оларға ен салынып, кейін мұрындары мен аяқтары кесіліп; таяқпен соққыланып, бөлшектерге кесілген және т.б. Қинауларға толы өлім жазасына жасы мен жынысына қарамастан қылмыскердің барлық туыстары тартылған. Дәл осы Қытайда реформатор Шан-Ян адамдарды қаққа бөлуді ойлап тапқан. «Кім де кім қылмыскер жайында жеткізбесе қаққа бөлінеді». Ману Заңдары қарапайым жазаның түрлерімен қоса (қазыққа отырғызу, басын шабу) суға батыру да болған. Ману Заңында тән кесу жазалары жыныс мүшелерін, ішін, тілін, екі қолын, көзін, мұрнын, екі аяғын, құлағын және барлық денесін кесуге бөлінген. Бір қылмыс үшін бұл заңдар бойынша бірнеше жазалар тағайындалған. Ен салу қосымша жаза ретінде қолданылған. Ұрының мандайына иттің аяғының суреті күйдіріліп салынған. Грецияда судьялармен қолданылатын жазалаулар әртүрлі болды. Олардың ішінде төртке бөлу, ағаштармен және жануарлармен бөлу, аштан қатыру болды. Ең ізгі жазалардың бірі улап өлтіру, осылай философ Сократ өлтірілді. Ежелгі грек драматургы

Эсхил «Эвмениды» трагедиясында жазаның түрлерін көрсетеді: «Бұл шіркеу шыбықпен ұру орны. Көздерді шұқып, бас кесіп, тас лақтырып, төртке бөліп, кесіп, жыртып, қазыққа отырғызу». Ұятты жазалар кең қолданылды. Осылай кейбір грек полистерінде нәпсіқұмарға жүннен жасалған венлок таққан (ешкітектес сатирлерге ұқсатқан). Өлім жазасына кесілген Афиналық азаматтар өлім жазасын өздері таңдаған.

Римде танымал адамдар мен әскер-легионерлер өлімге кесілсе қылышпен орындалған, ал қарапайым адамдар өртелген, жерге көмілген, арбалармен тартылып бөлінген және т.б. Құлдарды крестерге қаққан, император Августтың достарының бірі тәртіп бұзған құлдарды мурен атты жабайы балықпен тамақтандырған. Римде өлім жазасын халық үшін көңіл көтеруге айналдырды. «Соқыр» гладиаторлық ұрыстарды еске алайық, қылмыскердің басына қап кигізіп, қолына қылыш беріп өзі секілді байғұспен шайқасуға шығарған. Римнің христиандықпен күресінің кезінде христиандарды жаппай өлім жазаларына кесті, оларды арыстанның талауына берді, өртеді және т.б. Рим империясының соңғы онжылдығында жазалауға бағытталған жазалау түрлері көбейе түсті. Кеніштерде ауыр жұмыстарға тарту кең қолданылды (сотталған бұл кезеңде мемлекеттің мәңгілік құлы болды). Жер аударудың кең түрі қолданылды: азаматтығынан айырып Римнен қуу, барлық құқықтарын шектеп аралға жер аудару, уақытша жер аудару. Жер аудару орнын өз бетімен тастап кеткен сотталған өлім жазасына кесілді. Қылмыстың кейбір түрлері бойынша тән жазалары қарастырылды, көбіне сотталғандардың мүліктері тәркіленді (мүліктің кейбір бөлігі ғана балаларында сақталды).

Ежелгі Римдегі императорлық кезеңнің қылмыстық құқығының мәні (әсіресе доминат кезеңінде) қылмыстық жауаптылықтың сословиелік принципі көрінеді. Алдындағы кезеңдердегі секілді құлдар аса қатты жазаланды. Жаңа репрессиялық әдістер де қолданылды. Б.з. 10 жылында қабылданған Сенатус – консультта қожайыны қайтыс болса оның қол астындағы барлық құлдар оның өмірін сақтап қалмағаны үшін өлімге кесілді. Жоғары сословиенің өкілдері (сенаторлар, әскерлер, декуриондар) ауыр жұмыс, міндетті жұмыс, сабау жазаларынан босатылып, жер аудару жазасына ғана тартылған. Ерте Империя кезінде уәкілетті тұлғалар өлім жазасына туыстарын өлтірсе ғана кесілген, ал доминат кезеңінде 4 жағдайда кесілген: кісі өлтіру, өрт қою, сиқыр және ұлы императорды қорласа. Осы кезеңде төменгі сословиенің тұлғалары өлім жазасына қылмыстың 31 түрі бойынша тартылған. Әскерлерге жазаның кейбір аясында жеңілдіктер берілген: олардың қылмыстары ауыр болса да асуға, кеніштерге айдауға тартылмаған. Көбіне жазаның түрі мен оның ауырлық деңгейі судьяларға байланысты болған, олардың императорлық кезеңдегі қылмыстық сот жүйесінің қайта құруларына байланысты кең өкілеттіктері болған. Классикалық кезеңдегі римдік қылмыстық құқықта заңдық техника саласында кейбір алға жылжулар байқалған (кінә түсінігі, қоса орындау және т.б. талданған), бірақ императорлардың салғырттығынан бұл жалпы және маңызды санаттар императорлық сот тәжірибесінде қолданылмаған. Дегенмен, бұлар Батыс Еуропаның орта ғасырлық құқығының дамуына өзіндік әсерін тигізді, бірақ корольдық билік римдік қылмыстық құқықтың санатынан ең

алдымен жазалау және репрессиялық түрлерін ғана алды.

Осыған сәйкес құлиеленуші мемлекеттегі жазалау органдарының қызметі туралы нақты қорытындылар жасауға болады. Ежелгі әлем полициясы өзінің даму деңгейі, құрылымы мен өкілеттік көлемі бойынша келесі жалпы сипаттарға ие:

біріншіден, ол құлиеленуші мемлекет бекіткен алғашқы мемлекетте ерекше тәртіпті қорғады;

екіншіден, полицияның басшылық лауазымдарынан басқа жұмыстар құлдардан жинақталды;

үшіншіден, жазалау халықты қорқыту үшін қолданылды.

2. Орта ғасырлардағы қылмыспен күрес жүйесінің дамуы

Феодалдық мемлекет рулық құрылыс бейнесінен азат етілді және полиция функциясын пұрсатты феодалдық топқа жүктей алатын қажетті моральдық бедел жинады. Ерте орта ғасырлар кезеңінде ірі феодал өз иелігінде өзіне қажетті тәртіпті орнатты, кішігірім феодалдарды вассалитет құқығы негізінде бағындырып, сот және есеп айырысуды өз қалауы бойынша жүргізді. Орта ғасырлық дәуір - адамзат тарихының айтарлықтай күнгірт парағы. Адам өмірі ол уақытта шамамен ештеңеге тұрмады. Қылмыстар - кісі өлтіру, ұрлық, қарақшылық Испаниямен шалғай жатқан Жапонияға дейін гүлдене бастады. Бұл қылмыстар ерекше қатігездікпен жасалатын, ал бұлардың жазалары да аса қатал болды. Бұл уақытта қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мен тұлға құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік органдар болмады деуге болады. Бұл функциялар қосалқы түрде басқа мемлекеттік органдармен орындалды (сот, әскер, князь жасақтары, феодалдардың өздері). Орта ғасырларда ережеге сәйкес қылмыстық және саяси қылмыстардың, діннен безгендер мен өзгеше ойлаушылардың айырмашылықтары бөлінбеді, олардың барлығы бірдей қудаланды, сол замандағы заңдарға сәйкес қатаң жазаланды. Феодализм кезеңіндегі құқықтық ескерткіштерден жазалау түрлерінің билік табы феодалдарға және бағынышты халыққа арналып бөлінгендігі айқын көрінеді. Қылмыстың көп құрамына сәйкес феодалдар жазаның айтарлықтай жеңіл түріне тартылатын немесе мүлде жазаға тартылмайтын. Бірақ нағыз қарақшылар дәл осы феодалдардың ішінен шыққан. Орта ғасырлық дәуірде қазіргі таңда қолданылатын алдын ала анықтау мен тергеудің алғашқы негіздері қалыптаса бастады. Орта ғасырда қарақшылар мен кісі өлтірушілердің ізін кесуде Ресей мен Англия ерекше табысқа жетті. Нағыз осы ортағасырларда қылмыскерлерді қоғамнан оқшаулау құралы ретінде түрлі мекемелер пайда болды.

Тән жазалары мен өлім жазалары аса қатгездігімен ерекшеленді, бұл әрекет көпшілік халықты қорқыту әдісі болды. Бірақ бұл қорқыту әдістері нәтиже бермеді. Нағыз қатал өлім жазалары қылмыскерлерді қажетті деңгейде сескендіре алмады. Қалта ұрылары эшофотта тонауын жалғастыра берді.

Тек қылмыстық жауаптылықтардан тыс ортағасырлық Еуропада

мемлекетке қарсы қылмыстар да көрсетілген: корольді және оның жақындарын балағаттау, астыртын әрекеттер жасау, шаруаның феодалды өлтіруі және басқалар. Сәйкесінше, мемлекетке қарсы шаруалардың көтерілістеріне Франциядағы Жакерияны, Англиядағы Уот Тейлор қозғалысы, Германиядағы XV ғасырдағы шаруалар соғысы, Чехиядағы «гуситтік» соғыстар, Ресейдегі Степан Разиннің басшылығымен болған шаруалар көтерілісін жатқызуға болады. Феодалдардың мемлекеті осылардың барлығын басуға тиімді әдістер мен жазалар қоюы керек болды. Бұл үшін біріншіден, заңнамалық база құру керек болды. Ортағасырлық құқықтағы көптеген ескерткіштер: Саксондық айна, Каролина, бейшаралар мен басқа да кедейлерді жазалау туралы Акт, Соборлық уложение, статуттар, ассиздер, ордонанстар және заңдар – осындай қылмыстарға қатыгездікпен төтеп берді. Екіншіден, негізгі міндеттері жазалау болатын мемлекеттік органдар құру болды.

Бұл процестің айтарлықтай толық дамуын Франция көрсетті, осыған байланысты әдебиетте оны «полиция басқармасының бесігі» деп атаған. Алғашқы полициялар Францияда VI-шы ғасырда пайда болды, мұнда бай Париждіктер өздерінің мүліктерін күзету үшін арнайы түнгі қарауылдарды жалдады. XII-ші ғасырда мұнда прево лауазымы қалыптасты, оған дәулеті шамалы дворяндар қатарынан корольдік офицерлер тағайындалды. Преволар әсекери және аздаған сот билігін иеленді, сонымен қатар округтегі қоғамдық тәртіпке жауап берді. Олар жергілікті полиция күштеріне жетекшілік етті, қылмыстардың ізін кесу және тергеумен айналысты, тұтқындау мен тінтулерді жүзеге асырды, қашқан шаруаларға қаумалауды ұйымдастырды. Король меншігінің ұлғаюына және биліктің орталықтануына байланысты полиция істерімен айналысатын шенеуніктер саны да өсті, осыған сәйкес XIV-ші ғасырда бальи мен сенешала лауазымдары пайда болды, олар уәкілетті прево ретінде әрекет етті. Жаппай халықтың феодалдармен тоналуымен және қылмыстың өсуіне байланысты превоға көмекке қылмыстық істер бойынша лейтенант бөлінді, ол құпия агенттердің жұмысына жетекшілік етті және округтің соттық жұмысына қатысты. Превоның және басқа да тәртіп сақшыларының өкілеттіктерін реттеу мақсатында XIII-ші ғасырда Францияда тарихтағы бірінші полициялық жарлық шығарылды.

XIV ғасырда әскерлермен басқарылған азаматтық полициялық қызметтер құрылды. Француз полициясы әскерилердің қолында болып, тез арада корольдік биліктің деспоттық қаруына айналды. Нәтижесінде, XVIII-ші ғасырда Францияда полиция инспекторының лауазымы соншалықты пайдалы болды, тіпті бұл лауазым құнды бағаға сатылды. Корольдік биліктің өзі бассыздық пен заңсыздықтарды мақұлдады. Мөрленген конверттегі тұтқындау туралы бұйрықтар - «Жабық хаттар» кең көлемде таратылды. Қол қойылған және мөрленген дайын ресми құжатты алғаннан кейін оның иесі өзіне жақпаған кез келген адамның тегін жазып, жаза тағайындай алды. Осындай бұйрықтың негізінде әрекет еткен полиция адамды белгісіз мерзімге түрмеге қамады. Келесі жағынан XVI-шы ғасырда «кешірім туралы хаттар» пайда болды, олар атақты және байларға беріліп, қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін соңына түсуден босатты. «Францияда күнделікті көретініміздей жазадан аман қалу

үшін дәулетті қылмыскер болу жеткілікті» - деп Марат ортағасырлық Франциядағы әділет жайында жазған. Франциядағы жазалау органының гүлденуі абсолюттік монархия кезіне тұспа-тұс келеді. Абслютизм толығымен XVII ғасырдың басында король 13 Людовикке қызмет еткен кардинал Ришельенің тұсында рәсімделді. Ришелье өзінің барлық күшін, беделін, монархияны күшейтуге жұмсады. Ришелье «мемлекет мүддесі-жоғары құндылық... Менің бірінші мақсатым-король айбыны, екіншісі-корольдің құдіреттілігі» деп жазды. Ол шаруалар көтерілістері мен қарапайым халықтың толқуларын басып отырды, сонымен қоса феодалдық магнаттардың қозғалыстарын шешіп отырды. Ришелье дуэльдерге тыйым салды, өйткені дворяндар корольдің қызметінде ғана қан төкті деп есептеді. Қазіргі зерттеушілердің пайымдауынша дәл осы кардиналдың тұсында (бұл бірінші министр лауазымында болды) саяси полиция пайда болды. Бұл құпия тыңшылардың, барлау мен қарсы барлаудың торабы болды, бұл қызметтер негізінен үкіметке қарсы наразы феодалдық магнаттарға, шетелдік державалар агенттерін анықтауға бағытталған. Қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазалауды жүзеге асыратын әділет органдары қажет болған жағдайда саяси қарсыластарға қарсы қару да болды. Тек, XVII ғасырдың аяғында, абсолюттік монархия дамуының сол кезеңі ағартушылық абслютизм атауын алды, жалпы полиция және саяси полицияның құрамдас бөлігі аппарат құрылды. Саяси полицияда әрдайым екі міндет бар: бастысы-халық толқуларын басу және жұдырығында ұстау, қосалқысы-билік құрушы таптың ортасынан үкіметтің қарсыластарын жаншу. Саяси полиция функцияларын жүзеге асыратын мекемелер бірнеше атаулармен қызмет атқарды.

Жазушы Буалонның сөзімен XVII ғасырдың 60 жылдарында Парижде шамамен жарты миллиондай тұрғын болды, кешкісін қаланы бірден ұрылар иеленді. Нағыз жабайы орман Парижбен салыстырғанда қауіпсіз орын болып есептелді. Полицияның ұлғайған күшінің басшысы превоның орнына 1667 жылы полиция генерал-лейтенанты посты құрылды.

XIV Людовик бұл лауазымға кең аристократия қоғамына бейтаныс, төменгі «мантия дворяндығынан» шыққан Николя де ля Рейниды тағайындады. Бұл әрекетті полиция бастығы үкіметішілік топтардың ешқайсысына жатпағанын және орталық билікті күшейту мақсатында жасады. Басқа деректер бойынша, де ля Рейни қазынаға 250 мың ливрдан тұратын үлкен көлемді сома төлеу арқылы лауазымды сатып алды делінген. Полиция генерал-лейтенантының негізгі міндеті Астанадағы қоғамдық тәртіпті сақтауға жауаптылық, Корольдің сот құрамында саяси істерді тергеу мен басқа да төтенше тапсырмаларды орындау үшін ерекше шенеулік комиссарлар бөлінді. Полицияның қылмыспен күресіне жетекші полиция генерал-лейтенантына бағынышты полиция интенданттары мен лейтенанттарына жетекшілік етті. Халық толқулары мен жаппай тәртіпсіздік уақытында полиция генерал-лейтенанты астанаға полицияның қосымша күштері мен әскер шақыруға құқылы болды.

Де ля Рейни лауазымына бірінші кіріскен уақытында ұрылар мен бандиттердің ортасына айналған шалғай жерлерге әскери соққы жасады. Дәл

осы тұлға притондарды құрықтап, қосымша полиция күштерін жинақтау нәтижесінде 400 жаяу және шамамен 150 атты полиция күштерін жинақтайды. Осы әскермен ол тездетіп шалғай жердегі кварталдарды қоршауға алды. Осымен француз тарихындағы алғашқы жаппай тосқауылдар басталды. Бұл кварталды қылмыскерлерден толық тазартты. Осы акцияның нәтижесінде де ля Рейни Парижді қылмыскерлерден құтқарушы деген атаққа ие болды. Бірақ негізгі жұмыс әлі де алда болатын. 1961 жылы ол «Жауап алу мен тұтқындау тәртібінің ережелері туралы» уложение, сонымен қатар, Полиция өкілеттігі туралы» актілер қабылдады. Трактирлер мен басқа да орындарда 22 сағаттан басталатын полициялық сағат бекітілді (бұл сәтсіз аяқталды). Полиция генерал-лейтенанты де ля Рейни қылмыстың барлық жерлерде болатынын түсінді, тіпті аулаларда да. Бұған дәлел Манвуазен ісі (сиқыр, ақсүйек әйелдердің күйеулерін улау, сәбилерді мерткітіру және т.б). Бұл іс бойынша 147 күдікті шықты, соның ішінде корольдің сүйіктілері де болды. Сонымен қоса, полицияның қызметінің әлі де болса басты нысанының бірі кедей халық қабатын қудалады. Мысалы, ол Парижден барлық сығандарды қаладан қуып, қайтып оралтпау бұйрығын берді. Осыдан кейін қайтадан қолға түскен сығандарды қамшымен сойып, қайтадан қаладан қуған. Егер олар осыдан кейін де қолға түссе оларды өртеген, денелі сыған-еркектерді кемелерге жіберген. Осындай істің дұрыстығына полиция бастығы күмәнданбаған. «Жауларға ешқандай күмән және ешқандай аяушылық жоқ», - деген тәж жауларына қарсы ұран болды. Осы қызметтері үшін XIV Людовик де ля Рейниді өмірлік мемлекеттің кеңесшісі етіп тағайындады. Бірақ, де ля Рейни мемлекеттің жоғары сановниктеріне қарсы қаралау материалдарын жинағаннан кейін оған қызметтен кетуді ұсынды. 1967 жылы ол өзінің лауазымын Маркиз д'Арженсонға 150 мың ливрға сатты.

«Жоғарғы полиция» өзінің барлық жетістіктеріне қарамастан ірі қылмыс ұйымдарының пайда болуына кедергі бола алмады. Бұған мысал 2 мың адамы бар Доминик Картуштың тобы. Біршама ақша мен құндылықтарды ұрлаған Картуш көптеген полицияларды, түрме әкімшілігі шенділерін, судьяларды, әскерлерді және жаралы топ мүшелерін емдейтін дәрігерлерді сатып алды және өздерінің агенттеріне айналдырды.

XVIII жүзжылдықтың басында Францияда шеткі аймақтар мен округтерде жергілікті полиция күштері болды, оларға жергілікті корольдық билікпен немесе уәкілетті органдармен тағайындалатын полиция интенданттары мен лейтенанттар басшылық жасады. Қоғамдық тәртіпті сақтаумен қоса олар округтің сот ісіне қатысты, кез келген істі өздерінің өндірісіне ала алды, бұдан әріне тәжірибеде бассыздық туды. Халықтың жаппай тәртіпсіздігін басу мақсатында атты полициядан сақшылар түріндегі әскерилендірілген полиция құрылды, бұл француз ұлттық жандермериясының болашақ үлгісі.

Еуропа тарихи көзқарастарына сәйкес, франция абсолютизмінің дамуы классикалық болып табылды. Ортағасырлық Францияның жазалаушы органдарының ұйымдастырылуы сол уақыттың басқа мемлекеттеріне үлгі болды. Әрине, Еуропа мемлекеттерінің әрқайсысына тән өзіндік белгілері бар, жазалау органдарының ұйымдастырылуы да ерекшеленеді. Еуропа жазалаушы

органдарының ортақ белгісі қызметтердің бірігуі болды. Ортағасырлық мекемелер бір уақытта қылмыстық және саяси полиция, барлау және қарсы барлау міндеттерін орындады, кейде сот өндірісін де орындады. Сонымен қатар, феодалдық кезеңнің тағы бір жалпы ұқсастығы бағынышты халықтың толық құқықсыздығы, инквизицияның тарап кеткендігі (Англияда инквизиция болған жоқ, бірақ тергеу инквизициялық тергеу ережелерін қолдану арқылы қинаулармен өтті), қинауларды қолдану полицияның және басқа органдардың қылмыспен күресуге әлі келмеді. Ортағасырлық Еуропада жергілікті полиция қоғамдық бастаулармен жүргізілді. Ешқандай мемлекетте орталықтанған полиция қызметі болмады, көбіне бұлар жергілікті басқарма шенділерінің шпиондық желілер мен сөз тасушылары болды. Англияда – бейбіт судьялар, ал Германияда – бургомистр. Әрине, тікелей полиция функциясын жүзеге асыратын органдар да болды, бірақ олар уақытша жұмыс жасады немесе полиция қызметімен қоса басқа топтасқан жұмыстарды қатар алып жүрді. Мысалы, осындай органның бірі Англияда 1487 жылы құрылған «Жұлдызды палата». «Жұлдызды палата» қылмыстың саяси істерді қарастырды (бүлік, заңсыз жиындар, жемқорлық, шерифтердің қызметін асыра пайдалану). Мұнда көрнекі мемлекет қайраткерлері жиын құрды: лорд-канцлер, лорд-қазынашы, корольдың соттық бас судьясы және басқалары. Бұл процесс инквизициялық сипат ұстанды, қинау қолдануға рұқсат берілді. «Жұлдызды палата» баспа шығарымдарына, шығармашылық туындыларға тексерістер жүргізді. Англия құқығы бұл кезеңде ерекше қатыгездігімен ерекшеленді: корольдік биліктің кедей халықты басып жаншуға бағытталған төтенше актілері «Қанды заңнама» деген атқа ие болды. VII Генрихтің, VI Эдуардтың және Елизаветаның статуттары мемлекеттің төрттен бір бөлігін құрайтын кедейлер мен кезбелерді жазалауға бағытталған. Мысалы, Лонданда қайыр сұрауға тыйым салынды, ал қала тұрғындарына садақа беруге тыйым салынды. Қайыршылардың кеуделеріне «V» (Vaga bonol) әріпі тағылды, қала көшелерінен қуылды. 1524 жылы Лондонда жергілікті билік кезбелерді қоршауға алды. Олар барлық мығым денелі кезбелерді арбаға байлап, дүре соғуды бұйырды. Кейін қайтпайтын кедейлерді құлағын кесу, таңба салу және дене мүшесін зақымдау секілді жазалар қолданды. Елизавета басқаруы кезеңінде оларға бүлікші деген жалған жала жабылып, асу жазасына тартылды. Англияда абсолютизм аяқталмаған сипатта болды. Король билігі әлсіз болды. Парламент өкілді орган мәнін сақтады, полиция ұйымының құрылымы қандай да бір айтуға өзгеріссіз қалды. Бірақ феодалдық тапты жойғаннан кейін жергілікті жерлерде корольдік полицейлік шенеуніктер – шерифтер, бейлифтер және констеблдер – бейбіт судьялармен қоса жергілікті жерлердегі қоғамдық тәртіпті қорғаудың негізгі күші болды. Жалпы құқық бойынша тәртіп бұзушыларды қууда олардың рөлі артты, бұған соттан алдын ала тергеудің бөлімдері әсер етті. XV ғасырдың басынан бастап ағылшындық полицейлер базарлық келісімдерді, тауарлардың бағаларын, көшеде жүру ережелерін қадағалап отырды. Осы кезеңдегі қоғамдық үйдің ашылуы полицияға жезөкшелерді сегрегациялау мен оларды қадағалауды жүзеге асыру міндеттері жүктелді. Англияда жергілікті жерлерде тәртіпті сақтау бейбіт судьяларға басшылық жасайтын графтықтың лорд-

лейтенантына тиесілі болды. Бейбіт судья таңдамалы болды және мемлекеттен жалақы алмады. Ол қылмыстық істер бойынша алдын-ал тергеулер жүргізіп, полициялық қызметті ұйымдастыруға міндеттенді. Констеблдер мен бейлифтер (полицейлер) адал халықтың арасынан бейбіт судьялармен тағайындалды. Уақыт өте келе бұл іспен ешкім айналысқысы келмеді. Азаматтардың өздерінің орнынан ақысын басқа біреулерді жалдады. Құны арзандарды да таңдауға болатын: мүгедектер, жартылай соқырлар, ұрылар да болды. Көптеген жағдайларда бейбіт судьялар паралар алып, қылмыскерлерді жасыруға тырысқан. Кәсіби сөз тасушылар мен «ұрылар ұстаушысы» деп аталатын детектив сымақтар пайда болды. Әркім «ұрылар ұстаушысы» болып, ұрыны, қылмыскерді ұстап, әділ соттың алдында айыптаушы ретінде шығуға құқылы болды. Егер қылмыскер сотталса – «ұстаушы» ақшалай сый алған, егер өлім жазасына кесілсе – мүлкінің жартысын алған. Сөз тасушы мен «ұстаушыны» қылмыскердің сыбайластары өлтіруі де мүмкін болды. Көбіне сөз тасушылар сый алу үшін жастарды әдейі қылмысқа итермеледі.

Орта ғасырларда Германияда биліктің көп бөлігіне өз жерлерінде толық билікті жүзеге асырған курфюрст-князьдердің қолында болды. Бұл жағдай мемлекеттің саяси орталықтануын тежеді, мемлекеттің жазалау органдарын аулақтандырды. Кейбір деректер бойынша империяға бөлінген барлық қоғамдар мен жерлерде полиция күштері болды, олардың басында курфюрсттар мен дворяндар ішінен императорлармен тағайындалатын арнайы офицерлер-шультхейстер мен басқа полиция шенеуніктері отырды. Бұдан басқа империялық және еркін қалаларда бюргерлерден тұратын өздерінің полициялары болды. Бұл кезеңде қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығы жиындарынан тұратын 1532 жылы шыққан Королина жинағы бізге белгілі. Орта ғасырлық германдық әділет органдары Бенедикт Карпцов немесе Яков Шпренгер («Мыстан балғасы» авторы) секілді атақты қайраткерлер жұмысынан қалыптасқан. Каролина жалпы қорқыту идеясымен құрылған. Каролинада қылмыстық істерді қараудың негізгі нысаны - инквизициялық процесс. «Қызметтік міндетіне сай» күнә судьямен мемлекет атынан тағайындалды. Тергеу судьяның бастамасымен жүргізілді және мерзімі шектелмеді. Күдіктіге жарақат салу құралдарын қолдану кең ауқым алды. Сот өндірісінің туралығы, ашықтығы құпия және жазбаша түрге ауысты. Королинада сот қарауының кеңдігі тек формальды түрде ғана шектелді. Судьялар өздерінің қалауы бойынша да бір немесе бірнеше қылмыстар бойынша жазалар қолдана алды, жергілікті дәстүрлерді де кеңінен қолданды. Барлық жазалау жүйесі жоғарыда аталып өткендей қорқыту саясатымен жасалған. Каролинада жазаның келесі негізгі түрлері мазмұндалған: өлім жазасы, тәнді кесу жазалары (тілді, құлақты кесу және т.б.), дене жарақаттары (қамшымен сабау); ұятты жазалар (құқықтан айыру, ұятты қадаға шынжырлап қою); қуу, түрмеге қамау, айыбын өтету және айыппұл төлету. Өлім жазасы тура белгіленген немесе біліктілік нысанында бірнеше қылмыстармен ауыстырылған (өртеу, төртке бөлу, дарға асу, әйелдер үшін суға батыру немесе тірідей көму). Дене және дене мүшесін зақымдау жазалары алдау мен тонау үшін тағайындалды. Түрмеге қамау, қудалау және ұятты жазалар көбіне

қосымша жаза ретінде қолданылды, бұларға тағы мүлікті тәркілеу, қызған темір басу жазалары да жатты. Сонымен қоса, «қасақана» және «ары қарай қылмысқа баратын» тұлғаларды белгісіз мерзімге түрмеге қамау қарастырылған.

Княздық абсолютизмнің дамуы фактілі түрде Германия империясын көптеген княздықтарға бөлді, оларда княздардың билігі орнады. Мемлекеттердің саны одан сайын өсті (олардың саны 300 астам болды). Княздық абсолютизмнен әлсіз герман буржуазиясының княздарын бағындыру көрінді. Әсіресе, герман мемлекеттерінің ішіндегі реакциялық саяси режимімен Пруссия мен Австрия ерекшеленді, онда қол астындағылардың өмірінен полиция мен шенеуніктердің басымдығы көрінді. 1768 жылғы Австрияның қылмыстық құқық жинағына (танымал аты Терезиана), 1794 жылғы пруссиялық земдік Уложение және басқа да актілерге сәйкес полиция күштерінің қадағалауына шаруашылық қызметтер, оның ішінде тауарларды дайындау, сату, жұмыс уақыты, өрт қауіпсіздігі қызметі, шаруалар тойындағы шөлмектердің саны, қалыңмал көлемі және басқалары кірді. Ресми регламенттен сәл ауытқығандар немесе ауытқығандар айыппұлға немесе одан да ауыр жазаларға тартылды. Берлинде құпия полиция 1742 жылы құрылды.

Киев князі Владимир билік құрған кезде (980-1014 жж) Русьте бұзақылық саны артып, қарақшылармен күрес жүргізу қиындық туғызды. Епископтардың ұсынысы бойынша бұзақылық үшін ақшалай құн төлеу де ауыр жазаға ауыстырылды.

Қарақшылардың ізін кесу жұмысын жекелеген әскерлердің көмегімен князь наместниктері белсенді ұйымдастырды. Қылмыс үшін қарақшының отбасы да жазаланды. Мысалы, бір қарақшы Переслав княгинясының күйеуі Никифорды тонады. Қылмыскер ізін суытты, бірақ жүргізілген тергеу нышандарының нәтижесінде оның түр-тұлғасы мен отбасының орналасқан жері анықталып, қиналды және мүлкі талан-таражға түсті. Әйтсе де, мұндай қатаң жазалар дінсіздерге қолданылды, егер олар кінәларын мойындап, христиан дінін қабылдаса, мұндай жағдайда барлық кінәларын құдай кешіреді деп түсіндірген. Жазалардың негізгі органы ретінде князь жасағы XVI ғасырға дейін жұмыс істеді. Әйтсе де, ірі қарақшылардың қолын жою үшін, мысалы новгородтық ушкуйниктерді жою үшін үлкен қол жинау қажет болды. Ұйымдасқан қылмыстық қауымдық ретінде Новгородтық вольница алғаш рет 1366 жылғы летописьтерде көрінеді. Князь Дмитрий Донской Новгородқа Волгадағы қарақшылардың шабуылдарына наразылығын білдірді. Бір жылдың ішінде новгородтық ушкуйлар (қарақшы қайықтар) Волгамен түсіп Ярославль, Кострома, Нижний Новгород, басқа да ауылдар мен селоларды тонап, татарларға үлкен нұқсан келтіріп, Алтын Орданың астанасы Сарай қаласын өртеумен қорқытты. Дмитрий Донской ушкуйниктердің соңынан бір жыл бойы қуып, түсінгені ең алдымен олардың ордасы Новгородтағы ұрыларды жою керектігін түсінді. Әскери экспедиция жүргізіліп, көптеген қарақшылар өлтірілді. Новгородтық басқарушылар ендігері қарақшыларды қолдамауға уәде берді. Русьтегі қылмыспен күрес бірегей емес және жүйелі түрде болмады. Орталықтанған із кесу мен қылмыспен күрес органдары IV Иван Грозный басқаруына дейін болмады. XVI ғасырдың ортасында Ресейдің мемлекеттік

және қоғамдық өмірінде ірі өзгерістер жүргізілді. Жаңа Судебник шықты, Земдік соборлар жұмыстарын бастады, өмірдің қоғамдық-саяси маңызды аяларында көлемді заңнамалық акциялар өткізілді. Заңнамалық негіздердің бекітілуін патша әскери, сыртқы саяси және ішкі мәселелерді жағымды орындадым деп түсінді. 1550 жылғы Судебник қылмыстық және саяси қылмыстардың шеңберін анықтады, олар үшін аса ауыр жазалар тағайындалды. Бұл құқыққа қарсы әрекеттер лауазымды тұлғаларға қарсы шығу, пара алу, жалға куәгер болу, лауазымды тұлғалардың қарақшылармен байланысы. 1555 жылдың басында заңдар жинағының ішіндегі губалық реформа атты алғашқы бабы шықты. Ол «өрескел» адамдардың ережесін анықтауды бекітті. Егер тінтуде қандай да бір адам «өрескел адам» деп танылса және «айғақ» табылса (яғни, қылмыс қаруы, оның кінәсінің айғағы) тінту қорытындысы бойынша кінәсін мойындамаса да кінәлі өлім жазасына кесіледі.

Бұл шаралар жеткіліксіз болды, айтар болсақ ескі Боярлық избаның орнына 1555 жылы Разбойничья изба енгізілді. Қарақшылық бұйрық бойынша қылмыскерлердің соңына садақшылар түсті. 1550 жылы құрылған Садақшылар әскері жаңа сапалы әскери құрылым болды. Атыс қаруы (пищали) мен салқын қарудан қаруланған садақшылар патшаның жеке күзетін құрады (кейінірек бұл әскер орыс әскерінің негізіне айналды). Садақшылар патшаны күзетулерімен қоса, мемлекет шекараларына қызмет етті, қарақшыларды жойды, соғыстарға қатысты, астанадағы және шеткі жолдарды күзетті.

XVI ғасырдың 60 жылдарының басында Ресей мемлекеті қалың дағдарыста болды. Иван Грозный реформалары тұйыққа тірелді. Ұзаққа созылған Ливондық соғыс ел экономикасын тығырыққа тіреді. Қарақшылар мен ұрылар ашық күннің ортасында адамдарды тонап, өлтірді. Иван Грозныйдың басқаруы мен саясаттың орталықтануының күшеюіне наразыланған боярлар пайда бола бастады. 1565 жылдың ақпанында патша опричнина құруын хабарлайды. Опричнина «опричь» – басқа деген сөзден шыққан. Иван Грозный өзінің басқаруына мемлекеттің барлық стратегиялық аудандарын, сауда қалалары мен Мәскеудің жартысын жеке басқаруына алды. Бұл жерлерден мәжбүрлі түрде княздарды, боярларды, дворяндар мен қарапайым адамдарды шығару қарастырылды. Патша өзінің күзеті үшін опричналық корпус жасады. Опричналық корпустың оққағарлар гвардиясына патша өзі таңдау жүргізді. Опричниктер мемлекет басшысына адал қызмет етуге, отбасы мен достарынан бас тартып патша Иван Грозныйға ғана қызмет ететіндері туралы ант берді. Қарапайым тілмен айтсақ опричнина саяси қарсыластармен, өзгеше ойлаушылармен және қарапайым халықпен күресу құралы болды. Террор басталды, тек боярлар мен княздарға ғана қарсы емес опричниктер кіретін барлық халықтарға қарсы бағытталды.

XVI ғасырдың аяғы – XVII ғасырдың басында Ресейдің басынан күңгіртті кезең өтті. Мемлекеттің ары қарайғы өмір сүру сұрағы туындаған бұл уақытта қылмыс, соттан тыс зорлық, адамгершіліктің құлауымен сипатталды. Осындай жағдайларда полиция функциясы орындалмады, өйткені оларды орындайтын лауазымды тұлғалар болмады. 1613 жылы Михаил Романовтың билікке келуінен мемлекетті басқарудың бұрынғы жүйесі – бұйрықтар қалпына

келтірілді. XVII ғасырдың басында қылмыстың жоғары билікті балағаттау және оны құлатуды көздейтін қатынастар белгілі болды. Мұндай қылмыстар сөз тасу жолдарымен ашылды. Тергеуді әскер басы жүргізді. Нәтижесі жедел түрде Мәскеуге хабарланды. XVII ғасырдың бірінші жартысындағы деректерде әскербасылардың күдіктілерден көзбе-көз немесе бетпе-бет жауап алғандары кездеседі, бұл мәліметтер осы уақыттың өзінде істердің құпия және ерекше тәртіппен қаралғанына дәлел болады.

XVIII ғасырдың басында I Петр тұсында еуропалық үлгімен қалыптасқан полиция пайда бола бастады. 1718 жылдың мамырында I Петр Петербургте генерал-полицмейстер лауазымын енгізу туралы жарлық шығарды. 1719 жылы желтоқсанда тура із-кесу туралы айтылатын құжат қабылданды. Бұл қашқын драгун, солдат және матростардың ізіне түсу үшін гарнизон бөлімше командирлеріне арналған нұсқаулық. Егер Еуропада полиция функциялары бөлінбесе, Ресейде аздап жалпы және саяси полиция органдары құрыла бастады. Алғаш рет Ресейде саяси із-кесумен Петр құрған Преображендік бұйрық айналысты, оны Ф.Ю. Ромодановский басқарды. Преображендік бұйрық бой көтерген садақшылар аяусыз жазалады, қорқынышты қанаулардан кейін 799 адам өлтірілді. Преображендік бұйрық тек патшаға ғана бағынды, сонымен қоса I Петр өзі де көбіне жауап алуларға қатысты.

1718 жылы жаңа жазлаушы орган – Құпия кеңсе пайда болды. Бұл орган құрылуының бастапқы мақсаты патша I Петрдің ұлы ханзада Алексейдің шетелге қашу ісін тергеу болды. Құпия кеңсе Преображендік бұйрық секілді саяси қылмыстар бойынша тергеу және сот істерін жүргізді, негізінен Петербург және оның округіндегі істерді талдады. Полиция алғашында әскерилендірілген ұйым ретінде құрылды, сондықтан полицияға қызметке әскери офицерлер қабылданды. Денсаулық жағдайына байланысты ұрыс далаларында соғысқа жарамсыз рекрут міндеттерін орындаған унтер-офицерлер мен жасы жеткен аға солдаттардан полицияның төменгі шенділері жинақталды. Көбінесе қандай да бір кейінге қалдыруға болмайтын міндеттерді орындағанда (мысалы, қауіпті қылмыскерлерді ұстағанда) полицияға көмекке әскерилер жіберіліп отырды.

XVIII ғасырда қылмыспен күрес кей жағдайларда өте қызық әдістермен жүзеге асырылады. Ресейдегі қылмыстық іс-кезудің негізін салушылардың бірі Иван Осипов Мәскеу қылмыстық әлемінде Ванька-Каин деген лақап ат иеленді. Кәсіби ұры аяқ астынан қылмыстық әлеммен қош айтысып, күнәларына өкініп, қылмыспен күреске және қылмысты ашуға өз көмегін ұсынды. Оның ұсынысы қабылданды және штаттық сөз (өсек) тасушы қызметіне енгізілді. Бұл әрекет оның құпия сөз тасуын білдірмеді. Оның қол астына Петр Донской деген іс-жүргізуші мен 14 жауынгерді берді. Ванька-Каин 2 жылдың ішінде жүздеген қылмыскер ұрыларды, алыпсатарларды, алаяқтарды және т.б. ұстады. Ол қылмыстық әлемнің табиғатын жақсы білді, сондықтан қылмыстарды ашудағы ақпараттарды тек қана қылмыскерлерден бейресми негіздермен алды. Ол кейбір ұрылармен келісімге келді, дайындалып жатқан қылмыскер адам мен қылмыскерлердің санын айтса бостандықта қалдырды, қылмыстық әлемдегі бәсекелестерін құртты, кішігірім ұрлықтарды жасауға рұқсат берді және т.б. Ол

ұрылар қордасында және басқа да орындарда көп болды. Оны білді, қорықты, сақтанды. Ол пара алды, кінәлілерді босатты, басқа да құқық бұзушылықтар жасады. Бастықтарының бұл жағдайдан хабардар екенін біліп, оларға ақшалай және басқалай мол сыйлықтар беріп отырды. Бірақ жұмысы айтарлықтай қайғылы аяқталды. Ванька-Каин 15 жасар қызды ұрлады, және онымен бірге тұрды деп айыпталды. Тергеуді генерал-полицмейстер Татищев жүргізді. Іс өте жанжалды болды, сондықтан Татищев императрица Елизаветаға баяндауға мәжбүр болды. Ванька-Каин азапты жұмысқа айдалды. Бұл ерекше адамның қызметі XIX жүзжылдықтың басындағы Париждік Сюртениң негізін салған Эжен Франсуа Видокқа ұқсас.

Ресейде жазаларды атқару жүйесі мемлекеттің ішкі саясатының бөлігі ретінде XVIII ғасырда қалыптаса бастады. 1649 жылғы Саборлық уложениюе сәйкес Алексей Михайловичтың патшалығы уақытында түрме жазалау құралы ретінде қолданыла бастады. Түрмеге қамау жазалары арнайы салынған ғимараттар мен шіркеулерде қалдырылды. 1785 жылдан бастап түмелерді ұстауды мемлекеттік қазына өз мойнына алды. XIX ғасырдың басынан бастап Ресейде ауыр жұмыстарға айдаулар басталды, негізінен Сібір мен Қиыр Шығыстың жеткізілуі қиын аудандарында болды.

XVIII ғасырдың аяғында ауыр жұмыстар кеніштік, қамалдық және зауыттық болып бөлінді. XIX ғасырдың аяғында қамалдық жұмыстар алынып тасталды, себебі қамалдар салу қажеттілігі керексіз болып қалды. Кеніштер де ауыр жұмысқа жіберілетіндерді қажетсінбеді, себебі зауыттар кісі өлтірушілер мен ұрыларға қарағанда мамандандырылған жұмысшыларды қажетсінді. Қатаң режимдегі ұстауларымен ауыр жағдайлардағы түрмелер пайда болды, сотталғандарды мерзімі аяқталғаннан кейін Сібірге қонысқа, Сахалинге аралды меңгеруге жіберді. Еркектердің ол жерлерде шашының жартысын тақырлап алып тастады. Осы уақытта артель («общак» тектес) түсінігі қалыптасты, артельге қарайтын және оның сомасын бақылап отыратын (ақша, тамақ, киім және т.б.) белсенді сайланды. Сотталғанның тәртібі жақсарғаны байқалса ол острогқа көшірілді (қоныс колониясы тектес), сотталған ол жерде үй салып, отбасын құруға және басқаларға мүмкіндік алды. XX ғасырдың басында острогтың және түрмелердің аксүйектері болып түрмелік «Ивандар» танылды – олар ұры ісіне адал болып, бірнеше мәрте түрмеде отырулары керек болды. «Ивандар» – түрме әлемінің билеушілері, басшылық олардың ойларымен санасып отырды. Осы уақыттағы каторга, түрме және острог қарапайым өмірге сіңісіп кеткендігі сонша, бостандыққа шыққандардың осы өмір үлгісін сақтауынан көрінеді. Түрмелер мен каторгалардағы қарауылдар адал болмады және қатыгез болды. Сонымен қоса, қарауылдардың жалақысы 480 рубльді құрап, белгілі бір мерзімнен кейін үштен бірге ұлғайды. Салыстырма үшін: мектеп мұғалімінің жалақысы айына 215 рубльді құрады. Түрмелер жоғарыда айтылғандай асыра толғандығымен байқалды, XIX ғасырдың аяғында Ресейде 895 түрме болып, онда 100 мыңнан астам сотталғандар ұсталды.

Феодалдық кезеңнің өмір сүруі уақытында мемлекет үшін маңызды рөлді шіркеу алды. Ол адамдардың ойлары мен әрекеттеріне кең көлемде экономикалық, саяси және идиологиялық құралдармен әсер етіп отырды, діни

көзқарастарды жан-жақты қорғады, феодалдық құрылысты жақтады, шіркеу догматтарынан адасқандармен, еретиктермен күрес жүргізді. Еретиктермен күрес тәжірибеде жалпы өзгеше ойлаушылармен күреске айналып кетті, бұл күрестегі маңызды орынды инквизиция алды. «Инквизиция» термині католик шіркеуінің ерекше (қасиетті) трибуналының қызметі. Бұл трибуналдар Батыс Еуропада XII-XIV ғасырларда пайда болып, тек XIX ғасырда ғана жойылды. Инквизиция өзінің барлық тарихында ересь пен еретиктерді жоюмен болды. Инквизицияның негізін салушы папа III Иннокентий (1198-1216 жж.). 1229 жылы папа IX Григорий еретиктерге қарсы діни және инквизициялық соттар енгізді. 1230 жылы бұл соттар монах – доминикандықтар орденіне берілді. Монахтар ақ киім киіп, жалаң аяқтарына ілмек аяқ киімдер киген. Орденнің белгісі шырақты отты тістеген ит. Доминикандықтар өздерін «Құдайдың иттері» және «Христос сақшылары» деп атаған. 1250 жылдары папа IV Иннокентий қинауларды қолдануға санкция береді және өзгеше ойлаушыларға қарсы айғақ бергендерге жасырын құқығы берілді. Инквизиторлар өздерінің атауларын мақтан тұтты, бұған дәлел ретінде «сенім актісі» - аутодофеде ашық түрде өлім жазасына кесілді. XIII ғасырдың аяғында Еуропа инквизициялық трибуналдар жүйесімен торланды.

Инквизицияның жоғарғы басшысы болып Рим папасы танылды. Инквизициялық трибунал төтенше сот ретінде цензура мен қадағалауға жатпады. Инквизиция аппаратындағы маңызды шенділер прокурор, дәрігер және баскесер болды. Прокурор – инквизиция монахтарының бірі – айыптаушының рөлінде болды. Дәрігер кінәлінің қинаулар үстінде өліп кетпеуін қадағалап отырды. Дәрігер толығымен инквизицияға бағынды және баскесердің көмекшісі болды, оның жұмысы тергеудің нәтижелеріне әсер етті. Баскесердің рөлі айтпасада түсінікті.

Сонымен қатар, басшылық аппаратта қосалқы лауазымдар болды, олар инквизицияның туысқандары – құпия сөз тасушылар, түрмешілер және басқа да персоналдардан тұрды. «Туысқандар» құрамында аутодофеге қатысатын құрметті ақсүйектер мен азаматтар да кірді. Бұл құрметті ақсүйектер мен азаматтардың міндеттеріне сотталғандарды қинаудың алдында кінәсін мойындап, тәубесіне келуге үгіттеу жатты. Олар инквизиция құрбанын от алаңына жетектеп, от жағуға көмектесіп, ағаш лақтырып тұрды. Мұндай дәреже тек аса құрметтілерге ғана берілген.

XIV ғасырдың басынан бастап инквизиция жоғарғы мемлекеттік орган болып есептелді, оған барлық діни және мемлекеттік биліктегілер бағынуға міндетті болды. Діннен безгендерді жою үшін ең алдымен оларды тау қажет болды. Уақыт өте келе инквизиторлар мен олардың әріптестері із-кесу амалдарымен машықтанып, шіркеудің жауларын ашуға қажетті тәжірибелер жинады. Іздеу әдістері, жедел және жансыздар ұстау жұмыстары, тергеу іс-шаралары инквизиторларға қажетті тәжірибелері бар екенін көрсетті. Әдетте тергеу ісінің бастамасы болып сөз тасу немесе іс қозғаушының үшінші тұлғаға қарсы көрсетулерінен басталады. Инквизитор осындай құжаттардың бірінің негізінде куәгерлерден жауап алу арқылы алдын ала тергеуді бастаған, бұл алдын ала кінә тағуға септігін тигізген. Ол тағы да күдіктінің қызметі туралы

қосымша ақпараттар жинады, басқа инквизициялық трибуналдарға қосымша айғақтарды жинау үшін ақпараттар жолдады. Кейін барлық жиналған материалдар квалификаторларға жіберілді, ол жерде күдіктінің өзгеше ойлайтынды бар ма жоқ па екендігі шешілді. Айыпталушыны инквизицияның құпия түмесіне қамады, онда айыпталушы сыртқы әлемнен толық оқшаулықта ұсталды. Айыпталушыларды ұстау шаралары өте ауыр болды. Сөз тасу (соның ішінде өзін өзі айыптау) инквизиторлар үшін басты айғақтың дәлелі болды. Инквизиция әр айыпталушыны кінәлі деп тапқанымен, таққан кінәлерін дәлелдеуге міндетті болды. Ал мұндай дәлелдер үшін айғақтар қажет болды. Оларды инквизиция үшін сөз тасушылар мен жалған куәгерлерден басқа инквизиция қызметіндегі құпия жансыздары да болды. Айыпталушы үшін оған қарсы әйелінің, балаларының, бауырларының, әкесінің, шешесінің және басқа да туыскандарының, үй күтушілерінің айғақтары жиналды. Бірақ, бұлардың айғақтары айыпталушы үшін қажет аз болды. Барлық куәгерлер мәні бойынша айыптаудың куәгерлері болды. Тергеу үшін ешқандай мерзімдер көрсетілмеді. Инквизиторлар қалауы бойынша айыпталушыны соттың үкімі шыққанша түрмеде бір жыл, екі жыл, он жыл, тіпті өмір бойы ұстай алды. Инквизиторлар үшін айыпталушының түрмеде ұсталуы өзінің қаражатынан төленгендігімен көмегін тигізіп отырды. Әрине егер айыпталушы инквизиторлардың қызығушылығын оятпаса немесе түрмеде болу уақытын төлейтін қаражаты болмаса оның өмірі тез арада шешілетін.

Инквизиция процедурасының келесі кезеңі айыпталушыдан жауап алу, негізгі мақсат кінәсін мойындап, өзгеше ойлаудан бас тарттыру. Инквизитор алдын ала айыпталушының өмірбаянымен танысып, оны жазаға тартқызу үшін өмірінің осал жерлерін іздестірген. Жауап алуды жүргізе білу, яғни айыпталушының кінәсін мойындата білу инквизитордың басты құндылығы болып есептелді. Тергеу уақытында айыпталушы инквизиция түрмесінде ұсталды. Айыпталушының қажетті жауаптарды беруі үшін онымен камераға арнайы дайындалған адамдарды отырғызды. Егер бұл нәтиже бермесе осы мақсатта оның әйелі мен балалары да қолданылды. Қорқытып, бопсалаулардан кейін өтініштер басталды. Айыпталушыны түрмеден шығарып, таза және ыңғайлы бөлмеге орналастырды. Ол жерде айыпталушыны тамақтандырып, қажетті мейірімділік танытты. Бұл айыпталушының шешімділігі әлсіреп, үміт пен үгіттің арасында қалды. Инквизиторларда өздерінің құрбандарының еріктерін сындыратын бұдан басқа да айлалары көп болатын. Осы көптеген әрекеттер өздерінің нәтижелерін беріп отырды, инквизицияның көптеген құрбандары өздерінің де өзгенің де ойдан шыққан қылмыстарын мойындауға мәжбүр болды. Егер инквизиторлар айыпталушыны өтінішпен, алдаумен, арамдықпен мойындата алмаса зорлыққа, қинауларға барған. Қинауларды қолдану талабы инквизитор мен епископтың бірлескен қаулысымен жасалды. Әйтседе әр айыпталушыны қинай бермеді, айғақтар айыптауға жеткілікті болса қинаулардың қажеттілігі болмады. Сонымен қоса, регламент айыпталушы кінәсін мойындаса қинауларға барудың қажеттілігі жоқтығын көрсетеді. Қинаулар жайында айтатын болсақ қинау айыпталушының жарақаттануы немесе буындары жараланса қинаулар дереу тоқтатылған. Барлық қинаулармен

жасалған жауап алуда міндетті түрде дәрігер болған. Қинаулар бір рет өткізілген. Инквизиция регламенті бойынша қинаудың үш түрі ғана өткізілген – жіппен, сумен, отпен. Олардың ауырлығы біріншісінен соңғысына дейін жалғасқан, сондықтан қинауларды бірден үшіншіден бастауға болмайды. Егер айыпталушы бірінші қинаудың өзінде кінәсін мойындаса қалғандарын қолдануының қажеттілігі болмады. Барлық қинаулардың түрлерін бір күннің ішінде қолдануға тыйым салынды.

Тергеу процедурасының мәрелік кезеңі үкім шығару. Егер қылмыс күрделі болса, үкімді орындау келесі жариялылық аутодофеге дейін шегіндірілді. Қарапайым қылмыстар сот әрекетінен кейін бірден заңды күшіне енді. Инквизицияның үкімдері ережеге сәйкес қаталдығымен және қатыгездігімен ерекшеленді. Инквизиция трибуналы қандай жазаларға тартқызды? Бірінші кезеңде епитимьялар — «жеңілінен» «абырой түсіретінге дейін», кейін түрмеге қамау, қарапайым және қатаң, галераларға, әйтеуір шіркеуден айырып сотталғанды отқа өртеу үшін билікке береді. Көбіне бұл жазалар сотталғандардың мүліктерін тәркілеумен жалғастырылған. Трибунал үкімі нақты болып есептелді және шағымдануға жатпады.

Инквизиция өзінің өмір сүруінің жүз жылдығында мемлекетпен тығыз байланып алды және орта ғасырлардағы Батыс Еуропадағы негізгі жазалаушы орган болып табылды. Инквизиция нақты және жақсы тергеу мен сот үрдісін, жедел жұмыс машықтанулары мен агентуралық жұмысты, құжаттармен жүйеленген жұмыс пен түрмелік жүйені қалыптастырды. Әлемнің қай жерінде болмасын инквизицияның қызметі болған жерлерде жұмыстары бірегей түрде жүргізілді. Ұйымдастырылу үрдісінің үлгісі тек қана 13-жүзжылдыққа тән емес. Инквизиция болмаған елдер қылмыспен күрес үшін «инквизициялық үрдісті» алғаны бекерден емес – қинауларды қолданатын құпия процесс. XVIII ғасырдың аяғына дейін Еуропаның көптеген бөліктерінде инквизициялық сот өндірістері барлық айыпталушылар үшін қарапайым іс болып көрінді. Судьяның көзінде айыпталушы заңнан тыс адам болып есептелді, тек оның бойынан қулықпен мойындауды алу қажет болды.

IV-VIII ежелгі қазақ қоғамында - XIX ғғ. Бірінші жартысында құқық қорғау функциялары басқарушы хандар мен сұлтандарға, билерге, ру үлкендері – ақсақалдарға жүктелген, олар тергеулерді жүргізіп, адат нормалары бойынша өздерінің үкімдерін шығарған. Төлеңгіттер – хандар мен сұлтандардың жеке гвардиясы, жоғарғылардың жарлықтарының орындалуын қатаң қадағалаған, заңды бұзғандарды қатаң жазалаған. Батырлар, сонымен қоса сарбаздар өздерінің халқын жаулаушылардан қорғап қана қоймай, тәртіпті қорғауды, қылмыс әрекеттерін болдырмауды жүзеге асыратын полицияның функцияларын да атқарған.

Қазақтың қарапайым құқығында мынадай түсініктер қалыптасқан жаман іс, жаман қылық, кінә немесе жаза.

Қылмыс болып барлық моральдық және материалдық келеңсіздіктер есептелді. Қандай да бір теріс қылық егер жапа шегуші сотқа арызданбаса немесе берген арызын қайтып алса қылмыс болып есептелмеген.

Кластық қоғамда қарапайым құқықтағы қылмыстардан басқа Қазақстанда

көшпелі өмір мен дәстүрге сәйкес себептер де болды. Оларға әрдайымғы қақтығыстар, жайылымдық, суат, құдық, қыстау даулары, қалыңдыққа қалың мал төлеу, әмеңгерлік дәстүрін орындауға қатысты даулар, қанды және т.б. жатты.

Қылмыстың түрлері:

1. Тұлғаға қарсы – кісі өлтіру, ауыр тән жарақаттарын салу, күйеуге шыққан әйелді немесе құда түсілген қызды зорлау.

2. Дінге қарсы – құдайға тіл тигізу, антты бұзу, басқа дінді қабылдау.

3. Меншікке қарсы – заңсыз барымта – малды айдап әкету, толық ауылдарды тонау, мүлікті тонау.

4. Отбасылық қылмыстар – құда түсілген өзгенің қалыңдығын ұрлау, құда түсілмеген қызды келісімінсіз ұрлау, нәпсіқұмарлық (әсіресе әйелінің тарапынан), балалардың ата-аналарға немқұрайлы қарауы, әкесінің енші құқығынан айыруы.

Қазақтың қарапайым құқығы қылмыс түрлерінің келесі белгілерін бөліп көрсеткен:

- абайсызда - қателік;

- әрекетке қабілетсіз тұлғалардың жасаған қылмыстар – оқиға, бұның жауапкершілігін оның туысқандары тартқан.

- қасақана жасалған – жаман ой немесе қастық жауапкершілікті күшейткен;

- егер қылмыс аффект күйінде жасалса жауапкершілік жеңілдетілген.

Қазақтың қарапайым құқығы қылмысты қоса жасағандардың деңгейін бөлмеген. Басты айыпты - күнәһар, азғырушы, көмекші бірдей жауапкершілікке тартылған.

2-ТАҚЫРЫП. ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ ЖАЗАЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Жоспар:

1. Еуропа мен Ресейдің қылмыспен күрес органдарының тарихы
2. АҚШ-тағы қылмыспен күрес жүйесі

1. Еуропа мен Ресейдің қылмыспен күрес органдарының тарихы

Жаңа замандағы Батыс Еуропа жазалау органдарының тарихын аталмыш кезеңнің мемлекет және құқықтың құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажет. Буржуазиялық революция өткен алғашқы мемлекет Нидерланды деп есептеу керек. Бұл жерде революция нақты халықтық-азаттық сипатты иеленді. Буржуазиялық қоғам дамуының классикалық мысалын XVII ғасырдағы Англия революциясынан басталғанын көреміз. Капиталист феодалмен салыстырғанда еркін жұмысшы ұстайды. Жалдамалы жұмысшыны экономикалық әдістермен 14-16 сағат немқұрайлы ақы үшін жұмыс жасату оңайға соғатын. Капитализмдегі экономикалық бастандықтың белгісі жеке меншік. Өз кезегінде экономикалық бостандық адамның саяси, әлеуметтік және жеке бостандықтарының іргетасы болды. Өздерінің билігін қорғау мен жүзеге асыру үшін буржуазиялық қоғамның жоғары үстем тап өкілдері толық жүйені қалыптастырды: мемлекет, қоғамдық ұйымдар, саяси партиялар.

Басқа барлық институттардан капиталистік мемлекет тұрақты әскерімен, кәсіби полициясымен, түрмесімен, жандармериясымен, барлауымен және қарсы барлауымен ерекшеленеді. Олар буржуазияның билік құрушы табына шындық күш береді және мемлекет пен меншіктің қорғауында болады.

XVIII ғасыр бойы 1789 жылғы Француз революциясына дейін Франция полициясында ешқандай шешуші өзгерістер мен реформалар болған жоқ. Әлі де Ришелье тұсында құрылған полиция аппараты ешқандай тәжірибелік өзгеріссіз қызметін жалғастырды. XVIII ғасырдың екінші жартысында париждік полицияның ішінде 5 бөлімшесі тұрып, мемлекеттің барлық территориясында өкілеттіліктерге ие қылмыстарды тергеумен айналысатын арнайы қауіпсіздік бюросы құрылды. Бірінші генерал-лейтенанттың ізбасарлары өздерінің қызметтерін саяси полиция жұмысын жетілдіруге арнады, ол бірінші кезекте маңызды адамдардың жеке өмірлері бойынша ақпараттар жинаумен айналысты. Генерал-лейтенант Эро билік құрған шамамен 1725 жылы, әсіресе Ренэ Беррье қызметі жылдарында (1745-1757 жж) француздың полиция деңгейі қарапайым ізкесу деңгейіне дейін түсіп кетті. Буржуазияның жариялаған адам және азамат құқықтарының Декларациясы (1789), сол уақытқа тән «бостандық, теңдік, бауырластық» ұрандары, буржуазиялық заңдылық принциптері және т.б. шектеулі сипатты иеленді. Декларацияда былай делінген «...ешкім заңнан тыс айыпталмайды, қамалмайды және қамауға алынбайды. Кімде кім өздігінен бұйрық шығарса, оны орындаса

немесе орындауға бұйрық берсе жауапқа тартылады» (7-бап). Бірақ 1791 жылғы конституция (5-тараудың 3-бабы) әкімшіліктің (соның ішінде полицияның) соттың алдында тұлғаның құқықтарын бұзғандығы үшін жауапкершіліктен босатылды. Конституция полицияның тұтқындаулары мен қамауларына қадағалауды қоймады. Полиция, осыған сәйкес Ришелье кезеңіндегі секілді азаматтардың жеке бостандықтарына, тұрғын үйлеріне, жазба хаттарына мүмкіндіктері мол болды. Революция кезеңінің өзінде қоғамның қажетсіз элементтерін қудалауға кең мүмкіндіктер беретін заңдар қабылданды. Мұның мысалы 1791 жылы қабылданған Ле Шапелье заңының мәні кәсіби одақтарға тыйым салынып, ұйымдастырушылар полицияға берілген, сонымен қатар полицияны митингілер мен жиналыстарды қудалауға бағыттаған заңдар қабылданды. 1792 жылғы 10 тамыздағы төңкерістен кейін жаңа революциялық үкімет полицияны екі комитеттің басшылығына берді – қоғамдық құтқару Комитеті мен қоғамдық қауіпсіздік Комитеті, екеуі аса маңызды сұрақтар бойынша бірлесіп ұйымдастырылған. Жергілікті жерлерде полицияның функциялары және басқа да функциялар комиссарлармен қадағаланды (департаменттерде) және ұлттық агенттіктерде Конвентте (аймақтар мен кантондарда). Якобиндік диктатура кезеңінде, Революцияның соншалықты қайнауы кезеңінде полиция контрреволюционерлермен күресте маңызды рөлді иеленді. Осы уақытта полицияны толық басқару қоғамдық қауіпсіздік Комитетінің қолында шоғырланды. Комитет абықтыдан босатуға бұйрықтар беріп, түрмеден босатуға құқылы болды. Оның тікелей қарамағында париждің полициясы болды. Ол полицияның комиссарларын тағайындай алды және Ұлттық Гвардиядан мемлекеттегі тәртіпті сақтап тұру үшін әскери күштерді қолдана алды. Бұл кезеңде заң көбіне революциялық санаға сәйкес келді, ал полиция қызметі якобиншілердің саяси қарсыластарын тауып, «халық сотына» беру жатты.

Бірінші империя кезеңінде полиция қызметі соншалықты дамып, оның аппараты жетілдірілді. Наполеон кең және көлемді дамыған полиция жүйесін құрды, оның негізіне бюрократиялық орталықтандырылудың негізі салынды. Полицияны басқару полиция министрі мен ішкі істер министрінің арасында бөлінді, олар толық түрде бөлінбеген. Полиция министрлігі Наполеон тұсында мемлекеттің қуатты полициялық орталығы болды. Наполеон тұсында полиция министрі болып Жозеф Фуше тағайындалды. Министр болуы тұсында ол француздық полицияны таратып жіберді. Ол жүргізген полициялық тәртіптер өзгеріссіз Париждік Коммунаға дейін жетті, ал жұмысының кейбір түрлері осы күнге дейін жетті. Фушенің жансыздары мемлекеттің түпкір-түпкірінде, қоғамның барлық саласында болған. Фуше агентурасын ұстау үшін қомақты сомаларды құмар ойындар мен жезөкшеліктерге салған арнайы салықтардан төленді. Француздық полиция Фушеға кейбір жаңашылдықтар үшін, құпия полицияның қызметі үшін қарыздар. Осы жаңалықтардың бірі картотекалық есеп жүйесін енгізу, мұның ішінде полиция белгілі болған күдікті топтар мен тұлғалардың қашу орындары мен кездесу орындары енгізілді. Осы деректерді басшылыққа ала отырып, полиция өзінің акцияларын жүргізді. Мұндай картотеканы жасау төтенше ауыр болып есептелді, себебі фотосурет пен

доктилоскопия әлі ойлап табылмаған, сәйкесінше қылмыскердің деректерінде сөздік анықтамалар мен лақап атынан басқа ештеңе болмады.

Ол уақыттағы барлық полицияның құрылымы:

- мемлекеттік (басты немесе құпия) полиция.
- жалпы (муниципалды) полиция, олардың міндеттеріне қоғамдық тәртіпті сақтау мен әкімшілік міндеттермен қоса қылмыспен күрес те кірді.
- жандармерия, әскери үлгіде құрылған.

XIX ғасырдың басында Парижде және ірі қалаларда криминогендік жағдай өте ауыр болды. Революция кезеңіндегі үйсіз және өмір сүруге мүмкіндіксіз қалған көпшілік халық қылмыстық элементтердің қатарын толықтырды. Көптеген қала аудандары мен қауіпті ғимараттарға полицейлер күндіздің өзінде кіруге жүрексінді. Қылмыстық әлеммен күресу үшін тез арада жаңа тиімді нысандар қабылдау қажет болды. 1810 жылы Эжен Франсуа Видок Сюрте қылмыстық полициясын құрды және сол уақытқа сәйкес қылмыспен жаңа әдістер бойынша күресті. Видок 35 жасына дейін бірнеше кәсіп ауыстырды, бірнеше мәрте абақтыға қамалып, түрмеде болды, қылмыстық әлемнің белсенділерімен отырды, каторгада болып, үш рет ол жерден қашты. 1799 жылы Видок Парижде киім сатушы болды, бірақ оның бұрынғы серіктестері ұрылар мен қарақшылар билікке ұстап беретіндерін айтып бопсалады. Бопсаланушыларды жек көріп, ол өзінің өміріндегі ең шешуші қадам жасады: Париж полициясының префектурасына барып, қылмыстық әлемдегі жылдар бойы жинақталған беделін қылмыспен күресуге жұмсауды ұсынды. Рұқсат берілді, Видок «Қылмыскерді тек қылмыскер ғана ұстай алады» деген принцип ұстанып, қызметкерлердің штатын қалыптастырды. Сюрте қызметкерлерінің барлығы бұрынғы қылмыскерлер, құпия қордан жалақы алды және қатаң тәртіпке бағынды. Бір жылдың ішінде ғана Видок 12 қызметкерімен 812 кісі өлтіруші, ұры, қарақшыларды соттап, судьялар мен полиция инспекторлары жақындай алмаған притондарды жапты. Жалған қызметкер болу, притондарға кіру, өтірік тұтқындау, Сюрте қызметкерлерін өтірік түрмеге отырғызу, тапсырманы орындағаннан кейін қызметкерлердің өтірік өлуі – бұлардың барлығы қылмыстық әлем туралы ақпараттардың ағылып келуіне жол ашты.

1818 жылы Сюрте (Қауіпсіздік бригадасы) қауіпсіздік кеңсесіне ауысты. Франция криминалды полициясы 1823 жылы мойындалды, штаты кеңейтілді, оның жұмыс тәжірибесі Францияның ірі қалаларына алынды. 1827 жылы полицияның жаңа префекті тағайындалғаннан кейін Видок басшылық тарапынан түртпектеулердің нәтижесінде отставкаға кетуге мәжбүр болды. 1830 жылы Францияда шілде революциясы болды. Бұл қиын кезеңде Видокқа қайтадан Сюртені басқару ұсынылды. Бұл қызметте ол 1832 жылы Сюрте мен муниципалды полицияны біріктіргенге дейін болды. Соңғы отставкасынан кейін Видок «Сауда саласындағы тергеу бюросы» деп аталатын жеке детективтік бюросын құрды. Ұйымның міндеті – кәсіпкерлерді алаяқтардан қорғау. Видоктың түпкілікті кетуінің нәтижесінде оның қауіпсіздік Бригадасы негізгі реформаға ұшырады. Бұрынғы қылмыскерлердің барлығы жұмыстан шығарылды. Полиция реформасы туралы декреттің екі бабы: «Соттылығы бар

қандай да тұлға полиция қызметіне жіберілмейді» деп баяндалған. Сюрте қауіпсіздік қызметі жаңа тапсырма алып, штаты бірнеше жүз инспекторларға ұлғайды. Әйтседе, Видокпен ұсынылғын жұмыс әдістері өзгермеді. Қылмыскерлерді белсенді түрде өздеріне қаратты, олардың алдарына Сюртеге жұмыс жасау немесе ұзақ мерзім алу қойылды. Өздерінің агенттерін түрмеге отырғызды (оларды «барабан» деген), олар камерадағылардың сенімдеріне кіріп, айламен ақпараттар алып отырған. Инспекторлардың өздері түрмелерге жиі барып, Видок секілді сотталғандарды шеңбермен айналдыра жүргізіп, тұлғаларды фотографиялық есте сақтау қасиеттерін дамытты. Мұндай «шеру» сотталған қылмыскерлерді танудың көп таралған әдісі, ал кейде басқа қылмыстары үшін іздеуде жүргендер танылды.

Наполеон құрған полиция жүйесі Бірінші империя уақытындағы барлық саяси режимдерден өтті және негізінен еш өзгеріссіз қалды. Бурбондар оны толық сақтап қалды. 1848 жылғы революцияда буржуазия полициялық құқықты қамалдық ереже туралы заң қабылдау арқылы одан әрі кеңейтті. Қамалдық ереже жағдайының болмауы кезеңіндегі қамалдық ереже революциялық күшті немесе революциялық күштен тұратын қауіппен күресетін құрал болды. XIX ғасырдың екінші жартысында Франция полициясы Еуропадағы ең мықтылардың бірі болды. 1880 жылдан бастап Францияда қылмыскерлерді идентификациялаудың жаңа принципалды жүйесі – «бертильонаж» құрылғанда Француз полициясының тәжірибесін Еуропалық мемлекеттердің барлығы қолдана бастады.

Буржуазиялық революциядан кейін полиция қызметінде қағидалы түрде өзгерістер болған жоқ. Бұл уақытта «Алтын палата» сынды ескі феодалдық жазалау органдары жойылды, бірақ қылмыстық заңнама бұрынғы орта ғасырлық қатыгездік типінде қалды. 1679 жылы қабылданған Habeas corpus act (тұлға құқықтарына кепілдік туралы акт) азаматтарды заңсыз тұтқындаулардан қорғауды көздеді, бірақ шындығында мемлекеттің жазалау саясаты еш қадағалаусыз және жүйесіз болды. XVII-XVIII ғасырларда қоғамдық тәртіпті қорғау функциялары бейбіт судьялар мен констеблдерге жүктелді. 1715 жылы қабылданған қоғамдық тәртіпті қорғау туралы Заң полицияға жиналыстар мен митингілерді қууға мүмкіндік берді. XVIII ғасырдың басында арнайы қарауылдық полиция құрылды, оның қарауына із-кесу әрекеттері жатты. 1739 жылы «қоғамдық полиция соттары» құрылды. Полицейлік соттар Лондонның бірнеше аудандарында құрылды. Олардың ішіндегі айтарлықтай маңыздысы Боу-стриттағы сот. Бірінші жетекшісі Томас де Вейл, ол полицейлік сот өндірісі мен тергеу ұйымдастырылуын біріктіргісі келді. Бірақ оның тергеу бөлімін құру ойы іске аспады, себебі ешкім аталған іс-шараны қаржыландырғысы келмеді. Боу-стриттағы соттың келесі жетекшісі болып Генри Филдинг тағайындалды, сол кезеңнің атақты жазушысы және ақыны. Ол үкіметке ұйымдасқан қылмыспен күрестің мақсаттылығын түсіндіре білді. Филдингке он бес қызметкеріне (констеблдер болды) жалақы төлеу үшін Құпия қызметтің қорынан қаражат бөлінді. Қызметкерлер қызыл түсті жейде тектес униформалар киіп, оның астында тапаншалар жасырды. Фильдинг сотының ғимараты Боу-стритте болғандықтан, оның қызметкерлерін боу-стрит-

раннерлер деп атады. Филдинг өзінің із кесушілеріне аптасына бір гинееден төлеп отырды. Осы кезеңде кез келген азамат күніне бір гинееге раннерды жалдай алды. Раннерлердің әдістері негізінен жедел жұмыспен байланысты болды. Олардың қызметтеріне киімдерін ауыстыру, притондар мен түрмелерге бару, қылмыскерлердің арасында жансыздарды бопсалау, күдіктілерді бақылау және т.б. Көбіне із-кесушілер қандай да бір ұрлық пен тонауды ашу үшін өздері заң бұзушылыққа барды. Фильдинг қызметінің тиімділігі раннерлер қылмыскерлермен күрестегі жалғыз құрал болғаны ғана емес, сонымен қоса бұрын ұсталған қылмыскерлерге жасалған көлемді картотекалардың жасалуында болды. Сонымен қатар, барлық Англиядағы полициялық соттармен ақпараттар алмастырып, газеттерде қылмыскерлер туралы мағлұматтар жариялауында болды. Боу-стрит-раннерлердің қызметіндегі тоқыраудан қашу мүмкін болмады, себебі олардың саны ешқашан он бес адамнан аспаған, ал Лондон тектес ірі қала үшін бұл өте аз.

XIX ғасырдың басында Лондонда және оның сырт жақтарында криминогенді жағдай қадағалаудан шығып кетті. Қалада толық кварталдар қылмыстың есебінен өмір сүрді. Астанада әр 822 тұрғынға бір қылмыскерден болды. Бұл статистика бойынша жалпы мемлекетте қылмыстылықтың деңгейі өскенін көрсетті. Егер, 1805 жылы қылмыстар үшін тұтқындаулар саны 4605-ті құраса, онда 1825 жылы олардың саны 14437-ні құрады. Бұл жағдайды Британияның айтарлықтай қатал қылмыстық заңдары дұрыстай алмады. 1810 жылдан 1826 жылдар арасындағы зерттеулерге сәйкес Лондонда және оған тиісті жатқан Мидльсекс графत्वосында 2755 адам өлім жазасына кесілген. 1829 жылы ішкі істер министрі Роберт Пильдың ұсынысы бойынша Лондон полициясын құру туралы заң қабылдады (Метрополия полициясы туралы акт). Бірінші полициялар азаматтық тұлғалар ретінде көгілдір түсті фраки мен қара цилиндрмен киінген. Олардың басты міндеті көшелердегі тәртіпті қорғау. Дәл осы жылы Лондондық полицияның екі бірінші комиссары Мэйн мен Рауэн Уайтхол қамалына қосылған ескі ғимараттың бөлмелерін өз бюроларына алды. Кейін Лондондық полиция Шотландиялық корольдік отбасы келгенде тоқтайтын тағы бір ғимаратты алды. Осы жерден «Скотланд-Ярд» (Шотландық аула) деген атау шықты. Скотланд-Ярд детективтік агенттік, кейін оған британияның барлық полиция жүйесінің жетекшілігі жүктелді, ол 1842 жылы құрылды. Лондондық полиция ішкі істер министрлігінің тікелей қарамағында болды. Скотланд-Ярдың бастығын және екі орынбасарын ішкі істер министрінің ұсынуы бойынша король тағайындады. Бұл орган кез келген қылмыстық істі тергей алды, мемлекетте тұратын шетелдіктерге бейресми бақылау жүргізді, жергілікті полиция құрылымдарына көмек көрсетті.

1842 жылы құрылған арнайы із-кесу бөлімшесі 1878 жылы қылмыстық тергеу бөлімі болып қайта құрылды, тергеу іс-шараларымен айналысты. 1883 жылы ұлт-азаттық қозғалыстармен және оппозициялық саяси күштермен күресетін Ерекше бөлім құрылды. XIX ғасырдың аяғында мемлекеттің астанасында Ұлыбритания полицейлерінің үштен бірі қызмет етті. Лондондық және 1874 жылы құрылған Ирландиялық корольдік полициялар әскери рухпен сусындалған болды, себебі мамандарды таңдау мен ішкі құрылысы әскерден

көшіріліп алған, сонымен қоса полицияда бұрынғы әскерилер көптеп болды.

Теориялық түрде Ұлыбританияның жергілікті полиция күштері автономды болды, фактілі түрде ішкі істер министрінің әсерлі қадағалауында болды. Оның бастамасымен 1817 жылы жергілікті жерлерде полициялық құрылымдар құру туралы заң қабылданады. Тоқсандық сессияның соты және арнайы бірлескен графтық кеңесінің теңдей өкілдерінен графтықтың бас констеблін тағайындады. Соңғысы қажетті штатты өзі жинады. Қалаларда полицияның бастығы муниципалитеттің мүшелерімен сайланды. Атап өтері, графтықтың немесе қаланың бас констеблі лауазымына бұрынғы әскерилерді тағайындауға тырысқан.

Ішкі істер министрлігі мемлекеттің барлық полицейлік құрылымдарына орындауға міндетті ведомстволық ережелер мен нұсқаулықтар шығарды. Ол олардың инспекциялық құқығын қолданды және жергілікті полицияның ұсталуына бөлінетін қазынашының сомалық қаражатын анықтады. 1829 жылға дейін қоғамдық тәртіпті қорғаудың шендері констеблдер деп аталды. Роберт Пиль полицейлік қызметтің толық қайта құруын жүргізді. Оның ойынша полицей констеблге қарағанда өзінің міндеттерін орындауға барлық уақытын беру керек деп есептеген. Полиция формальды түрде мемлекеттік және сот органдарынан бөлектенген, оның халықпен қарым-қатынасы континенталды Еуропамен салыстырғанда сондай күрделі болмады. Теория бойынша полиция күштері қалың бұқараға қызмет етеді, сондай-ақ басқалар секілді заңның алдында жауапты және француздық республикалық қауіпсіздік бөлімдері немесе итальяндық карабинерлер секілді жекеленген бөлімдері жоқ.

Лондондық полиция құрылымдық қатынасы бойынша бөлімдерге бөлінген, оның ішінде ең маңыздылары қылмыстық тергеу және күзет бөлімдері болды. Скотланд-Ярдқа қылмыстық істердің барлық салалары бойынша із-кесу және тергеу іс шараларын жүргізу, жергілікті полиция органдарына көмек көрсету, шетелдіктердің мемлекетке кіруін қадағалау және т.б. жатқан.

Скотланд-Ярдтың бірінші детективтерінің жалақысы боу-стрит-раннерлерге қарағанда жоғарырақ болды, бұл жемқорлыққа қызығушылықты азайтқан. Әліде Лондонның кез келген тұрғыны жеке тәртіпте өзінің ісі бойынша детективті жалдай алды. Мұндай мүмкіндік ағылшын қоғамына полицияның азаматтарды аңдиды дегеніне түсініктеме беретін. Бұл күмән детективтердің қылмыскерлермен күресін одан әрі күрделендірді. Мұндай шектеулердің барлығы қылмыскерлерге үлкен көмегін көрсеткен. Детективтер қолындағы дәйекті айғақтармен ешкімді ұстауға мүмкіндік болмады. Оларға күдіктілерді айғақ беруге мәжбүрлеуге тыйым салынды. Барлық күдіктілердің әр берген жауабы өзіне қарсы қолданылуы мүмкін екенін алдын-ала ескерту міндетті болды. Сәйкесінше ағылшын детективтерінің қызметі Францияның Сюрте қызметіне қарағанда тиімділігі аз болды. Қоғамның сенімсіздігі, бұқаралық ақпарат құралдарының шабуылдары, үкімет тарапының немқұрайлығы, жұмыстағы басқа да келеңсіздіктер Скотланд-Ярд жұмысын тығырыққа тіреді.

1878 жылы Скотланд-Ярдта КИД (Criminal Investigation Department) атты

қылмыстық-тергеу бөлімі құрылды. КИД бастығы қылмыстық істер бойынша тергеудің директоры деп аталды. КИД құрамында сегіз жүзден астам қызметкер болды. КИД қызметіндегі алғашқы маңызды қадам қылмыскерлерді бақылауды ұйымдастыру болды. Сюрте үлгісінде, бірақ одан кең көлемде «Қылмыскерлер альбомын» жасау үшін фотосуреттер жинау басталды. Отыз детектив аптасына үш рет Холлуэй түмесіне барып тексерістер жүргізді, себеп жаңадан келген сотталғандардың ішінен таныс тұлғаларды іздеген. Бұл тәжірибе баяу болса да өзінің жемістерін әкеле бастады. Қаланың қауіпті аймақтарында қызметкерлерде дәстүрлі түрде атыс қаруы болмаса да патрульдік қызметтері күшейтілді. Көлемді жетістіктерге қарамастан Скотланд-Ярд әлі де аз бағаланды. Мұны тек бір мысалмен түсіндіруге болады. Скотланд-Ярдтың із-кесу бөлімінің бастығы Вилльямсон Скотланд-Ярдтың зейнеткеріне ұқсайтын зейнеткерден сұрағын сұрағы: «Біз сізбен таныспыз ба? Сіз бізде жұмыс істедіңіз ба?», алынған жауап: «Құдай сақтасын, мен әлі соншалықты төменге түскен жоқпын!». (Тағы да Скотленд-Ярдтың келеңсіздіктерін еске алсақ болады: 1888 жылғы Джек Потрошитель, Адольф Бек істері, 1886 жылғы бірқатар істер).

XIX ғасырдың аяғында Скотланд-Ярдтың өкілеттігінде қылмыстық істер бойынша тергеу және із-кесу ғана болмады. Оның міндетіне сонымен бірге, саяси қарсыластармен күрес те жатты. Осы мақсатта 1884 жылы ерекше бөлім құрылды. Бұл із-кесу бөлімінің аясында жұмыс істеп, Арнайы қызмет деп аталды.

1829 жылдың өзінде Роберт Пиль британдық полиция қызметінің принциптерін ұсынды:

1. Полицияның негізгі мақсаты қылмыстар мен тәртіпсіздіктердің алдын алу, әскери күштерді қолдануға жол бермей заң бойынша жазаға тарту.

2. Полиция қызметінің тиімділігі мен оның беделі халықтың қолдауында болады.

3. Жариялық беделді жинау үшін халық өз еркімен жалпыға бірдей заңдарды сақтауды жүзеге асыру.

4. Халық тарапынан сенімділік артады егер полиция міндеттерін орындауда дене күштерін қолданбаса.

5 Полиция жариялық беделді қоғамдық ойларға жағып жинамайды, беделін заңның аясында кез келген азаматқа ұлтына, жынысына, шығу тегіне, лауазымына қарамастан көмек көрсетуімен, азаматтарға көмек көрсетуде өзінің өмірін аямай кіріссе жинайды.

6. Полиция дене күшін көлемді тәртіптерді сақтауда, егер басқа тәсілдер әрекет етпесе (кеңес, көндіру, ескерту), қажет болған жағдайларда ғана қолдануы керек. Дене күші тек қажетті минималды деңгейде ғана қолданылуы керек.

7. Полиция әрқашан халықпен қарым-қатынаста болуы керек; ол барлық қоғамның ынтымақсаттығы үшін жалақы алатын халықтың бір бөлігі.

8. Полиция қызметі қылмыс пен тәртіпсіздіктің жоқтығымен бағаланады.

XIX ғасырдың аяғында Скотланд-Ярдқа күрделі бәсекелестік көрсеткен жеке детективтік агенттіктер болды. Сонымен қоса, Ұлыбритания полициясы

байыппен азаматтардың беделін жаулап ала бастады, оған дәлел полицияның қайта қарулануы мен бірқатар шулы істерді ашу болды.

Ресей ішкі істер министрлігі император І Александрдың 1802 жылы 8 қыркүйектегі «Министерство құру туралы» жарлығының негізінде құрылды. Ішкі істер министрлігінде Ресейдің маңызды ведомствосы деген атақ бекітілді. І Александр осы уақытқа дейін жазалау органы болып келген – Құпия экспедицияны жою туралы жарлық шығарды. 1810 жылы Мемлекеттік кеңес ұйымдастырылғаннан кейін реформатор М.М. Сперанскийдің ұсынысы бойынша арнайы полиция Министрлігі (ІМ бөлініп шықты) құрылды. Жаңа ведомствоның міндеттеріне қылмыспен күрестен басқа келесілер кірді: әскерге рекруттарды жинау, мемлекеттің азық-түлік қорын күзету, кедендік бақылау, сотталғандарды қадағалау және еңбекке тарту, ақпарат алмасу жолдарының қауіпсіздігі мен дұрыстығын қамтамасыз ету, шетелдіктерді ашық және құпия бақылау, цензура. Ғалымдардың деректерінше ХІХ ғасырдың бірінші жартысында қатарынан үш полиция жұмыс жасады: 1. ІМ құрамында. 2. Полиция Министрлігі. 3. Граф Аракчеев жанында.

Олардың әрқайсысының өздерінің әдістері, агенттері, жансыздары болғанымен атқаратын қызметтері ұқсас. Бұл органдардың қызметін қайта құру үшін 1819 жылы полиция Министрлігін жойып, оның функцияларын ІМ қайтарып берді.

ІМ қызметіндегі елеулі пункт 1825 жылғы 14 желтоқсан. Мемлекет қауіпсіздігін қорғайтын барлық қызметтер желтоқсаншылардың бопсалауының бар екендігін бақыламай қалды. І Николайдың генерал-адъютанты А.Х. Бенкендорф жаңа саяси полиция құру туралы жобасынан: «10 жылдан астам уақыт дайындалып, 14 желтоқсанда өткен түсініксіз қауіп біздің полицияның келеңсіздігін дәлелдейді, жаңа тез арада қызмет жасай алатын полиция билігін құру керек».

1826 жылы маусымда Ұлы Мәртебелі Император қарамағындағы кеңседе жаңа үшінші бөлім – саяси полиция органы құрылды (оның атқарушы құрылымы жандармерия болды). Жандармдар жетекшісі және Үшінші бөлімшенің бастығы болып Александр Христофорович Бенкендорф тағайындалды.

Үшінші бөлімше «Жоғарғы полиция» органы болып жарияланды. Бұл оның қызметінің аясына мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету сұрақтары кіретінін көрсетті: діни секталар мен алауыздықтар туралы, үкіметке қарсы ұйымдар туралы ақпараттар жинау, шетелдіктерді аңду, жалған ақша жасаушылармен күрес, шенеуніктер бюрократиясымен күрес, цензура. Үшінші бөлімшенің функциясына императорға «барлық оқиғалар туралы» және «полицияға жататын істер туралы» ведомстар жасап, жеткізу кірді. Соңғысы, сонымен қоса жергілікті әкімшілікке бағынбайтын жандармдық офицерлер Үшінші бөлімшеге олардың жұмыстарында барлық келеңсіздіктерді жеткізіп отырды, бұл ІМ мен Үшінші бөлімше арасында күрделі жағдайды тудырды. Бұл органдардың қатар жұмыс жасауы бәсекелестік тудырды, екі ведомствода императорға бір-бірінің қателіктері мен кемшіліктерін әрдайым баяндап отырды. 30 жылдардан бастап Үшінші бөлімшенің қолында шетелдік

агентуралық жұмыс шоғырландырылды. Жоғарыда айтылғандармен қоса Үшінші бөлімшенің карауында цензура, баспа құралдарын қадағалау, астана мен жергілікті жерлердегі шенеуніктерді бақылау және т.б. болды. Сол кезеңнің дарындылары саналған ақын, жазушы, қоғам қайраткерлерінің соңына түсу ол кезең үшін үйреншікті іс болды. 1820-жылдардың аяғында шеткі аймақтардағы қалалардың істерін бақылау туралы бейресми тәжірибе қабылданды. Осы мақсатта қалаға құпиялы түрде азаматтық киіммен жандармдық офицер келіп, жергілікті шенеуніктер туралы, олардың өздерінің міндеттерін орындаулары туралы, қаланың жағдайы туралы және т.б. ақпараттар жинады. Кейін баянат Үшінші бөлімше бастығына жеткізілді, егер деректердің мазмұны сорақы болатын болса соңғысы императорға қажетті шешім қабылдау үшін баяндап отырған. Бұл арам пиғылдарды ашуға жұмсалған офицерлердің қызметінің жеміс бергені соншалықты, құпия бақылау жүргізілді деген сыбыс естіген жергілікті бастықтардың бойына қорқыныш үйірілген. Н.В. Гогольдың «Ревизор» комедиясының сюжеті осы Үшінші бөлімше аппаратындағы жандармдардың үрейлететін қорқыныштарын суреттейді.

Осы уақытта ІІМ жалпы сұрақтармен айналыса отыра, ерекше тапсырмалар туралы шенеуніктер деп аталатын штат құрып үлгерді, олар құпия іс-жүргізулер, бейресми тексерістерді саралау, полиция шенеуніктерінің және басқа лауазымды тұлғалардың қызметтерін асыра пайдалану құжаттарын тіркеді. ІІМ 1860 жылдардағы шаруалар реформасы мен басқа да реформалардың дайындалуы мен өткізілуіне тікелей қатысты.

Жергілікті полицияның ұйымдастырылуында, қызметтерінде, өкілеттіктері мен штаттарында ХІХ ғасыр бойы ешқандай өзгерістер байқалмады. ХІХ ғасырдың бірінші жартысында ауыр қылмыстар өте сирек болатын. Кадрлық құрамды бекіту үшін 1838 жылы полицияның унтер-офицерлеріне (сержанттарға) бірінші кластық шенді алу үшін емтихан тапсыруға рұқсат берілді, яғни ол 14 класстық шенеунік бола алды – бұл тән жазаларынан босатты және жалақысын 2 есеге өсірді. Емтихан тапсырушының білуге міндеттілері христиандық мораль нормалары, сауатты оқу және жазу, есеп шығару, кварталдық бақылаушы нұсқаулығын білу, қызметтік хат алмасу ережесін білу, «полициядан қашқан адамдарды іздеу тәртібі», «алғашқы тергеу әрекеттерінің ережелері». Полицияның беделін көтеру мақсатында полицияның офицерлік лауазымдарына Ресейдің ең үздік заң оқу орындары мен құқықтану Училищесінің түлектері шақырылды.

ІІМ дамуының жаңа кезеңі 1880 жыл. 1870 жылдың аяғында мемлекет саяси тоқырау мен азаттық күрестерінің күшеюін басынан кешті. Үшінші бөлімше мен ІІМ саяси терроризм толқындарына мүлдем дайын болмай шықты. 1878 жылы Үшінші бөлімшенің бастығы Н.В. Мезенцев өлтірілді. 1880 жылы террорист Степан Халтурин Қысқы сарайда жарылыс ұйымдастырды. Террористтер ІІ Александр мен басқа да маңызды мемлекеттік қызметкерлерге шабуылдарын бастады. Үшінші бөлімше міндеттері ІІМ атқарушы полиция департаментіне берілді, кейін мемлекеттік полиция Департаменті деп қайта аталды. 1880 жылғы қайта құрудан кейін ІІМ мемлекет механизміндегі басты рөлді иеленді. Бірақ бұл шаралар империяны қиыншылықтардан құтқара

алмады. 1881 жылы наурызда «Народная воля» атты террористік ұйым император II Александрды өлтірді. Ресей ІІМ өршіп келе жатқан революциялық қозғалысқа тосқауыл қоюға мәжбүрлі болды. 1881 жылы 14 тамызда ІІМ басымдылығымен «Мемлекеттік қауіпсіздікті және қоғамдық тұрақтылықты қорғау шаралары туралы Ереже» қабылданды. Ол министрге мемлекеттің кез келген жерінде төтенше күзет қою шараларын берді, бұл полицияның құқығын кеңейтті. Соның ішінде полиция «мемлекеттік тәртіп пен қоғамдық тұрақтылыққа қауіп тигізеді» деген кез келген тұлғаны әкімшілік тәртіпте аластай алды. «Ереже...» 1917 жылға дейін үзіліссіз әрекет етті.

ІІМ құрылымындағы функциялар қауіпсіздік полициясы және ынтымақтастық полициясы болып бөлінді. Басты міндеттер қылмыспен күрес, құқықтық тәртіпті қорғау және мемлекет функциясының айтарлықтай бөлігін басқару.

1883 жылы мемлекеттік полиция Департаменті полиция Департаменті болып қайта құрылды. Дәл осы жылы «Ресей империясындағы құпия полицияның құрылымы туралы» Ереже қабылданды, ережеге сай тәртіп сақтау мен қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін барлық ірі қалаларда құрылды (Санкт-Петербургте «күзет» 1866 жылдан бастап жұмыс жасады). Революционерлер ортасынан жедел жұмысты басқаруға подполковник Г.П. Судейкин тағайындалды. Губерниялардан басқа бірқатар жерлерде (аса қауіпті аймақтарда) уездік жандармдық басқармалар құрылды. Жандармерия мен Жеке жандармдар корпусының көлемі мен штат саны айтарлықтай ұлғайды. Жандарм офицерлері қызметтік міндеттерінің шеңбері өте кең болды. Корпус шенділеріне келесі міндеттіліктер жүктелді: 1) қылмыстарды табу және тергеу; 2) темір жол аймақтарында сыртқы тәртіп пен қоғамдық тәртіпті сақтау; 3) жергілікті азаматтық билікпен тәртіп пен ішкі қауіпсіздікті қорғауға көмектесу; 4) империяның порттары мен кейбір шекаралық аймақтарында төлқұжаттарды тексеру; 5) бостандығынан айыру орындарындағы қылмыскерлермен мемлекеттік қылмыспен жазаланған тұлғаларды бақылау; қамалдар мен олардың аудандарында әскери-полицейлік қызметті жүргізу және т.б.

1902 жылдан бастап «Із-кесу бөлімшелерінің бастықтары туралы Ереже» әрекет ете бастады. Із-кесу бөлімі кеңседен, ішкі бақылау бөлімі мен сыртқы бақылау бөлімдерінен тұрды. Штат саны территориядағы жедел жағдайға байланысты болды (1903 жылы Томскте 9 қызметкер, Санкт-Петербургте 19 қызметкер). «...Ереженің» мәні мен өкілеттілігі:

Жандармдар – саяси істер бойынша алдын ала тергеу.

«Күзет» – осы істер бойынша жедел іздестіру қызметі.

Бұл екі ведомствоны ІІМ мен «күзетті» революционерлерге қарсы күресте біріктіруі қажет болды, бірақ тәжірибеде тартыстар өте көп болды.

XX ғасырдың басында социал-революционерлер партиясының нөкерлерімен байланған террордың жаңа толқыны басталды. 1904 жылы ішкі істер министрі Плеве өлтірілді. 1905 жылғы бірінші орыс революциясынан кейін саяси қарсыластарға қарсы жаңа жұмыс әдістерін табу қажет болды. 1910 жылы полиция Департаментінде арнайы Агентуралық бөлім құрылды. Аталған

агентуралық нұсқаулықтан үзінді.

«Саяси із-кесудің басты және бірегей негізі ішкі, құпия және әрдайымғы агентура, оның міндеті революциялық қылмыстарды ашу. Қалған барлық күштер мен құрылымдар із-кесуге қосымша болады, оларға жататыны:

1. Жандармдық унтер-офицерлер мен полиция органының із-кесушілері ресми тұлға ретінде жағдайды анықтау үшін құпия жауаптар алады.

2. Сыртқы барлау агенттері немесе филерлер сыртқы барлау жүргізіп, ішкі агентураның ақпараттарын дамытқан және тексерген.

3. Кездейсоқ арызданушылар, бопсалаушылар, инженерлер, ішкі істер Министрлігі, фабрикалық инспекция және т.б.

4. Құпия сөз тасулар.

5. Тінтуден алынған материалдар, революциялық және оппозициялық ақпараттар және т.б.

Есте сақтау керектігі туатын жағдай, тексерілу ортасындағы ең нашар құпия қызметкердің өзі мемлекеттік қылмысты ашуға ресми қызметкерге қарағанда көп нәтижеге жетеді.

1906 жылдан бастап полицияны қайта құру әрекеттері басталды (мемлекеттік сақшылар Корпусын құру жобасы, яғни империя полициясын әскерилендіру), бірақ 1917 жылға дейін жалпы полицияның құрылымы мен функциялары өзгеріссіз қалды.

Революциялық белсенділік деңгейін төмендету мақсатында жасалған шаралардың тағы бірі әскери-дала соттарын ұйымдастыру болды. 1906 жылы 19 тамызда әскери-дала соттары туралы Ереже қабылданды, ол әскери және төтенше жағдайлардағы жерлерде құрылатыны қарастырылған. Әскери-дала соттары мысал келтірер болсақ Польшада, Прибалтикада, Солтүстік Кавказда болды, ал 1916 жылдың жазынан бастап, яғни қазақ халқының жаппай көтерілуінен бастап Қазақстан территориясында да әскери-дала соттары әрекет ете бастады. Әскери-дала соттары саяси сипатқа ие деп тапқан кез келген істі қараған. Іс екі тәуліктің ішінде алдын-ала тергеусіз қаралған. Сонымен қатар, 1906 - 1907 жж. жаппай демократиялық басылымдарды қудалау басталды – тыйым салынған басылымдар, айыппұлдар салу, қылмыстық істерді қозғау.

2. АҚШ-тағы қылмыспен күрес жүйесі

Солтүстік Америка континентін Еуропа колонистерімен қоныстандыру басталғаннан бастап жаңа территорияларда тәртіпті сақтау сұрақтары қауырт тұрды. Қандай да бір колония қай мемлекетке жататындығына байланысты жазалау органдары да сол мемлекеттің заңдарымен әрекет етті. Шамамен 1640 жылдан бастап америкалық колония аймақтарындағы Британия иеліктерінде қоғамдық тәртіпті қорғау функциялары шерифтерге жүктелді. Ол жинақталған көмекшілерімен жергілікті түрмені күзетті, сот отырыстары уақытында тәртіпке қарады және округ территориясында заңдылықты сақтауды қамтамасыз етті. Шерифтар мен констеблдер АҚШ тәуелсіздігін алғанша корольдық билікпен тағайындалды, ал кейін келе бұл лауазымдар сайланбалы

болып қалды. Тәуелсіздік үшін соғыстан кейін арнайы полиция ұйымдарын құру қажеттілігі туды. XIX ғасырдың басына дейін полицияға еркін түрде қабылданатын принцип жартылай кәсібилік жүйемен алмастырылды. Бостон және Филадельфия секілді ірі қалалар алғашқы полицейлік учаскелердің отаны болады. Кәсіби полицейлерді кеудесінің сол жағына таққан үлкен мыс жұлдыздан тануға болады. «Коп» деген сөз дәл осы анықтамадан шыққан (copper ағылшына - мыс). 1835 жылы Техас штатында полиция құрылды. XIX ғасырдағы полиция қызметін сипаттай келе аға констебл Джекоб Хейстың нью-йорк полициясының алғашқы күндерінен-ақ детективтік қызметті ұйымдастыру жұмыстарын бастағаны белгілі. 1836 жылы ол азаматтық киімге киінген он екі полицейге ұрыларды аңдуды бұйырды. 1844 жылы Нью-Йорк штатында полиция шефымен басқарылатын және қала мэрымен тағайындалатын біртұтас полиция күштерін құруға көшу шешілді. Нью-Йорк полициясы қазіргілердің баға берулері бойынша жемқорлыққа батқан болды, көбіне кінәсіздерді тұтқындау, қажетсіз куәгерлерді құрту және сатылмайтын полицейлердің көзін құрту әрекеттері болып отырды. Полиция жұмысының тиімділігі ұйымдастыру жекеленген қалалар, графтықтар мен штаттардың арам пиғылдарының арқасында мүмкін болмады. Ол жерлерде сайланған полицияның шефтары адал полицей болуға қарағанда көбіне өз партияларының көзқарастарын жақтады. Штаттар арасындағы полиция қызметтерінің арасында ынтымақтастық мүлдем болмады, осыған байланысты қылмыскерлер жасырынып, жазадан құтылу үшін бір штаттан екінші штатқа көшіп кетсе болғаны еді. 1887 жылы Нью-Йорк полициясының суперинтенданы Джордж Уоллинг сол уақыттағы полицияны сипаттап, былай деп жазады: «Біздің прокурорлар, заңгерлер, полицейлер негізінен өздері күресуге міндеттенген элементтердің арқасында қызметтеріне тағайындалады. Нью-Йорк шенеуніктері тиісінше өздерінің өміріне көмектесіп отырған адамға тиіспейді. Көбіне біздің полицейлік судьяларымызда заңдық білім жоқ және сауатсыз, бірнеше сөздің басын қосып жазуды да білмейді. Саясаткерлер кінәлі деп танылған қылмыскерлерді босатуды бұйырады, көбіне сотталғандар сот отырысынан ұзақ жылға сотталса да еркін адам болып шығады. Ұлт ретінде біз әлемдегі ең үздік басқару нысанындамыз, бірақ біздің Нью-Йорктегі басқару жүйеміз көптеген еуропа елдеріне, тіпті ресейлік қалаларға қарағанда азаматтарға кепілдік бере алмайды. Қоғамның қорқынышқа батқандығы сонша, полицейден қорғаушысын емес жауын көргендей үрейленеді...». Уоллингтың сөзі әділ және тек қана Нью-Йоркқа емес басқа көптеген штаттарға да қатысты болды. Бұл орайда жекеленіп тұрғаны 1852 жылы Чикагода ұйымдастырылған «Пинкертонның ұлттық із-кесу агенттігі». Алан Нат Пинкертон қылмыстық із-кесудің негізін салды. Бұл адамның аты аңызға айналды. Бұл ұйымның ұранды сөзі: «Біз ешқашан ұйықтамаймыз». Пинкертон тоғыз қызметкерімен бірге қашқын қылмыскерлерді аттармен, поездармен мемлекеттің барлық территориясында іздестірген. Олар ең мықты атбегі, тәжірибелі және атысқаруының шеберлеріне айналды. Батыс территорияларды иемдену кезеңдерінде «пинкертондықтар» халық жүгіне алатын жалғыз тәжірибелі күш болды. Олар ұйымдасқан қылмыстық топтардың ішіне кіріп, агенттікке ақпараттар жеткізіп отырған.

(Мысал ретінде Рено бандасын жоюды айтуға болады, «пинкертондықтар» телеграфты, арнайы поезды және фотосуреттерді қолдана білді). 1884 жылы Алан Нат Пинкертон қайтыс болғаннан кейін оның агенттігі басқа органдар үшін әдіс соттың рәмізі ретінде көрінді. Полиция, мемлекет өздерінің қолынан келмеген істер үшін «пинкертондықтарды» көмекке шақырған, агенттіктің мыңдаған еркін көмекшілері болды. АҚШ Батысындағы қоныстана бастаған территорияларда шерифтер дәрменсіз болып, жергілікті халық арасынан «сергектік комитет» пен «қауіпсіздік комитеті» деген ұйымдар құрылып, қылмыскерлермен күресті. Сонымен қоса, АҚШ Батысында «охотники за головами» атты қызметтер тәжірибеленді, яғни қылмыскерлерді ұстап, ол үшін сыйақы алу.

XIX ғасырдың аяғында детектив-инспектор Томас Бирнс Нью-Йорк полициясында 40 штаттық қызметкерден тұратын нағыз із-кесу бөлімін құра білді. Бирнс 9 детективін Уолл-Стрит ғимаратына отырғызды (қаржыгерлер мен зергерлер аймағы), осынысымен қылмыскерлерге шек қоя білді. Бұл шектен асқан кез келген қылмыскер тұтқындалды. Полицияның бұл коммерциялық жұмысы үлкен жемістер әкелді. Бирнс өзінің детективтерінің қызметін тұтқындар көлемі бойынша бағалады. Әр таңда сағат 9-да қызметкерлердің арасында соңғы 24 сағатта ұсталған тұтқындағылардың шеруі өтті (қазіргі күнге дейін қолданылады). Детективтер қылмыскерлердің тұлғасын танып, олардың арасынан полицияға түскендерін бақылаған. Бұл жерде тағы да қылмыскерлерді суретке түсіру процедурасы да болды. 1886 жылы Бирнс «Американың кәсіби қылмыскерлері» атты жинақты шығарды, ол жерде танымал қылмыскерлердің «жұмыс әдістері» суреттеліп, көрсетілген. Жинақ АҚШ-тағы «Қылмыстық әлем жинағы» деп аталған бірінші мүмкіндік болды. Бірақ полицияның бұл қызметі әрқашан қызығушылықтың жоқтығынан тежеліп отырды. XIX ғасырдың аяғындағы АҚШ қылмыстық заңнамасы рецидивистер мен ауыр қылмыс жасағандар үшін айтарлықтай қатал болды. Оңтүстік және батыс штаттарда Линч соты деп аталатын соттан тыс есеп айырысулар қолданылды. Аталмыш нысан өштенген топтың өздерінің сот жүргізгендерін көрсетті. Линч сотына шалдыққандардың айтарлықтай көбісі қара нәсілділер. Кейбір деректер бойынша 1889-1918 жылдары 2552 қара нәсілділер өлтірілді (оның ішінде 50 әйел) және 702 ақ нәсілділер, барлығы 3224 адам. Көбіне линч соты қылмыскерлерді жауапқа тарту емес, қара нәсілділерді қорқыту құралы болып есептелді.

АҚШ пенитенциарлық жүйенің отаны деп есептеу қабылданған. Шынымен, «пенитенциарлық жүйе» термині (лат. poenitiarius – сабасына келген, түзелген) АҚШ пен Англияда бостандығынан айыру жазаның басты түріне айналған XIX ғасыр кезеңінде пайда болды. 1786 жылы Филадельфия қаласында (Пенсильвания штатында) қатаң жүйедегі жалғыз ұсталатын алғашқы түрме ашылды. Оның негізін салушылар қылмыскерді – күнәһар, кінәсін мойындап, Құдаймен сөйлесу жолына түсіру керек деп есептеді. Түрме – өз-өзіне келу орны. Ал қылмыскерді өзімен-өзін жеке қалдыру – қылмыскерге қайғыруға мүмкіндік беретін құрал деп есептеді. Мүмкін сондықтан пенсильвандық жүйе кей жағдайларда «кедейлік жүйе» деп те аталған.

Филодельфиядағы, АҚШ, Еуропадағы түрмелердің үлгісінде ондаған түрмелер салынды (Германияда «Моабит», Францияда «Мазас», Петербургте «Кресты»). Бұл түрмелердің режимі жалғыз негізгі идеяларға ғана бағынды: сотталған өзінің жалғыз екендігін ешқашан ұмытпау керек, сондықтан жұмыс марапат түрінде жалғыз жасауға ғана мүмкіндік берілді; Библия оқуға ғана рұқсат берілді; бақылаушының өзімен сөйлесуге тыйым салынды және т.б. Бостандығынан айырылғандардың көбісі кінәсіне қайғырудың орнына естері ауысып кетті. Пенсильвандық жүйеден айтарлықтай жұмсағырағы жекелеген және оброндық жүйе болды, бұлар да АҚШ-та XIX ғасырда пайда болды. Жекелеу жүйесі сотталғанды басқа сотталғандардан оқшау ұстады, бірақ түрме әкімшілігімен, туғандарымен және жақын адамдарымен кездесуге рұқсат берді. Оброндық жүйе сотталғандарды түнде жеке камераларға қамап, күндіз жұмысқа бірге шығарылды, тек талабы толық үнсіздік сақталуы керек. Толық үнсіздікке бақылаушылар тән жараларын салу арқылы қол жеткізіп отырған. 1870 жылы АҚШ-та Ұлттық түрме ассоциациясы құрылғаннан кейін бұрынғы пенитенциарлық жүйеге сай жас қылмыскерлерге арналған реформаторийлер жүйесін құру мүмкіндігі қолға алынды. Осы тектес мекеменің біріншісі 1876 жылы Нью-Йорк маңында құрылды. Реформаторийлерде ұсталған сотталғандардың жас шамасы 16 дан 30 жас аралығында болды. Сотталғандардың барлығы үш топқа бөлінді. Жаңадан келгендерді ортаңғы топқа жатқызған: теріс қылықтары үшін төменгі қабатқа түсірген, сәйкесінше жақсы тәртібі үшін жоғарғы топқа өткізген. Сотталғандар міндетті түрде сауаттарын ашқан және қандай да бір мамандықтан білім алған, әртүрлі іс-шараларға белсенді қатысқан, гимнастикамен айналысып, күн сайын плацтан саптық қадаммен өткен. Режимді бұзғандар тән жарақаттарынан қалыс қалмаған. Бірақ жазаларды атқару жүйесінің реформасы АҚШ-тың көптеген түрмелеріне тиісе алмады. Көптеген түрмелерде сотталғандардың жағдайы айтарлықтай ауыр болды. Дж. Плэтт атты американдық жазушының XX ғасырдың басындағы жазбаларынан: «Шындығында қандай болатыны жайлы түрме туралы ойланыңдар, 20% жақсыларға қарағанда 80% жамандарды ойлаңыздар. Канзастағы түрмелердің бірінде бірнеше жыл бұрын хабарланғандай едені кірден көрінбейді, төсек жабдықтары ешқашан жуылмаған. Ғимарат егеуқұйрықтарға толы. Еденде қоқыс пен тамақ қалдықтары. Миссуридағы түрмедегі үш жалғыз адамдық камерасында ақтар мен қаралар, аурулар мен саулары бар 18 адам камалған. Олардың төртеуі жас балалар. Жастар нәпсіқұмар үлкендердің арасында ұйықтауға мәжбүр болды. Ал осы мекемелердегі әйелдердің жағдайы қалай болды? Көбіне 12-14 жастағы қыздар уақытша болса да кәсіби жезөкшелермен бірге ұсталған. Қызығушы қызметкерлер мен келушілер көруі үшін барлық камералар ашық болған. Өзінің зоологиялық бақ емес түрме екенін ұмытқан түрменің төбесінде «Кіру 15 цент» деген жазба ілінген. Мен сараптамалар жасап, ішінен айтарлықтай жаман еместерін теріп жаздым. Мен қызмет бабын пайдалану, ауыр соққылар жасаулар жайында ештеңе жазбадым. Мен туберкулез бен сифилис жайында айтпадым, ауруларға немқұрайлы қарау жайында айтпадым. Мен жеткіліксіз тамақ жайында жазбадым. Бір пенсильвандық түрмеде бертін келгенше

сотталғандар аптасына екі рет сорпа алып, қалған күндері нан мен кофе ғана алған. Біздің түрмелердің көбісінде пара жүйесі қалыптасқан. Түрме бастығы мен шериф сотталғандарды тамақтандыру үшін немқұрайлы сома ғана алды. Бұл соманы толығымен сотталғандардың тамағына жұмсаса да ештеңе шешілмес еді. Бұл ақша сотталғандарға ғана емес, сонымен қатар қызметкерлер мен өзінің отбасын асырауға да кететін. Осыдан оның жалақысы шығады, ол сотталғандармен төленеді».

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жүргізілген АҚШ жазалау органдары жүйесіндегі әртүрлі локалды қайта құрулар болғанымен тоқыраудан құтыла алмады.

3-ТАҚЫРЫП. КЕҢЕС МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ПО ТАРИХЫ

Жоспар:

1. 1917-1960 жж. милиция тарихы
2. XX ғасырдың 60-80 жж. ішкі істер органдарының дамуы

1. 1917-1960 жж. милиция тарихы

Қоғамдық тәртіпті қорғау органын құрудың заңдық бекітілуі 1917 жылы 28 қазанда (10 қараша) болды. ПХК «Жұмысшы милиция туралы» қаулысында былай көрсетілді:

1. Барлық жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі жұмысшы милициясын құрады;
2. Жұмысшы милиция толығымен жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің қолында болды;
3. Әскерилер мен азаматтық билік жұмысшы милицияның қарулануына қолғабыс беруі тиіс;
4. Аталмыш заң заңды күшіне телеграф арқылы енгізіледі.

Айта кетері, Кеңестік билік Уақытша үкімет құрған милиция туралы арнайы декреттің күшін жоймады. Жергілікті жерлерде келесі тәжірибелер қолданылды: егер милиция Кеңестік билікті мойындамаса онда жергілікті Кеңесті оны таратты, ал егер мойындаса Кеңестік билік оны қайта құрды.

Қазақстанда милицияны құру өзіндік ерекшеліктерге ие, яғни жаңа билік келді: біріншіден Алаш-орда ұлттық автономиясымен, екіншіден, Кеңестер билігінің ошақтарымен. Мемлекеттік органдардың қызметі локалдық сипатты иеленді, бір жерлерде жұмысшы милиция кеңестік билікпен құрылса, ал келесі жерлерде қоғамдық тәртіпті жергілікті тұрғындар өз қолдарына алды. Азаматтық соғыс ұзақ уақыт бойы Қазақстан территориясында орталықтанған милиция жүйесін құруды тежеді. Колчактан және басқа да бандалық құрылымдардан босаған Қазақстан территорияларында 1919 жылы 30 тамызда «Халықты қорғау үшін милиция құру туралы» шешіммен Кирвоенревком жоғарғы органы құрылды.

1919 жылы 29 қыркүйекте Кирвоенревком милицияны құру туралы сұраққа қайта оралды. Кирвоенревкомның 1919 жылғы қазандағы резолюциясының негізінде қырғыз-шаруа милициясын құру туралы Нұсқаулық жобасы дайындалды, оның негізгі бөлімдері «Халықтық жұмысшы-шаруа күзеті (кеңестік милиция) туралы» Ережеге, 1918 жылғы 5 маусымдағы РКФСР ХПК коллегиясымен мақұлданған, 1919 жылы 3 сәуірде жұмысшы-шаруа милициясы туралы Декретпен бекітілген. Қазақстан 1936 жылға дейін РКФСР құрамында болды (1920 жылғы 26 тамыздағы «ҚазКСР құру туралы» БОСК мен ХКК Декреты), сондықтан ҚАКСР комиссариаттары мен мекемелері Кеңестік билік орталығының декреттерін орындауға міндеттенді.

1919 жыл бойы милиция органдары Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Семей облыстарында, сонымен қатар Орынбор губерниясы мен Бөкей ордасында да құрылды.

Санының аздығы мен жетекші мамандардың нашар дайындығы, тәжірибенің болмауы, мүмкіндіктердің жетіспеуі Қазақстан территориясында кеңестік милиция мекемелерін ұйымдастыру үрдісін өте қатты тежеді.

Бұлар, бұл келеңсіздіктер, Қазақстан милициясының қалыптасуын тоқтата алмады.

Милицияның штаттық көлемі тиісті аудан көлемі мен ауданда тұратын тұрғындардың көлемімен есептелді. Қазақстанда жайылымдық жерлер көп болып, халықтың шоғырлануы өте сирек кездесетін. Кейбір аудандарда бір милиционер талап бойынша 3-4 мың адамға есептелгенімен, 1-1,5 мың адамға ғана тағайындалды. Мысал ретінде: 1919 жылы Қостанай аудандық милициясының құрамы:

- милиция бастығы;
- бастықтың орынбасары;
- іс жүргізуші;
- төрт аға милиционерлер;
- 38 кіші милиционерлер.

Барлығы 6 уезде 322 милиционер болды, оның ішінде 24 атты, 72 аға болыстық және 216 жаяу кіші милиционерлер болды. Қостанай губерниясы милициясының бастығы болып 1919 жылы Ефим Мирошник тағайындалды, оның жасы небәрі 24 ғана болған.

1920 жылы ҚАКСР құрылуымен ҚАКСР ХІІК құрылды, онда Қазақстандағы барлық кеңестік милицияның орталық органы болып табылатын милицияның Бас басқармасы болды. Осы кезеңде аймақтың ерекшелігін ескерумен республика милициясының қызметі туралы нормативтік база құру міндеті туды. РКФСР ХІІК Нұсқаулығы әскери коммунизм кезеңінде қабылданды. РКФСР ХІІК милиция органдарының негізгі міндеттеріне жатқаны:

1) Кеңестік билік бекіткен тәртіп бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу;

2) барлық азаматтардың азық-түлік өндірісі мен ауыл шаруашылығы саласына арналған декреттер мен заңдарды қатаң орындауын қадағалау;

3) тәртіп бұзулары туралы актілер жасау, санитарлық ережелердің сақталуын бақылау, қоғамдық орындарда тәртіпті сақтау, жеке төлқұжаттарын беру;

4) Сот үкімдерін заңды күшіне енгізу және т.б.

Азаматтық соғыс уақытында милицияның штаттық көлемі жинақталмаған болатын. РКФСР ХКК шешімімен милиционерлердің үштен бір бөлігі соғыс әрекеттеріне қатысуға тартылды. Көбіне жергілікті жерлерде милицияның рөлін класстық принцип бойынша жинақталған Қызыл гвардия орындауы керек болды.

Қазақстан мен РКФСР милиция штаттарын жинақтау ХІІД нормативтік актілерімен анықталды. Милиция қызметіне қабылданған тұлғалар:

- РКФСР азаматтығында болғандар;
- 21 жасқа толғандар;
- сауаттылар;
- Кеңестер және Кеңестік Конституция бойынша белсенді және бәсең сайлау құқығын иеленушілер;
- кеңестік билікті мойындағандар.

Кеңестік милиция қызметі лауазымдарына тағайындала алмайтын тұлғалар:

- қылмыстық әрекеттері үшін тергеуде және сотты болғандар;
- соттың үкімі бойынша босатандығы немесе құқығы шектелген болса, ұрлық, алаяқтық қылмыстар және т.б. үшін сотталған болса.
- жалпы пайда табу мақсатында жалдамалы жұмысқа тұрған барлық тұлғалар;
- еңбектен тыс табыс табатындар, яғни: капиталдан үстеме алу және т.б.;
- әр түрлі діни наным-сенімге қызмет ететіндер;
- бұрынғы жандармдық бөлімшелердің қызметкерлері мен агенттері мен бұрынғы полицияның шенділері;
- жан ауруына, құлақ ауруына шалдыққандар.

РКФСР мен Қазақстан милицияларының қалыптасуы мен дамуының мәселелері объективтік те субъективтік те болды. Қиын криминогенді жағдай, бандитизм, спекуляцияны қоспағанда киім-кешек, қарулану жағынан үлкен қиындықтар туындады. Мысал ретінде: Қостанай 322 милиционерге барлығы 161 винтовка мен 1 сынған пулемет және 15 револьвер болды (1920 жыл).

Қиын жағдайларға қарамастан 1920 жылы Қазақстан милициясының басшылық құрамын кадрлық дайындау туралы шешім қабылданды. 1920 жылы 30 желтоқсанда бұйрық дайындалды.

1921 жылғы 17 мамырдағы Қостанай ГУБ із-кесу бастығы С.И. Петренконың жұмыстағы қиындықтары туралы баянатынан үзінді:

- қылмыскерлерді тізімге алатын дактилоскопиялық құрылғылар жоқ;
- қару жоқ;
- құрал-сайман жоқ;
- аттардың жоқтығынан қылмыс жасалған жерлерге қызметкерлердің жетуі қиын;
- жергілікті бостандығынан айыру орнында мүлдем тәртіп жоқ;
- білікті мамандар жоқ.

20-шы жылдардың басында РКФСР-да жаңа экономикалық саясат (НЭП) жұмысын бастады, ол әскери коммунизм саясатынан кетіп, еркін саудаға рұқсат берді. Милиция органдарының алдында мемлекеттегі қылмыспен күрес мәселелерін жүзеге асыру міндеттері тұрды. Осы кезеңде 1923 жылғы милицияның Тәртіптік жарлығы және 1925 жылы жұмысшы-шаруа милициясының қызметі туралы Ережесі қабылданды. Сонымен қоса, милицияны кездейсоқ келімсектерден тазарту үшін 50% қысқартулар жүргізілді. Қазақстанның кейбір аймақтарында милиция органдарында тазалық жүргізу жеке құрамның үштен бірін құртты. Мысал ретінде: Ақтөбе облысында милиция қатарынан шығарылғандар: Погорезов, бұрынғы аудан милициясының

бастығы – пара алғаны үшін (ТК берілді); Глеушев Николай – жалқаулығы үшін; Уразбаев Горжан – өз бетімен жылқыны тартып алғандығы үшін (іс сотқа берілді). Орал губерниясында жұмыстан шығарылғандар: Михашев Николай, саптық бөлімнің бастығы, акгвардияшылар әскерінің қатысушысы – жеке басын ойлағандығы үшін; Толстов Иван бұрынғы полицей ретінде; Панов Афанасий бандитизм үшін және т.б. Жұмыстан шығарған құқықбұзушылықтар ішінде бопсалау, жұмысқа немқұрайлы қарау, халықпен дөрекі болу, тонау және т.б.

Ресейде және Қазақстанда милиция органымен бірге 7 (20) желтоқсанда 1917 жылы контрреволюциямен, тыңшылықпен, іріткі салумен, диверсиямен және басқа да мемлекетке қарсы қылмыстармен күресетін – БТК (Бүкілресейлік төтенше комитет) органы құрылды. Чекистер көбінесе партияның мүшелері болды. 1918 жылғы пролетариат көсемі Ленинге шабуыл жасалғаннан кейін БТК Кеңестік билікке наразылық танытқан барлық адамдарға «қызыл террор» ашты. ТК органдарымен дворян отбасыларының мүшелері мен интеллегенцияның мүшелерін жаппай ату жазаларын тәжірибеге алды.

20-ы жылдары Қазақстан милицияның функциясы айтарлықтай кеңейді. Оған жаңа міндеттер жүктелді, бұл индустрияландыру мен ұжымдастыруға негізделіп, шаруашылық және лауазымдық қылмыстармен күрес белсенділендірілді. Осы уақытта Қазақстан милициясы қызметінің негізгі бағыттары нақты анықталды: әкімшілік, алдын-ала тергеу, жедел іздестіру. Милиция функциясының кеңеюі оның құрылымдарының қайта құрылуына әкелді. 1927 жылы 5 маусымда ҚазАКСР ХКК қаулысына сәйкес ішкі істер халық Комиссариаты Орталық әкімшілік басқарма (ОӘБ) болып халық комиссариатының құқығында қайта құрылды, оның басқаруына милиция, қылмыстық іздестіру, АХАЖ және бостандығынан айыру орындары берілді. 20-ы жылдары милиция қызметінің басты бағыттарының самогон қайнатумен күрес болды. 1926-1927 жж. үкімет осы әрекеттің жауапкершілігін күшейтетін бірқатар нормативтік құжаттар қабылдады.

1927 жылы партияның XV съезінде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру курсы қабылданды. Қазақстан ұжымдастыруды 1932 жылы аяқтауға міндетті болды, бірақ биліктің жергілікті органдары Голощекиннің басшылығымен бұл үрдісті жеделдетті. Бұл кезең жаппай репрессиялар мен әртүрлі соттан тыс әрекеттермен сипатталады. 1927 жылы 27 тамызда Қазақстан үкіметі «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы» декрет қабылдады, осыған сәйкес тәркілеулер мен күшті қожайындарды жер аударды. Осы қаулыны орындау ХПК жүктелді, нәтижесінде Қазақстанда 3 мыңнан астам адам тұтқындалып, сотқа берілді және 25 мың адам жер аударылды. 1930 жылы көктемде Қазрайком ВКП (б) хатшысы Голощекиннің Сталинге жолдаған жабық хатында «...кейбір жерлердегі мүліктерді тәркілеуде соңғы кесек нанына дейін барлығын алып қоюға тура келді» делінген. Қорытынды нәтижесінде КСРО мен Қазақстандағы кулактарды жою ауыл шаруашылығы өндірісін жокқа шығарып, аштыққа әкелді. Біртұтас ауылдар аштықтан өлгендігі туралы деректер бар. Бұл кезеңде ХПК кез келген ұжымдастыруға қарсылықтарды белсенді түрде басып отырды, мемлекет саясатына қарсыластардың алдын алды.

30-жылдардың басында сталиндік репрессиялар өршіп тұрған кезде

сотталғандар мен арнайы көшірілгендер саны күрт өсті. Сотталғандардың еңбегі жекеленген аймақтарда, ірі құрылыс жұмыстарында, орман дайындауда және т.б. кең қолданыла бастады. Осы кезеңде әкімшілік органдардың көлемі мен органдары ұлғая түсті. Екі жақты бағынышты болған милиция (Кеңестік республикалардың ХІІК мен жергілікті атқару комитеттеріне) жергілікті биліктің бақылауынан алынып, КСРО ОГПУ-ға тікелей бағындырылды, ал кеңестік республикалардың ХІІК қысқартылды. Бұл органдардың тек бір адамға – Сталинге ғана бағынудың мүмкіндігін тудырды.

30-ы жылдардың басы мемлекетте рұқсат беру жүйесінің кеңеюімен, милицияның әкімшілік қадағалау аясындағы мүмкіншіліктерінің кеңеюімен сипатталады. 1932 жылы аңшылық және спорттық қару-жарақ пен оның оқ дәрісін сақтау және қолдану, жарылыс құралдарын жіберудің жаңа тәртібі бекітілді. Бұл тәртіптің орындалуын, қажетті рұқсаттардың берілуін милиция органдары жүзеге асырды.

1932 жылдың наурызында милицияға автомобиль оқиғаларының есебін тіркеу қызметі берілді, шілдеде – баспа кәсіпорындары мен баспа машиналарын, шрифт, көбейту аппараттары саудасына қадағалау жасады, қыркүйекте — саудада өлшеу құралдарын қадағалады, қазанда – милиция қызметіне әскерилендірілген Су көлігі халық комиссариаты күзеті көшті.

Индустриализацияда ауыл тұрғындарының көшуінен қалалардағы халық саны ұлғайды. Тұрғын үйдің жоқтығы, азық-түлік пен өндіріс тауарларының жетіспеушілігі қалаларда ауыр криминогендік жағдай туғызып, қылмыстың өсуіне түрткі болды. Бұл мемлекеттің тарапынан қосымша шараларды талап етті, соның ішінде төлқұжаттық жүйе енгізілді. 1932 жылы енгізілген төлқұжаттық жүйе шаруалар үшін «крепостнойлық құқықты» бекітті. Төлқұжаттар мен міндетті тіркелімдер негізінен қала тұрғындарына және жүз шақырымдық шекаралық аймақтарға ғана қолданылды, ал колхоздықтардың емін-еркін жүріп-тұруы шектелген, оларға төлқұжаттар берілмеді және селолық кеңес тізімімен ғана есептелді. Осылай 1974 жылға дейін жалғасты, яғни жаңа төлқұжат туралы Ереже қабылданғанға дейін, осыған сәйкес КСРО барлық азаматтарына төлқұжаттар берілді.

Транспорттың көлемді дамуына, оны есепке алу мен қолдануға, сонымен қатар мемлекеттік меншікті тонау мен басқа да транспорттағы қылмыстарға байланысты 1935 жылы шілдеде милицияның Бас басқармасында Мемлекеттік автомобиль инспекциясы құрылды.

1934 жылы ішкі істер органдары мен қауіпсіздік органдары бір ведомствоға біріктірілді. Бүкілодақтық ХІІК құрамына кіргендер:

1. Мемлекеттік қауіпсіздіктің Бас басқармасы;
2. Жұмысшы-шаруа милиция;
3. Түзеу және еңбек лагерлері мен басқа да қызметтердегі шекаралық және ішкі күзет.

1936 жылғы КСРО Конституциясы Кеңестік мемлекеттің органдарының жүйесіне, олардың өкілеттіктері мен қызмет нысанына үлкен өзгерістер әкелді.

КСРО ХІІК кеңестік республикалардың халық комиссариаты болды. Кеңестік және автономиялық республикаларда ХІІО болды.

ХПК жүргізуінен қоғамдық қауіпсіздікке тікелей қатысы жоқ кейбір функциялар алынды.

Милиция органдарын басқару орталықтандырылған болды. ҚазКСР милициясы басқармасының негізгі бөлімдері: саяси, қылмыстық іздестіру, социалистік меншік ұрыларымен және спекуляциямен күрес, қызметтік және әскери дайындық, төлқұжаттық-тіркеу, мемлекеттік автомобильдік инспекция. Теміржол милицияларының құрамына жолдың желілік бөлімдері (бөлімшелері) мен желілік пункттері кірді. Осыған сәйкес 30-ы жылдардың ортасында кеңестік милицияның дамуы оның бүкілодақтық орталықтануы болды.

КСРО ХПК жанынан Ерекше жиналыс ұйымдастырылды, ол жерде сот тәртібінде емес әкімшілік тәртіпте еңбекпен-түзеу лагерлеріне 5 жылға дейінгі мерзімге қамау, босату, КСРО территориясынан жер аудару мәселелері қарастырылған. Сталинмен дайындалған репрессияның толқындары басталды. 20-ы жылдары Сталин өзінің саяси қарсыластарымен күресті: Зиновьевпен, Каменевпен, Троцкиймен, Бухаринмен және т.б. Кейін келе соттан тыс есеп айырысулар, нақтырақ айтсақ «үштіктер» халыққа қарсы белсенді түрде қолданыла бастады. 30-ы жылдары Сталин социализмнің дамуымен таптық күрес әлсіремейді, керісінше күрделенеді, сондықтан елде таптық күрестің көлемі айтарлықтай көп деп есептелген. Қазақстандағы органдардың қызметкерлері жүзеге асырған репрессиялар бүкілодақтық репрессиялармен қатар жүрді. 1932 жылы «Мемлекеттік мекемелердің, колхоздар мен кооперациялардың және мемлекеттік меншікті (социалистік) қорғау туралы» заң қабылданды, осы заңға байланысты мүлікті талан-таражға салушылар «халық жаулары» болып жарияланды. Оларға жазаның жоғарғы түрі қолданылды. Ату жазасы жеңілдетілген жағдайлар бойынша бас бостандығынан айырудың 10 жылымен және мүлкінің тәркіленуімен алмастырылуы мүмкін болды.

Жүйелерге төтенше жағдайларды енгізу жазалау функцияларының қаталдандырылуы мен ХПК толық қадағаланбауына алып келді. 30-ы жылдардың аяғында ХПК отан сату, тыңшылық, зиян келтіру, контрреволюциялық және террористік ұйымдар құру және т.б. істер қолдан жасалған мыңдаған істер жасады. Бұл кезеңде жоғары әлеуметтік көмек деп аталатын шаралар да белсенді қолданылды, яғни репрессияға кінәлілер ғана емес, сонымен қоса олардың туыстары, достары, әріптестері де ұшырады. Сөйте тұра, ХПК өзінде де әрдайым тазартулар жүргізіліп, көптеген қызметкерлер аталмыш жүйенің құрбандарына айналды (Ягода, Ежов және т.б.). Кейбір деректер бойынша КСРО территориясында 1937-1938 жылдар аралығында репрессияға 5 миллионнан астам адам ұшыраған. Қазақстанда репрессияға 70 мыңнан астам ұшырады. Олардың ішінде қазақтың саяси және элитасының өкілдері болды: Ахмет Байтұрсынов, Мыржакып Дулатов, Сакен Сейфуллин және т.б.

1941 жылы 22 маусымда Ұлы Отан соғысы басталды. Соғыстың алғашқы күндері үкімет мемлекеттік органдарды әскери уақытқа өткізу туралы нормативтік актілер жариялады. Олардың кейбірі ХПК жолданды: «Әскери жағдай туралы» Жарлық, әскери трибуналдар туралы Ереже, әскери уақытта

халық арасында дау туғызатын жалған ақпараттарды таратуға жауаптылық туралы, парашютті десанттармен және диверсанттармен күрес іс-шаралары туралы және т.б.

1941 жылы 20 шілдеде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының КСРО Халықтық мемлекеттік қауіпсіздік комиссариаты мен КСРО Халықтың ішкі істер комиссариатын біріктіріп, КСРО Халықтық ішкі істер комиссариатын құру туралы Жарлығы шықты. Бұл барлық күшті жау агенттерімен және қылмыспен бір органда күресуге, елдің мемлекеттік қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті сақтауға септігін тигізді.

Қазақстан милициясының міндеттері айтарлықтай кеңейді. Оған әскерден қашушылармен, қойма тонаушылармен, айқай шығарушылармен, жалған ақпараттар таратушылармен және ойлаушылармен күрес жүктелді; қылмыстық элементтерден қалалар мен қорғаныстық-шаруашылықтық пункттерді тазарту жүктелді; ХПК транспорттық органдарына транспорттағы жау агенттерін табуға барша көмек көрсету жүктелді; темір жол және су жолы транспорттарында көшірілгендердің әскери жүктерді тонамауын, темір жол және су жолы транспорттарын қажетсіз тұлғалардан босату жүктелді. Сонымен қоса, милиция органдары әскери жағдайда жарияланған жергілікті режимдерді реттейтін әскери биліктің қаулылары мен бұйрықтарын жүзеге асырып отырды.

Әскери жағдай жарияланған аудандардағы милицияның жұмысы әскери биліктің, жергілікті партиялар мен кеңестік органдардың басшылығында жүргізілді. Әскери жағдай жарияланған аудандардағы милиция органдары әскери жағдайға келтіріліп, әуе қорғанысы жоспары бойынша өмірлік маңызды объектілерді қорғауға алған. Майданға жақын аудандар мен облыстардағы милиция органдары казармалық жағдайға өткізіліп, жау агентурасымен күреске жедел топтар құрылған.

Қазақстанның қылмыстық іздестіру аппараты өзінің қызметін әскери жағдайға қарай қайта құрды. Қылмыстық іздестіру кісі өлтірушілермен, тонаушылармен, қарақшылармен, ұрылармен, эвакуациямен көшірілгендердің пәтерлерін тонаушылармен күресіп, қылмыстық элементтер мен соғыстан қашқандардан қаруларын тәркіледі, мемлекеттік қауіпсіздік органдарына жау агентурасын анықтауға көмек көрсетті.

Мемлекеттік автомобильдік инспекция барлық күшін автомобильдік транспорттарды, тракторларды, мотоциклдерді Қызыл Әскердің қажеттілігіне мобилизациялауға жұмсады. МАИ инспекторлары әскерге жіберілуге бағытталған автомобильдердің техникалық жағдайларын тексеріп, қарады.

Милицияның төлқұжаттық аппараттарының негізгі міндеттері Қызыл Әскерге әскери міндеттегілер мен әскерге шақырушыларды анықтауға әскери комиссариаттарға көмек көрсетіп отырды; елде аса қатаң төлқұжаттық режимді сақтау; анықтамалық жұмыстарды ұйымдастыру – туғандары мен жақын адамдары байланысын үзіп қалған тұлғаларды іздестіру; темір жол және су жолдарында азаматтарының жүруі үшін рұқсат қағаздарын беру.

Қазақстан әскери жағдай милиция қызметінде қиындықтар туғызды, өйткені көптеген тәжірибелі жұмысшылар майданға кетіп, олардың орнына түрлі кәсіптерден келген мамандық ерекшелігін мүлдем таныс емес

жұмыскерлер келді, сонымен қоса қылмыстың көлемі ұлғая түсті. Қылмыстық деңгейдің ұлғаюының себебі эвакуацияға келген халықтың көбеюі, халықтың материалдық жағдайының төмендеуі, жасөспірімдердің қараусыз қалауы және т.б. Ерекше атап өтері Қазақстан ХІІК алдында депортацияға ұшыраған тұлғаларды күтіп алып, оларды орналастыру жүктелетін маңызды міндеттері тұрды. Бәрімізге белгілі соғыс жылдары бірқатар ұлттар жаппай депортацияға ұшырады: шешендер, ингуштар, кәрістер, немістер, қырым татарлары және т.б. Жергілікті органдардың алдында арнайы көшірілгендерді мәжбүрлі жұмысқа орналастыру, олардың жүріс-жұрысын бақылауды ұйымдастыру, депортацияға ұшыраған халықтардың есебін жүргізу және т.б. тұрды.

КСРО ХІІК соғыс жылдары шет елдердегі агентуралық жұмыстары мен мемлекеттің ішіндегі қарсы барлау жұмыстарын белсенділендірді. Аздаған мерзімнің ішінде ХІІК арнайы мектептерінде жаудың тылында соғысатын диверсиялық бөлімшелер дайындалды. Соғыстың бірінші күндері арнайы тағайындалымдағы әскердің арғы атасы болып табылатын арнайы жасақ Мәскеуде «Динамо» спорт алаңында жекелеген мергендер бригадасынан (ОМСБОН НКВД) қалыптаса басталды. Бригадада 25 мың солдат пен офицерлер болды, олардың 2 мыңы шетелдіктер, бөлімше ең үздік кеңестік спортшылардан құралған (мергендер, парашютистер, боксшылар, жеңіл атлеттер және т.б.). Бұл бірлестік мемлекеттің және оның сыртында да кез-келген әскери тапсырмаларды орындауға дайын болды. ХІІК қызметкерлерінің жүздеген әскери топтары жаудың тылына партизандық қозғалысты ұйымдастыру үшін тасталған. ХІІК қоса қарымта барлау сұрақтарымен МББ ұйымдастырылған СМЕРШ әскери қарымта барлау ұйымы да жүргізді.

Сонымен қоса, фашистік арнайы мектептер мен курстар жыл сайын мыңдаған тыңшылар мен диверсанттарды дайындап, эвакуацияны пайдаланып, біздің тылымызға жіберіп отырған, соның ішінде Қазақстан да бар. Фашистік басшылықтың негізгі назарын Уральск, Гурьев және оған жақын жерлер қызықтырды. Уральск темір жол және су жолдарымен өтетін, азаматтық авиацияның ұшақтары Закавказьеге ұшатын және қайта оралатын, Закавказьемен байланысатын ең жақын торап болды, сонымен қоса командирлерді дайындайтын бірнеше училищесі болды. Фашистерді әскери тасымалдар, қорғаныс өнеркәсіп объектілері, темір жол құрылғылары қызықтырды. Олар шығыс майданға апаратын жақын жол Илецк-Урбах-Астрахань желісіндегі темір жол бағытының жұмысын бұзуға талпынды, осы бағытпен оқ-дәрі мен азық-түлік жолданып, жараланғандар әкелінді. Дәл осы жерлерге неміс басшылығы диверсиялық актілер мен ашық көтерілістерді дайындау үшін парашюттік топтарды тастап отырды. Диверсанттар автоматтармен, гранаталармен, жарылғыш құрылғылармен және радиобайланыс құралдарымен қамтылған. Осыған орай, 1944 жылы мамырда мұнда отанын сатқан Агеевтың басшылығымен 14 парашютші десант тасталды. Осыларды жою мақсатында милиция, ХІІК жұмыскерлерінен, Гурьев және Ақтөбе облыстарының әскерілерінен тұратын сегіз із-кесу тобы жұмылдырылды. Олар Гурьев облыстық ХІІКБ бастығының орынбасары Волковтың басшылығымен 18 күннің ішінде Мақат және Жілік аудандарының

территорияларын тынымсыз қарап шықты. Парашютшілердің тауларды пайдаланып жасырынып, қарулы қарсыласу көрсеткендеріне қарамастан толыққанды залалсыздандырылды. 1943-1945 жылдар аралығында гитлершілермен жалпы саны 55 адамнан тұратын парашютті десанттар тасталды. Олардың барлығы өздерінің қызметтерін іске асыра алмай жойылды. Гитлершілдер бірнеше мәрте Қазақстанның маңызды бекеттеріне авиациялық шабуылдар жасаған. Үрді мен Жәнібек аудандарында ұшақтардан Германияға бағынуға шақыратын жалған партиялық билеттер мен листовкалар тасталған. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндері Қазақ КСР-інің ХІІК барлық облыстардағы ішкі істер басқармаларына соғысқа байланысты қылмыстық қызметтер мен саяси бандалық құрылымдардың күшеюі мүмкін делінген хаттар жіберілген. Олардың ұйымдастырушылары мен жетекшілері бұрынғы байлар, кулактар, молдалар, барымташылар, олардың балалары Қызыл Әскерден қашқандарды өз жақтарына тартқан. Сонымен қоса, Қазақстанға соғыс уақытында 1,5 астам адам келген (эвакуцияланғандар, арнайы көшірілгендер, репатрианттар, әкімшілік жер аударылғандар және т.б.). Олардың көбісі кеңестік билікке жаулық көзқарас танытқан, бұл республикада бандитизм пайда болуының қаупін тудырды. Бандалық құрылымдардың қатысушылары колхоздарға, совхоздарға, сауда және басқа да ұйымдарға қарулы шабуылдар жасап отырды; халықтың арасында кеңестік билікке қарсы үгіттер жүргізді; өздерінің алдына батыс Қытайға көшіп кетуді мақсат қылып қойды; кеңестік, партиялық жұмыскерлерге, әскерилер мен ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қарсы террористік актілер ұйымдастыру; бытыраған бандалық топтарды бір бандалық құрылымға біріктіріп, гитлерлік Германиямен бірігіп, Кеңестік билікке қарсы шығу. Олар колхозшыларды Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің іс-шаралары мен колхоз мүлкін басып алуға үгіттеді. 1943 жылы Семипалатинск облысындағы Жарма және Шар аудандарындағы Атахановтың бандалық тобы жойылды, ол колхоздарға, совхоздарға, ұйымдарға, жекеленген азаматтарға 32 қарақшылық шабуылдар жасаған. Олармен 103 ат, 8 түйе, көптеген ірілі-ұсақты мүйізді жануарлар тоналған. 1943 жылдың аяғында бандитизммен күрес жетістіктерге жетізген. Ішкі істер органдары осы уақытқа дейін үлкен тәжірибе жинап, көбіне бандаларды олардың құрылу сәтінде жойған. Көптеген бандалық құрылымдардың қатысушылары Қызыл Әскердің жетістіктерінің әсерінен, ішкі істер органдары жүргізген жаппай түсіндірмелік және жедел жұмыстардың арқасында өз әрекеттерінен бас тартқан. 1944 жылы бандалардың саны күрт қысқарып, олардың әрекеттері қылмыстық сипатқа айналды (мал ұрлығы, нан, киім ұрлығы және т.б.). Республиканың милициясы соғыс жылдарында Қазақстанның басты байлығы болып есептелетін – малын күзетуге көңіл бөлген. 1941 жылы мал басының 20,9% өсті, себебі мемлекеттің батыс аудандарынан эвакуцияланған болатын. Эвакуцияланған малдың ұрлығының өсуіне байланысты КСРО ХІІК милициясының Бас басқармасы 1942 жылы Қазақстан милициясынан оның қатаң есебін жүргізумен, қылмыспен күресті талап етті. Жергілікті органдарына көмекке Бас басқарма өзінің қызметкерлерін жолдады. Қолданылған шараларға байланысты қылмыстардың айтарлықтай көлемінің алды алынды, тек 1942 жылдың өзінде

700 бас шамасында қоғамдық және малдың басы ұрылардан алынып, бұрынғы иелеріне қайтарылды. Барлық соғыс уақытында республиканың милиция органдарымен колхоздар мен жеке тұлғаларға 3 мыңнан астам мал басы қайтарылды. Соғыс жылдарындағы милицияның маңызды міндеттерінің бірі мемлекет қазынасын талан-таражға түсірушілермен, мемлекеттің экономикасына нұқсан келтіретін спекулянттармен күресу болды. Ұрлықтың негізгі объектілеріне негізінен азық-түлік пен бірінші қажеттілік тауарлары жатты. Қылмыстар көбіне сауда-саттық ұйымдарында, қоғамдық тамақтану мекемелерінде, өндірістік базаларында және МТС орындарында жасалды. Мемлекеттік меншікті ұрлаудың жауаптылығы бұл кезеңде жоғары болды.

Милиция фашизмді жеңуге айтарлықтай үлес қосты, өйткені қызметкерлердің көпшілігі өздерінің міндеттерін асқан ерлік пен өздерін құрбандыққа шалу арқылы қойылған міндеттерді орындап отырды. Соғыс жылдарында милиция қызметкерлері демалыссыз-еңбек демалысынсыз тәулігіне 14-16 сағаттан жұмыс жасаған, сонымен қоса олар ашығып жүріп, қарулы қылмыскерлермен күрескен. Қазақстандық милиционерлер өздерінің негізгі қызметтерімен қоса Гурьев облысындағы жаудың диверсанттарын жойған, Солтүстік Батыс Қазақстандағы жау әуе шабуылдарының нәтижелерін қалпына келтірген, соғыстан қашқан және отанын сатқан бандалармен күрескен. Статистика бойынша 1943 жылы Қазақстанда 196 бандалық топтар жойылып, 3698 соғыстан қашқандар мен 17 жау парашютшілері ұсталған, 5277 бірлік атыс қаруы тәркіленген.

КСРО территориясының босатылуы басталғаннан 1943 жылдың ақпанынан Қазақ КСР ХІІК милиция органын жинақтау мақсатында жедел уәкілдерді дайындаудың үш айлық курстары ұйымдастырылды, олардың азат етілген территорияларда жұмыс жасауы көзделген. Қазақстандық милиционерлер соғыс жылдарында қылмыскерлермен күресте, қоғамдық тәртіп пен тыл қорғауында өз міндеттерін аянбай адал атқарды.

Кеңестік үкімет милиция жұмыскерлерінің еңбегін жоғары бағалады. Фашизммен қанды қақтығыстарда Отанға, антқа адалдығына, тылдағы қоғамдық тәртіпті қорғауда адал қызметтері үшін мыңдаған милиция қызметкерлері ордендермен және медальдармен марапатталды. Олардың көбісі Кеңес Одағының батырлары атанды және Даңқ орденінің толық иегерлері атанды.

1946 жылы ХІІК қайта құрудан өткізілді. ХІІК негізінде құрылған ІІМ мен МҚМ алдында қылмыспен күрес сұрағы қауырт тұрды. Бұл жұмыстың қиындығы көпшілік қылмыстық бандалардың атыс қаруымен қарулануы болды. Прибалтика мен Батыс Украинадағы ұлтшылдық, антикеңестік күрестер өте күрделі мәнге ие болды. Құқық қорғау органдарының функцияларында айтарлықтай өзгерістер болып өтті, соның ішінде әскери жағдайға қатысты міндеттіліктер алынып тасталды. Соғыстан кейінгі жылдардағы милицияның басты міндеті қоғамдық тәртіптің жағдайы мен қылмыстық деңгейдің өсуіне әсер ететін соғыстан кейінгі жағымсыз әрекеттерді жою болды: бандитизм, социалистік меншікті ұрлау, спекуляция, жасөспірімдер қараусыздығы және т.б. Осы кезеңде Қазақстанның 16 облысында, 3 қаласы мен 200 аудандарында

милиция басқармалары болды.

Милиция оған жүктелген міндеттерімен МҚМ құрамына енгізілді. Соғыстан кейінгі жылдарда кеңестік халық мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатында позитивті өзгерістер күтті, бірақ ондай кезең болмады. Сталин кеңестік халықтың жеңісінің ұйымдастырушысы және рухтандырушысы болып жарияланды. Елде саяси репрессиялардың жаңа толқыны басталды – «ленинградтық іс», «космополиттер ісі», «дәрігерлер ісі» және т.б. Лагерлерде жағдай өте ауыр болды, оның себебі соғыс алаңында болған сотталғандар лагерлерге қайта қайтарылды. Лагерлерге соғыс уақытында тұтқынға түскендердің, сонымен қоса немістерге көмек көрсетті деп айыпталғандардың барлығы қамалды. Қылмыс әлемінде ескі формациядағы белсенділермен, яғни соғыс жылдарында лагерлерде қалғандар мен «польский ворлар» яғни соғыс жылдарында қолдарына қару алып Отан қорғауға барғандардың арасында лагердегі беделге талас күрестері басталды. 50-ы жылдардың басында лагерлердегі тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатында бостандығынан айыру орындарындағы бандитизм үшін жауаптылық – ату жазасы. Азаматтардың, сонымен қоса әлеуметтік халық санаттары мен толық ұлттарды 40-ы жылдардың аяғы мен 50-ы жылдардың басында саяси қудалаулар аяқталған жоқ. Кеңестік халықтың ұлы көсемі қайтыс болғаннан кейінгі келесі күні МҚМ мен ИМ Л. Берияның басшылығына біріктірілді. Қолдан жасалған істерді қайта қараулар мен тексерулер басталды. 1953 жылы көктемде КПСС ОК Президиумында Л. Берия саяси сотталғандарға кең көлемде қайырымдылық жариялау жобасын ұсынды, бірақ оның ұсыныстары қабылданбады. Қайырымдылық туралы Жарлық 5 жылға дейінгі сотталғандардың барлығына көмектесті, ал бостандыққа шыққан саяси сотталғандардың саны немқұрайлы болатын. Бұл шешім ойластырылмаған болатын: бостандыққа бір мезгілде миллионнан астам қарапайым қылмыскерлер – ұрылар, бұзақылар, қарақшылар шықты. Елде ауыр криминогенді жағдай туды. ИМ аппараты мен қызметкерлері күшейтілген режимде жұмыс жасады. ИМ әскерлері Мәскеу мен басқа да қалаларға патрульдеуге тасталды. Тәртіп тез арада қалыпқа келтірілді. Берия үлкен билікті жинады және шыныменен мемлекеттің бірінші тұлғасы бола алар еді, бірақ мемлекет басшылығының қастық пиғылдары оған мұны жасауға мүмкіндік бермеді. 1953 жылы маусымда Хрущевтың, Маленковтың және Жуковтың жетекшілігімен Берияны құрту акциясы ұйымдастырылды, ол тұтқындалып, халық жауы ретінде атылды. Кеңестік құқық қорғау жүйесі қызметінің жаңа тұрақсыз кезеңі басталды. КПСС ОК шілдедегі (1953) пленумы қатаң заңдылықтың бұзылуы, билікті асыра пайдалану, азаматтарға қатысты репрессиялар сұрағы қойылды.

Мемлекет өміріндегі айтарлықтай маңызды оқиға партияның XX съезі (1956 ж.), онда Н. Хрущевтың баяндамасында Сталиннің тұлғасына сын айтылған. Баяндамада Сталиннің 1921 жылдан 1953 жылдар аралығында билікте болған жылдарында ОГПУ коллегиясымен, ХПК үштігімен, Ерекше жиналыспен, Әскери коллегиямен, КСРО соттарымен және трибуналдарымен саяси себептер бойынша 3,8 миллион адам сотталып, оның 650 мыңы атылды (ресми деректер бойынша). Сталин репрессиялық амалдардың жүзеге

асырылуын жеке өзі қадағалап отырды және әрдайым бұлардың күрделілендірілуін талап етті. Съездің резолюциясы заңдылықты бекітуге, азаматтардың құқықтарын қатаң сақтауға шақырды.

Қиын әлеуметтік-саяси жағдайда 1954 жылы тамызда КП ОК шешімімен Қазақстан ішкі істер министрі болып Шырақбек Қабылбаев тағайындалды.

Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаев (1908-1976 жж.) – мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР ішкі істер министрі, генерал-лейтенант (II рангілі ішкі қызмет генерал-лейтенанты), ІІМ еңбек сіңірген қызметкері.

1908 жылы 9 наурызда Семей губерниясы (Қазақ КСР Семей облысы Абыралы ауданы №2 ауыл) Қарқаралы уезі Абыралы №3 ауылында дүниеге келген.

Ата-аналары: Әкесі – Қабылбай Бұхарбаев (1860 ж.т.), шешесі – Масура Бұхарбаева (1874 ж.т.). 1930 жылы колхозға кіріп, 1932 жылға дейін Абыралы ауданының №2 ауылында тұрған. Ата-аналарының ауылдастары ішінен Абыралы ауданында В.М. Молотов атындағы колхоз ұйымдастырылған. Әкесі 1933 жылы Семей қ., ал шешесі 1948 жылы Жамбыл облысы Луговской ауданында қайтыс болған.

1923 жылға дейін Ш. Қабылбаев ата-аналарымен бірге тұрып, ауылдың мектебінде оқыған. Ауылдық мектепте 3 сыныпты аяқтағаннан кейін, 1924 жылы Семей қ. ересек қазақ мектебінің оқуына, кейіннен 1925 жылы Семей педагогикалық техникумының даярлық тобына түседі.

1925 жылдың қыркүйек айынан бастап 1931 жылдың маусым айына дейін Семей педагогикалық техникумында білім алған, алғашында 2-і даярлық тобында, содан кейін 4 негізгі курстарда.

1926 жылғы 21 ақпаннан бастап 1934 жылға дейін ВЛКСМ мүшесінде болған. Бірінші большевист бойынша 1930 жылы Ұлан ауданының Семейлік аймақ басқарушысы болып іссапарға жіберілген, онда 5 ай қызмет атқарған.

Техникум қабырғасында комсомолдық жұмыстарға қатысқан. Техникумда болған кезінде Түрксіб линиясы бойынша таратушы және «Қарабаш-Тұз» Сольпром балалар алаңының меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1930 жылдың 5 тамызында Семей қалалық партия ұйымының ВКП (б) кандидаты болып қабылданған.

1931 жылдың шілде айына дейін «Бастауыш мектеп оқытушысы» мамандығы бойынша Семей педагогикалық техникумын (Қазақ педагогикалық техникумы) бітірген.

Техникумды аяқтағаннан кейін 1931 жылдың маусымынан бастап 15 қазанына дейінгі аралықта математика оқытушысы, Семей ет сақтау құрылысының «Құрылыс училищесі» мектебінің оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

1931 жылдың 15 қазанынан бастап 1932 жылдың 10 ақпанына дейін Семей қ., халыққа білім беру қалалық бөлімінің инспекторы болып қызмет атқарады.

1932 жылдың 10 ақпанынан бастап 25 қазанына дейін Семей облысының Жаңа-Семей қ., колхоз жастарының үлгілі жетілік мектебінің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

1932 жылы Совет армиясының қатарына шақырылды. 1932 жылдың 10 қарашасынан бастап 1933 жылдың 14 қарашасына дейінгі аралықта Алматы қаласы Кавалерия ұлттық полкінің қызыл әскерінде қызмет етеді. Орта білімі бар болғандықтан армияда бір жыл қызмет етіп, 1933 жылдың қараша айында взвод командиріне емтихан тапсырып (орташа комсомол құрамы) қайтарылады.

Әскерден қайтарылғаннан кейін ОГПУ-НКВД жұмысқа қабылданады.

1933 жылғы 20 қарашадан бастап 1938 жылғы 10 наурызға дейінгі аралықта НКВД органында қызмет атқарады.

1933 жылғы 20 қарашадан бастап 1934 жылдың 22 наурызына дейін Қазақ КСР ОГПУ Ақтөбе облыстық бөлімінде тәжірибеде болады.

1934 жылдың наурыз айында Алматы қ. ОГПУ үкіметінің өкілетті МҚБ Ұлттық жедел курстарына жіберіледі де, оны 1935 жылы наурыз айында бітіреді.

Курс аяқталғаннан кейін Қазақ КСР бойынша НКВД Басқармасының Алматы қ. МҚБ Ерекше бөлімінің 4-ші бөлімшесінің уәкілі болып тағайындалады.

1936 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1937 жылдың 1 маусымына дейін Қазақ КСР бойынша НКВД Басқармасы Алматы қ. Ерекше бөлімінің жедел уәкілі болып қызмет атқарады. 1936 жылдың сәуір айында оған «мемлекеттік қауіпсіздік сержанты» атағы беріледі.

1937 жылдың 1 маусымынан бастап 1938 жылдың 14 наурызына дейін Қазақ КСР бойынша НКВД Басқармасының Алматы қ. МҚБ 3-ші бөлімінің 5-ші бөлімшесінің уәкілі болып қызмет атқарады.

1938 жылдың наурыз айында Қазақ КСР НКВД партиялық ұйымының КПСС мүшесі болып қабылданады.

1938 жылғы 14 наурызда денсаулық жағдайы бойынша зейнеткерлікке шығады және НКВД командалық құрамына енгізіледі.

1938 жылдың наурыз айында Алматылық партия ұйымымен (партиялық билет №1597804) БКП (бүкілодақтық коммунистік партия) (б) мүшесіне қабылданады.

НКВД органының қызметінен босатылғаннан кейін 1938 жылдың наурыз айынан бастап тамыз айына дейін Ш. Қабылбаев Қазақ КСР СХК құпиялы қызметінің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

1938 жылдың 9 тамызында Ш. Қабылбаев Қазақ КСР Совет Министрлігінен ауыстырылады да Қазақстанның ОКК (б) аппаратына жұмысқа қабылданады.

1939 жылдың 7 қаңтарынан бастап Қазақстанның КП ОК хатшысының көмекшісі лауазымының жұмысына кіріседі. Осы аралықта Шырақбек Қабылбаев Қазақстанның КП ОК хатшылығының үшінші көмекшісі, содан кейін екінші көмекшісі болып қызмет атқарады. Партиялық тапсырыс тәртібінде ОК партиясының ерекше секторында партия ұйымының орынбасары болып қызмет атқарады. Қазақстанның КП ОК хатшысының көмекшісі және Қазақстанның КПОК кадр бөлімі нұсқаушысы лауазымында 1941 жылдың 8 наурызына дейін қызмет атқарады.

1940 жылдың қараша айында Ш. Қабылбаевқа «кіші лейтенант» арнайы

атағы беріледі.

1941 жылғы 8 наурыздан бастап 1942 жылғы 11 наурызға дейін Қазақстанның КП ОК кадр бөлімінің советтік орган кадр секторының меңгерушісі болып қызмет атқарады.

1942 жылғы 11 наурыздан бастап 1948 жылғы 16 қарашаға дейін Қазақстанның КП ОК ұйымдастырушы-нұсқаушы бөлім меңгерушісінің орынбасары болады.

1943 жылдың ақпан айында Ш. Қабылбаевқа «аға лейтенант» арнайы атағы беріледі.

1947 жылдың 15 қаңтарынан бастап 24 қазанына дейінгі аралықта Ш. Қабылбаев БКП ОК (б) кезіндегі Жоғары партия мектебінде партиялық басқарушылардың тоғыз айлық қайта даярлау курсын бітіреді.

1948 жылдың 16 қарашасынан бастап 1953 жылдың 9 мамырына дейін Қазақстанның ОК КП әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

1952 жылы КПСС ОК кезіндегі Жоғары партия мектебінің «партиялық-советтік жұмыскер» мамандығы бойынша сырттай оқу бөлімін үздік бітіреді.

Қазақстанның КП ОК бөлімдерінің бірігуіне байланысты Ш. Қабылбаев 1953 жылдың 9 мамырда Қазақстанның КП ОК әкімшілік және сауда – қаржы органының бөлім меңгерушісі болып бекітіледі.

Қазақстанның КП ОК аппаратында Ш. Қабылбаев 16 жыл қызмет атқарған.

1954 жылғы 10 тамызда КПСС ОК Қаулысымен Ш. Қабылбаев Қазақ КСР Ішкі істер министрі болып бекітіледі.

1954 жылдың қараша айында Шырақбек Қабылбаевқа «полковник» арнайы атағы беріледі.

1957 жылғы 17 наурызда Ш. Қабылбаевқа 3 рангілі ішкі қызмет генерал атағы беріледі.

Қазақстанның ОК КП бюросының 1959 жылғы 19 қазандағы «Республика Ішкі істер министрлігінің жұмысында түйінді кемшіліктер туралы» қаулысына сәйкес ол Қазақ КСР ІМ қарамағына қалдырылады және тағайындалған лауазымынан босатылады. Бұл жағдайға, Теміртау қ. оқиғасы, ондағы Қарағанды металлургия зауытының құрылысы кезіндегі жаппай тәртіпсіздіктің пайда болуы себепті болған.

1959 жылғы 16 желтоқсаннан бастап 1960 жылғы 27 ақпанға дейінгі аралықта ЖӘҚҚ (жергілікті әуеге қарсы қорғаныс) Алматылық республикалық мектебінің курс бастығы болып қызмет атқарады.

1960 жылдың 27 ақпанынан бастап 19 сәуіріне дейін Қазақ КСР ІМ қарамағында болады.

1960 жылдың 19 сәуірінен бастап 5 тамызына дейін Алматылық облыстық советінің еңбекші депутатының атқарушы (УООП) Қоғамдық тәртіп күзеті Басқармасы (ҚТКБ) бастығының орынбасары болып қызмет атқарады.

1960 жылдың 5 тамызынан бастап 1961 жылдың 4 қаңтарына дейін Алматы облыстық совет еңбекші депутатының атқарушы УООП бастығының міндетін атқарады.

1961 жылдың 4 қаңтарынан бастап 1967 жылдың 12 сәуіріне дейін

Алматы облыстық совет еңбекші депутатының атқарушы УООП бастығы болып қызмет атқарады.

1967 жылдың 12 сәуірінен бастап 1973 жылдың қарашасына дейін Қазақ КСР Ішкі істер министрі лауазымында қызмет атқарады.

1967 жылғы 1 қарашада Ш. Қабылбаевқа 2 рангілі ішкі қызмет генерал атағы беріледі.

Ш.Қ. Қабылбаев Қазақстанның КП ОК мүшесі болып төрт рет, Қазақ КСР Жоғары Советінің депутаты болып үш рет сайланады.

— 1947 жылдан бастап 1953 жылға дейін Алматы қалалық советінің еңбекші депутаты;

— 1945 жылдан бастап 1951 жылға дейін Алматы қ., Сталиндік аудандық комитеті партиясының мүшесі; Қазақстанның КП ОК аппаратының партиялық ұйым бюросының хатшысы;

— 1949 жылдың ақпанынан бастап 1954 жылдың ақпанына дейін Қазақстанның КП ОК мүшесі;

— 1962 жылдан бастап Қазақстанның КП Алматы облыстық комитетінің мүшесі, Алматы облыстық советінің еңбекші депутатының депутаты болған.

— 1967 жылдың 12 наурызында Алматы облыстық советінің еңбекші депутатының депутаты болып тағайындалған;

— 1967 жылдың 24 желтоқсанында Қарағанды облысы Қаражал округі бойынша Қазақ КСР Жоғары Советінің депутаты болып тағайындалған;

— 1971 жылы 26 ақпанда Қазақстанның КП Орталық комитетінің мүшесі (Қазақстанның КП XII съезінде сайланған) болып сайланған;

— 1971 жылы Қазақ КСР Жоғары Советінің депутаты болып тағайындалған.

Еңбек Қызыл Ту орденімен (1956, 1967 жж.), Ленин орденімен, «Қызыл жұлдыз» орденімен (1945 ж.), Қазақ КСР Жоғары Советінің Құрмет грамотасымен, КСРО ИМ Құрмет грамотасымен (1970 ж.), «КСРО Қарулы күштеріне 40 жыл» медалімен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін» медалімен» (1945 ж.), «Мінсіз қызметі үшін» III дәрежелі медалімен, «Мінсіз қызметі үшін» II дәрежелі медалімен, «Мінсіз қызметі үшін» I дәрежелі медалімен, «Тың жерді игергені үшін» медалімен, «Советтік милицияға 50 жыл» мерейтойлық медалімен, «В.И. Лениннің туғанына 100 жыл тойлауындағы қажырлы еңбегі үшін» мерейтойлық медалімен (1970 ж.), «КСРО Мемлекет шекарасын күзетуде ерекшелігі үшін» медалімен, «КСРО Қарулы күштеріне 10 жыл» медалімен, «Қоғамдық тәртіпті күзету бойынша ерекше қызметі үшін» медалімен марапатталған. КСРО ИМ Құрмет кітабына енгізілген.

Үйленген, екі қызы және бір ер баласы бар. Жұбайы — Қазиза Мусиновна Қабылбаева (1908 ж.т.), қыздары: Раиса Қабылбаева (Бекзатова) (1934 ж.т.), Әсия Қабылбаева (1936 ж.т.) және ұлы – Марат Қабылбаев (1939 ж.т.).

Ел алдындағы Ш.Қ. Қабылбаевтың қызметін және оның ішкі істер органдары саласындағы мемлекеттік және кадрлық саясатын жетілдіруге қосқан үлесін ескере отырып, 2014 жылғы 9 желтоқсанда Қазақстан

Республикасы Үкіметінің №1287 Қаулысымен және ол жөнінде мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясына Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевтың құрметті есімі берілді.

2. XX ғасырдың 60-80 жж. ішкі істер органдарының дамуы

КСРО үкіметі партиясының XX съезінен кейін құқық қорғау органдары жұмысындағы кейбір келеңсіздіктерге көңіл бөлінді. ІО басқармасы жүйесін жетілдіру үшін 1956 жылы 25 қазанда КСРО КПСС ОК мен Министрлер Кеңесімен «КСРО ІІМ жұмысын жақсартудың шаралары туралы» қаулысы қабылданды, осыған сәйкес ІІМ милиция басқармасы мен облыстардағы милиция басқармалары ІІБ біріктірілді және еңбекшілер депутаттарының Кеңесінің құрамына берілді. Ішкі істер облыстық басқармасының бастығы бір уақытта облыс облыс милициясының бастығы болды және өзінің қызметі бойынша Кеңестің алдында және жоғары тұрған органның алдында жауапты болды. Осылай милицияның екі жақты бағыныштылығы қалпына келтірілді. Бұл ІО қызметіндегі өзгерістер ІІМ мен басқа құқық қорғау органдарының күшейіп кету қаупінен қауіптенгендіктен Н. Хрущевтың бастамасымен жасалды. Ол уақытта МҚМ КСРО МҚК қайта құрылды, түзеу мекемелері әділет Министрлігінің құрамына берілді, ГУЛАГ жойылды. Н. Хрущев «бөліп ал да билей бер» принципі жүзеге асыра отырып, ІІМ мен МҚК арасындағы қайшылықтарды тудырды, енді олардың біреу сыртқы барлаумен айналысса, екіншісі саяси полиция функциясын орындады. Егер МҚК партия ОК мен үкіметтің тарапынан үлкен көмек пен назарға ие болса, ІІМ өте қиын жағдайда қалды. Хрущев басқаруы уақытында ІО 400-ден астам қызметкерлер шығарылды, ал кадрлық сұрақ партиялық және комсомолдық ұйымдар мен әскерден келгендердің қатарымен толықтырылды. Бұл милиция жұмыскерлерінің кәсібилік деңгейінің құлауымен және қылмыстың өсуіне әкелді. Маңызды мәселелерді валютаристік әдістермен шешу Хрущев пен оның жақтастарына тән болды. Мемлекет ішіндегі ойланылмаған саясат Новочеркассктегі немесе Теміртаудағы күрделі оқиғаларға әкелді. Теміртау қаласында 1959 жылы жазда әлеуметтік мәселелердің шешілмеуінен жұмысшылардың жаппай тәртіпсіздігі өтті. Көтеріліс басылғаннан кейін барлық жауапкершілік Қазақстан ІО жүктеу туралы шешім қабылданды, көптеген әділ қызметкерлер жұмыстан шығарылды, соның ішінде Қазақ КСР ішкі істер министрі Ш. Қабылбаев.

60-ы жылдары милицияның қызметі 1962 жылы 17 тамызда КСРО Министрлер Кеңесімен бекітілген кеңестік милицияның қызметі туралы Ережемен реттелді. КСРО ІІМ Қоғамдық тәртіпті қорғау Министрлігі (МООП) болып қайта құрылды. Ережеге сәйкес милиция мемлекеттің әкімшілік-атқару органы болып, қалаларда, елдімекендер мен транспорттық магистральдарда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыстық әрекеттерден азаматтардың құқығын қорғау. Милицияның екі жақты бағыныштылығы орнатылды, депутаттар Кеңесі мен қоғамдық тәртіптің жоғарғы органы. 10 қараша жыл

сайын салтанатты түрде кеңестік милиция күні болып бекітілді. ҚТҚМ жұмысының негізгі әдісі қоғамдық тәртіп үшін қоғамдық ұйымдастыру болды. Халықты жаппай ерікті халықтық дружиналарға жинау басталды, бірақ бұл жұмыстың нысаны мен милиция жұмысының нашар кәсібилендірілуі қылмыстың алдын алуға септігін тигізе алмады. Негізінен барлық шаралар жасалған қылмыстарды ашуға бағытталған, жедел жұмыс күрделі түрде құлдырап кеткен. Нәтижесінде 60-ы жылдардың екінші жартысында мемлекетте қылмыстың күрт өсуі басталды.

1963 жылы ішкі істер органдарында тергеу аппараты құрылды. Бірнеше жыл жұмысы уақытында ол өзін толығымен ақтай алды, КСРО ІІМ оның құрылымы мен жұмыс әдісін толығымен жетілдіріп отырды. Қайта құрулар мен құрылымдар өзгертулер бұл уақытта Қазақстан ішкі істер органдарында да жүріп жатты. Осылай 1965 жылдың өзінде Қазақстандық ҚТҚМ жаңа бөлімдер құрылды: саяси-тәрбие жұмысы, техникалық, техникалық ақпараттандырудың орталық бюросы, арнайы шаруашылықтанған жоспарлау-құрастыру бюросы және басқалары.

1967 жылы Қазақстан ҚТҚМ басшылығына қайтадан Ш. Қабылбаев тағайындалды. Ол ІІО қызметі мен қамтамасыз етілудің мәселелі сұрақтарына тура қарап, милицияның қазіргі жағдайын бұлай қалдыруға болмайтындығын айтты. Көп ұзамай кеңестік үкіметтің қаулысы қабылданды, онда милиция жұмыскерлерінің беделін көтеру және әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жалақы деңгейін көтеру, жаңа нысандық киім үлгісі мен басқа да бірқатар амалдарды енгізу қарастырылған.

Ерекше назарды сол кезеңде ІІМ құрамына енгізілген еңбекпен-түзеу жүйесінің жұмысына да бөлуге болады. Өткен ғасырдың 70-ы жылдарының басында Қазақстанда 60 еңбекпен-түзеу мекемелері болып, онда жүз мыңда дейін сотталғандар ұсталды. Басты міндет еңбекпен түзеу жолымен сотталғандардың сотталғандардың түзелу жолына түсуіне көмектесу. Және бұл міндет нәтижелі шешіліп отырды. Колониялардың ішінде өздерінің өндірістері болды: темір өңдеу кәсіпорындары, кірпіш зауыттары, тігін және жиһаз фабрикалары, ауылшаруашылық және басқа да кәсіпорындар. Көптеген ЕТМ сотталғандарға білімдер мен мамандық алуға септігін тигізетін жалпы білім беретін кешкі мектептер мен кәсіби техникалық училищелер болды. Министрствоның тиімді өндірістік жұмыстарының арқасында пенитенциарлық мекемелер мен ішкі істер бөліністерін, колонияларды күзететін атты әскерлерді ұстау қиындық туғызбады.

1968 жылы ҚТҚМ ІІМ болып қайта құрылды, министр болып Н. Шелоков тағайындалды. Келесі негізгі бағыттарда жүрген ішкі істер органдарын бекіту жолы басталды:

1. Кадрлық жұмыс. КСРО-да ІІМ-нің көптеген жоғарғы және орта оқу орындары құрылды.
2. Құқық бұзушылықтардың алдын алу.
3. Жедел жұмыс.
4. Қашқын қылмыскерлерді іздеу.
5. Ұрлықпен күрес.

6. Ақпараттық-сараптау жұмысы.

Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың үлкен жұмысының нәтижесінде қылмыстық жауапқа тартылатын қылмыстардың саны азайды.

60-70 жж. Милиция кадрларын жасақтау, орналастыру және оқыту сұрақтарынан үлкен жұмыстар жүргізілді. Басты назар негізгі бөліністерді құруға жұмсалды. Ұзақ уақыт бойы қызметкерлердің жетіспеушілігі мен кадрлардың тұрақтамауы байқалды. 1966 жылы республикалық ІІМ органдарының штаты 1960 жылмен салыстырғанда көбейді. Республика территориясында милицияның жаңа аудандық 14 бөлімі құрылды.

60-70 жылдардың аясында Ш. Қабылбаев милиция қызметі мен кәсіп беделін айтарлықтай деңгейге көтере білді. Дәл осы уақытта үлкен көлемді тираждармен жалпы редакциямен және Ш. Қабылбаевтың мақалаларымен 300-400 мың дана милиция туралы кітаптар шықты. «Синие шинели», «Преступления могло не быть», «Особое назначение», «Бессонный патруль». Осы кезеңнің балалары милиционер болуды армандады. Еңбек ұжымдары өздерінің үздік өкілдерін милицияға қызметке бағыттап отырды.

1970 жылы Қарағанды қаласында Шырақбек Қабылбаевтың белсенді қатысуымен КСРО ІІМ жоғарғы мектебі ашылды, онда бір мезгілде күндізгі және сырттай оқыту бөлімдерінде 1600 болашақ офицер-заңгерлер білім алды.

Қазақстанның және Қарағандының мемлекеттік және қоғамдық ұйымдары оның құрылуы мен профессорлық-оқытушылық құрамды жинақтауға белсенді көмек көрсетті. Жоғарғы мектеппен қоса республикада кіші және орта басшылық құрамды дайындау үшін облыс аралық мектептер мен оқу пункттері құрылды.

70-ы жылдары ішкі істер органдары мемлекеттегі саяси жағдайға қатысты кесір құбылыстар кезікті. 1982 жылы министр болып В. Федорчук тағайындалды. КСРО ІІМ басшылығының ауысуы милиция жеке құрамында көлемді кадрлардың тазалығын жүргізді. 1982 жылдан 1986 жылдар аралығында ҚІБ-нің 4700 бастығы (яғни тәжірибелі түрде барлығы) ауыстырылды. Кеңестік ІІМ жүйесінен барлығы 300 мың қызметкер шамасында жұмыстан шығарылды. ІІО басшылық лауазымдарына комсомолдық, партиялық және шаруашылық жұмыскерлерді бағыттау тәжірибеге алынды.

1985 жылы М. Горбачевтың бастауымен қайта құру басталды. КСРО МҚК мен ІІМ жаңа экономикалық қылмыстарға дайын болмады. Жаңадан ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қылмыстың жаңа нысандары пайда болды: бопсалау, қаржылық қылмыстар, тапсырыспен кісі өлтіру және т.б. Прибалтикада, Орта Азияда, Кавказда және басқа да аймақтарда ұлттық қақтығыстар күрт өсіп кетті. Өкінішке орай, көбіне ІІО мен МҚК күш көрсету әдістерімен ғана әрекет етті. Мысал келтірсек, 1986 жылғы желтоқсандағы Алматыдағы оқиға. Бұл оқиғаның нәтижесі қазақ жастарына қатысты репрессиялар болды. 1988 жылы 2 сәуірде КСРО үкіметі «Мемлекеттегі қылмыспен күрес және құқық бұзушылықтардың алдын алудың қосымша амалдары туралы» Қаулысы қылмыскерлер мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға қатысты органдардың саясатын күшейтуді қарастырды. 1989 жылы арнайы міндеттерді орындау үшін ОМОН-дар құрылды. Ішкі әскерлерден

арнайы жасақ әскерлерінің көлемі ұлғайды және әскери дайындық деңгейіне қатысты талаптар артты. (1989 жылы ішкі әскерлер ҚМ құрамынан ІМ құрамына берілді). Бірақ негативті процестер органнан кәсібилердің кооперативтерге, жеке фирмаларға, күзет құрылымдарына кетуіне байланысты азаймады. Әлеуметтік қамсыздандырылмау, жалақының аздығы, тұрмыстық мәселелер жұмыс деңгейіне әсер етті. Қайта құру оқиғасының қорытындысы 1991 жылғы тамыздағы Мәскеу бүлігі. МҚК мен ІМ органдары негізгі массада бейтараптық танытты. 1991 жылдың аяғы КСРО-ның ыдырауына әкеп соқты. ТМД мемлекеттерінің құқық қорғау жүйелерінің өзіндік дамуының жаңа кезеңі басталды.

4-ТАҚЫРЫП. ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ ШЕТЕЛДЕР МЕМЛЕКЕТІ ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Жоспар:

1. Батыс Еуропалық мемлекеттердегі қылмыспен күрес органдары. Интерпол
2. АҚШ-тағы қылмыспен күрес жүйесінің дамуы

1. Батыс Еуропалық мемлекеттердегі қылмыспен күрес органдары. Интерпол

Қазіргі замандағы қылмыспен күрес органдарының дамуы мемлекеттік аппарат дамуы мен саяси режим ауысуының деңгейіне байланысты болды. Бұл кезеңде мемлекеттіліктің дамуы бірқатар арнайы ерекшеліктерден тұрды. XX ғасырдың басындағы Еуропадағы революциялар әлемдік өркениет дамуының болашағын анықтап берді. Жаңа типтегі мемлекеттерді құру (Ресей, Германия, Италия), антиколониалдық және демократиялық қозғалыстар күрестерінің күшеюі (Ұлыбритания, Франция, АҚШ) XX ғасырдың бірінші жартысында тек жазалау органдары ғана болды. XX ғасырдың 50-ы жылдарынан бастап әлемдегі қоғамдық-саяси жағдайдың өзгеруімен және қылмыстық саясаттың гуманизациялануына байланысты полиция функциясы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Бірінші кезекке азаматтардың заңды көзқарастарын қорғау мен қылмыстың алдын алу мен ескерту шықты. Полиция жұмысының жаңа нысандары мен әдістері белсенді түрде енгізіле бастады, соның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес аясындағы халықаралық ынтымақтастық. Қазіргі дамыған шетелдік мемлекеттердің әрқайсысында аталған мемлекеттің даму ерекшеліктеріне байланысты өзінің құқық қорғау жүйелері бар. XX ғасырдың соңғы онжылдығында құқықтық тәртіпті қорғау күштерінің алдында жаңа міндет тұрды – діни экстремизммен және халықаралық терроризммен күрес тұрды.

Әрбір дамыған мемлекетте полицияның өзіне тән құрылымдық және функционалдық ерекшеліктері бар. Федералдық мемлекеттерде (АҚШ, ГФР) полиция өзінің өкілеттіктер мен территориялық юрисдикцияға байланысты үш звеноға бөлінеді: федералдық, штаттық (жерлік, шеткі аймақтық), муниципалдық. Унитарлық мемлекеттерде (Франция, Ұлыбритания) екі звенолы жүйе әрекет етеді: жалпы ұлттық полиция және муниципалдық полиция. Жалпыұлттық полицияға (мемлекеттік, федералды) орталық үкіметке тікелей бағынатын бірлестіктер жатады. Жергілікті (муниципалды) полиция жергілікті басқару органдарының басқаруында болды. Штат полициясы федерация субъектілеріне бағынады.

Функционалдық міндеттеріне қарай полиция келесі түрлерге бөлінеді:

1. Жалпы полиция көшелерде, аландарда, спорт аландарында адамдардың

жаппай жиналуын бақылайды. Бұл полиция азаматтардың көшелерде құқықтық нормалардың аясынан шықпауын қадағалап, санитарлық жағдайға, транспорт транспорт қозғалысына, өрт қауіпсіздігі жағдайына және т.б. жауап берді.

2. Қылмыстық полиция қылмыскерлерді іздестірумен, айғақтарды жинаумен, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап сотқа беру. Қылмыстық полиция қойылған мақсаттарды орындау үшін жедел іздестіру және тергеу іс-шараларын қолданады.

3. Саяси полиция мемлекеттегі саяси және экономикалық құрылысының ішкі жағын қамтамасыз етеді. Саяси полиция қызметіне мемлекеттік жүйеге қауіп төндіретін мекемелер мен жекеленген ұйымдар жатады. Саяси полиция қызметіндегі маңызды элемент – мемлекеттік мекемелер мамандарының саяси адалдығын тексеру. Саяси полиция басқа қызметтермен айтарлықтай белсенді байланысады.

4. Ведомстволық полиция – бұл арнайы ерекшеліктер қажет мемлекеттік басқарманың салаларында құрылатын ерекше құрылым.

5. Әскерилендірілген полиция (жандармерия) әскери үлгіде қаруланып, қамтылған полицияның әскерилендірілген құрылымдары.

6. Жеке полициялар шетелдерде мойындалған және қазіргі талаптармен қамтылған. Жеке полицияның детективтері өндіріс корпорацияларымен, фирмаларымен, бизнесмендерімен бәсекелестерінен меншіктерін, технологиялық құпияларын қорғауға жалдаған.

Қалыптасқан дәстүрлер бойынша көптеген мемлекеттерде әкімшілік аппарат шенеуніктері, соның ішінде полицейлер саяси бейтарап болулары керек. Полицияның бейтараптық принципі барлық қоғамның, ұлттың көзқарастарын қамтамасыз етуінен көрінеді. Бұл жерден шығатыны полиция мемлекет механизміндегі құрамдас бейтарап бөлік. Полицейлер – бұл жекелеген халық санаттары мен саяси партияларға қызмет етуші емес, барлық қоғамның, халықтың қызметшісі, сондықтан саяси күрестен тыс болуы тиіс. Полицейлер заңға сәйкес өздеріне жүктелген кәсіби міндеттерді ғана орындайды, басқа қандай да бір қызметпен айналысуына болмайды (саудасаттық, қаржылық, өндірістік, саясат).

Ұлыбритания полициясы мемлекеттің дәстүрлік бөлінісіне байланысты территориялық принциппен құрылады. 1964 жылғы полиция туралы Заңға сәйкес Солтүстік Ирландия полициясынан басқа барлық мемлекеттегі полиция күштерінің үйлестірілуі мен қызметі ішкі істер Министрі мен Шотландия істері бойынша Министрге жүктелген, олар полиция қызметі бойынша қызмет өкілеттіктерімен келісімдер жүргізе алады; графтықтар мен қалалардағы полиция күштерін біріктіре алады; полиция қызметіндегі бас констеблдерді қызметіне бекітеді; полицейлерге қатысты тәртіптік әрекет шараларын қолданады.

Қоғамдық қорғау жүйесіндегі жоғарғы орган – ІІМ. Функциялары: мемлекет басына жолданған азаматтардың рақымшылық жасау петицияларына жауаптар дайындау; графтықтар мен қалалардағы полицияларда тәртіпті және жетекшілікті ұстау; шетелдіктер мен иммигранттарды қадағалау; азаматтық қорғаныс; сайлаушыларды тізімдеу және сайлау өткізу және т.б.

Ішкі тәртіпті сақтау, қылмыстық заңдар, жасөспірім қылмыскерлер туралы заңдар және т.б. заңды күшіне енгізу міндеттері ІІМ жүктеледі. ІІМ жергілікті билік органдарын тәртіпті сақтау қаулысымен санкциялайды, полицияның жарғысын бекітеді. Негізінен ІІМ мемлекет ішілік мәндегі үкіметтік ведомстволық иерархияда «теңдердің біріншісі» болып есептеледі. Формальды түрде полиция құрылымдары автономды және муниципалитетке бағынады, бірақ ІІМ жергілікті полицияны басқаруға және қысым жасауға мүмкіншілігі өте көп.

ІІМ құрамындағы полиция департаменті бөлімінің ірі құрылымы: инспекция, полицейлік зерттеулер бөлімі, ғылыми даму тобы, басқарма бөлімі, байланыс, транспорт, қамтамасыз ету бөлімі. Барлық полиция күштерінің бас штабы Лондондық полиция, қарапайым тілмен – Скотланд-Ярд, ал ресми түрде қылмыстық тергеу Басқармасы. Скотланд-Ярдтың басшысы – комиссар. Құрылымы:

- 1) әкімшілік қызмет;
- 2) жол-транспорттық қозғалыс қызметі;
- 3) қылмыстық істерді тергеу қызметі;
- 4) мамандарды дайындау қызметі;
- 5) хатшылық;
- 6) заңдық қызмет;
- 7) басқарма қызметі;
- 8) халықпен және ақпарат құралдарымен қатынас.

Скотланд-Ярдта барлығы 25 мың қызметкер қызмет етеді. Қызметтердің ішіндегі айтарлықтай маңыздысы қылмыстық істер бойынша тергеу департаменті, ол бөлімдерге бөлінеді. Мысал ретінде, С - 1 бөлімі айтарлықтай маңызды қылмыстық істермен күреседі және Интерполмен байланыс орнатады. Қалған департаменттер Үлкен Лондон аудандарында өздеріне берілген полиция бөліністеріне басшылық жасайды (көшеде жүруді реттеу қызметі, әйелдер полициясы, сырттағы полиция, қылмыстық полиция, атты және жағалаулық полиция). Скотланд-Ярд қылмыскерлердің орталықтанған есебін жүргізеді және полицияның көзіне түскен немесе жауапкершілікке тартылған тұлғалар туралы деректер жинайды (5 миллионнан астам шамасында). Дамыған компьютерлік желінің арқасында учаскелік полицейлер орталық картотекадан кез келген адамға деректер алады.

1. Арнайы патрульдік топ. Қылмысты аймақтарда патрульдеуді жүргізу үшін азаматтық және нысандық киім үлгісіндегі қызметкерлерден тұратын нысан, қажет болғанда алдын-ала тергеуді жүргізеді.

2. Дипломатиялық өкілдіктер тобы. Шетелдік өкілдер мен дипломаттарға қатысты жасалған қылмыстардың алдын алады және жедел жұмыстар жүргізеді.

3. Тік ұшақтарды қолдану тобы.

4. Из-кесуші иттер тобы (негізінен есірткілік заттарды іздейді).

5. Терроризммен күрес бөлінісі. САС әскери арнайы жасақ базасында 70-ші жылдардың басында КРВ «Каунтреволюшинари вофэ» – «арнайы міндеттерді орындау бөлінісі» құрылды, яғни терроризммен күрес. Лондон мен

Еуропа террористеріне қарсы күресетін Ирландиялық САС және КРВ арнайы жасақтарының қызметіне «кісі өлтіруші арнайы жасақ» деген ат тағылды, себебі ережеге сәйкес террорист ердің көзі жойылатын. Бөліністің қарулануы мен дайындығы оның қызметіне сәйкес келеді.

6. А - 10 бөлімі әртүрлі мемлекетті ведомстволарға полиция шенеуніктеріне келіп түсетін арыз-шағымдарды қарастырады.

Скотланд-Ярд осылармен қоса құпия саяси полицияның да міндетін атқарады, бұл қызмет қатаң құпияда (мемлекеттің қауіпсіздігіне, ресми сапармен келген шет мемлекеттері басшыларының қауіпсіздігіне, жағымсыз элементтермен және саяси партиялардың жетекшілерін бақылауға жауап береді) және қарымта барлауды жүзеге асыратын Қауіпсіздік қызметімен (МИ - 5) тығыз байланысты.

Өзіндік басқарудағы ведомстволық полицияның бөліністері бар: судағы, жағалаулық, корольдік әскери полиция, қорғаныс министрлігінің полициясы, атомдық энергияны басқару полициясы, парламенттік сақшылар және т.б.

Полицияның әр қызметкері өзінің қызметін тек констебл мәртебесінде ғана бастайды. Шенінің және лауазымының өсуі білікті эмитхан тапсыру жолымен ғана өткізіледі, констебл бес жылдық жұмыс өтілін жинап, оның ішінде 2 жыл патрульдік қызметтен өткеннен кейін барып жоғары лауазымға өте алады. Ұлыбританияда полиция мамандарын дайындау арыз беруден басталады. Кез келген моральдық, дене және психологиялық дайындығы сай келетін ағылшын міндетті түрде 13 апталық арнайы мектепте курстан өтеді.

Ұлыбритания полициясының қолында көбіне атыс қаруының орнында дубинка ғана болатын. Әр полицейдің пагонында оның жеке нөмірі жазылған. Нысандық киім үлгісіндегі полицей келесі міндеттерді орындайды: көшелер мен шосселік жолдарда бақылау қызметтерін жүргізу, жол жүру ережелерін реттеу, жаппай адамдар жиналатын орындарда тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыс болған жерде меншік құқығының бұзылуын анықтау, сауда-саттық ережелерінің сақталуын бақылау, талап етілген анықтамалар мен түсініктемелер береді. Тек әр жиырмасыншы британдық полицей көшелерді патрульдейді. Қалғандары «қағаз жұмысымен» немесе соттарда сот тыңдауларын күтумен айналысады. Орта есеппен бір сақшының қадағалау учаскесінде 7800 адам тұрады. Статистикалық деректер бойынша 2000 жыл бойы 1000 адамға шаққан қылмыстар: Шотландияда - 430, Солтүстік Ирландияда - 240, Англия мен Уэльсте - 580. Лондонда бір полицейге тиесілі территорияда жасалатын қылмыстар: 355 ұрлық, 268 зорлық көрсету қылмыстары, 5 күрделі авто апат, 183 автомобильді қуып әкетеді. Жылына мың тұрғынға шаққандағы ашылған қылмыстардың көлемі Шотландияда - 37, Солтүстік Ирландияда - 19, Англия мен Уэльсте - 28. Ұлыбританияда 2001 жылғы жарияланған деректер лейбористердің 4 жылдық басқаруында қылмыс 40% өсіп, мемлекеттің полицейлері 3000-ға азайғаны дәлелденді. Сонымен қоса, кейбір қалалардың аудандарында жасалған қылмыстардың кемінде 6-8% ғана ашылған. Жағдайды қалпына келтіру үшін ІІМ қылмыспен күресудің он жылдық жұмыс жоспарын дайындады.

Отставкаға кету 25 жылдық қызметтен кейін жүргізілді. Отставкаға

кеткендерге жалақының $\frac{1}{2}$ көлемінде, ал 30 жыл жұмыс істесе жалақының $\frac{3}{4}$ көлемінде өмірлік зейнетақы тағайындалады. Полицейлер қызмет өткерулері барысында зейнетақы қорына 6% жалақысын аударып отырады. Егер қызметкер полициядан белгіленген мерзімнен ерте кетсе зейнетақының орнына жиналған сомасы ғана қайтарылады.

Ұлыбританияда заңды және жеке тұлғалардың тапсырмаларымен із-кесу және күзетпен айналысатын жеке полиция қызметтері де бар. Ол жерлерде көбіне отставкадағы полицейлер жұмыс істейді.

Ағылшын қоғамы полицейді сыпайылық пен сабырлылықтың үлгісі, қоғамдық тәртіптің тәуелсіз қорғаушысы деп таныды. Жалпы мемлекет полицияға көлемді көмек көрсетіп отырады, сондықтан полицияның жұмыс дәрежесі қажетті деңгейде жоғары.

XX ғасырдың басында Германияның полициясы негізінен пруссиялық үлгі негізінде жасалып, оның құрамына кіргені: Жалпы қауіпсіздік полициясы, сот полициясы, әкімшілік полиция.

Жалпы қауіпсіздік полициясы сыртқы қызметті жүргізді, төлқұжатты режимді басқарды, алдын-ала тергеу мен қылмыскерлерді ұстауды жүзеге асырды. Ол қылмыстық және саяси полицияға бөлінді. Сот полициясы қылмыскерлерді іздестірумен, түрме ісімен айналысып, жалпы қауіпсіздік полициясымен тығыз байланыста болды. Жалпы қауіпсіздік полициясы мен сот полициясы ІІМ қарамағында болды. Әкімшілік полицияның құрамына санитарлық-медициналық полиция, құрылыс полициясы, тау полициясы және т.б. кірді. Полицияның барлық жоғарғы шенділері кайзермен тағайындалды.

Империяның құлауынан және Веймар республикасының құрылуынан кейін Германия полициясы Версаль бейбіт шартына сәйкес орталықтандырылмаған, аз көлемді (80 мың қызметкер) және әскери күш сипатын ұстанбауы керек болды. Полицияның орталықтандырылмауы Веймар республикасының конституциясымен бекітілген. Бірақ 1920 жылдардан полицияның штаттарының саны ұлғайып, орталықтануы басталды. 1922 жылы қылмыстық полицияның Империялық басқармасы (РКПА) құрылды. 3 басқарма қызмет етті: іздеу, қарсы барлау, ақпараттық. Іздеу қызметінде дактилоскопиялық қызмет, қылмыскерлердің картотекасы, айғақтасушылардың жалпықылмыстық қызметі, шетелмен байланыс бөлімі болды. Бұл органдардың барлығы негізінен жалпықауіпті қылмыспен күресумен айналысты. Қарсы барлау жердегі қарсы барлау органдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асырып отырды. Ақпараттық басқарма саяси полиция қызметіне жетекшілік жасап отырды.

Веймар республикасының соңғы жылдарында, яғни 1928-1932 жылдары полицейлердің солшылдарға, демократиялық партиялар өкілдеріне деген теріс қылықтарының деңгейі өсіп кетті. Осы кезеңде полиция жазбаша бұйрықсыз тұтқындау жүргізуге, өздерінің қалауынша жиналыстарды таратуға, толқуларға тыйым салуға, сөз бостандығы мен баспа бостандығын бұзуға құқық алды. Сонымен қоса, полицейлік репрессиялар төтенше заңнамалармен заңдастырылды. Сөйтіп, 1932 жылдың 9 тамызында Гинденбург-Папеннің төтенше декреті шықты, онда саяси себептермен полиция мүшесін, әскериді

өлтірген немесе оларға көмек көрсеткен тұлғаларға өлім жазасы кесілді. Аталған тұлғаларға ауыр тән жазаларын салған адам 10 жылға каторгаға жіберілді. Германия полициясы алғашында сөзсіз НСДАП-мен (ұлтшылдар партиясы) белсенді күресті, оған мысал Мюнхендегі «сыралық бүліктегі» ату жазасы, бірақ кейін келе олар ұлтшылдарға бейтарап, сонымен қоса олардың қызметтерін жақтайтын кездері де болды.

Ұлтшылдық диктатура кезеңі (1933-1945 жж.) жаңа типтегі жазалау органдарын құрумен танылды. Оларға жататындар СА (шабуылдық бөлімше), СС (күзет бөлімшесі) және СД (қауіпсіздік қызметі). Гитлердің билікке келуінен кейін НСДАП партиясының ұрыс қаруы болып келген СА қосымша полиция функцияларын атқарды. 02.03.1933 жылғы бұйрыққа сәйкес СА дубинкалармен және револьверлермен қаруланып, полицияның барлық құқықтарын иеленді. Тек, Пруссияның өзінде ғана қосымша полицияның құрамында 50 мың адам болды. Сонымен қоса, СА әскери күш және концлагерлердің күзеті ретінде де қолданылды.

СС бөлімі 1925 жылы «арнайы тапсырмаларды» орындау үшін жинақталған таңдаулы топ болды. Билікті ұлтшылдар басып алғаннан кейін СС тәртіпті сақтауға, жиналыстарды бақылау, фюрер мен партия жоғары шенділерінің күзетіне, ішкі қауіпсіздікке жауап берді, яғни полицияның функцияларын орындады. СС басқару орталығы он екі басқармадан тұрды. Ең маңыздысы РСХА – империялық қауіпсіздіктің Бас басқармасы. СС «Schutzstaffel» – күзет бөлімі негізінен фюрердің жеке гвардиясы болды және арнайы тапсырмаларды орындады.

СС қызметке кіру үшін «нағыз арийц» стандарттарына сәйкес келу керек болды, яғни 7 атасына дейін сөзсіз неміс болу, ұзын бойлы, мықты дене дайындығы (спортпен айналысқан), НСДАП партиясының мүшесі және мінсіз мінездемесі болуы керек.

СС пен бір уақытта СД қауіпсіздік қызметі құрылды. Ол барлауды, қарсы барлауды және саяси іздестіруді жүзеге асырды.

Ұлтшылдардың билікке келінің алғашқы айларында полицияның құрылымы бұрынғысынша қалды. Кейін гитлершілдер барлық жауапты лауазымдарға СС мүшелерін қойып, либерал-демократиялық қызметкерлерді жұмыстан шығарып, полиция аппаратында тазартулар жүргізді. 1933 жылғы 17 ақпандағы Герингтің бұйрығында: «Өзінің міндеттерін атқаруда істің мән-жайына қарамастан қару қолданған полицейлерге қолдау көрсетемін. Керісінше жұмсақтық танытқандарды жұмыста жазалаулар күтеді. Барлық шенеунік есіне сақтасын амал қолданып қателік жібергеннен, амал қолданбау үлкен қателік» делінген.

1933 жылы 26 сәуірде Гестапо ұйымдастырылды – мемлекеттік құпия полиция. Ол Германияның барлық территориясында кең өкілеттіктерге ие болды. Гестапо саяси іздестіруді, мемлекеттік сатқындық, БАҚ, шіркеу мен еврейлерге қатысты істерді жүргізді; ұлтшылдарға қарсыларға шексіз жазалау шараларын жүзеге асырды: жаппай алдын ала тұтқындаулар мен канцентрациялық лагерлерге қамау, ұрып-соғу, жауап алу барысында өлтіру. Оған Германияның барлық полиция бөліністері бағынды. 1936 жылғы 10

ақпандағы гестапо туралы Заң оған үкіметке жаулық көрсеткендердің барлығын жоюға, халықтың көңіл-күйімен үкіметті ақпараттандыруға, мемлекет ісінің маңызды мәселелерінен тергеулер жүргізуге өкілеттіктер берді. Гестапо СС және СД мен өте тығыз байланыста болды, фактілі түрде бұл қызметтерге рейхсфюрер Гиммлер жетекшілік етті. 1936 жылы гестапо мен қылмыстық полиция қауіпсіздік полициясы болып біріктірілді.

Ұлтшылдық режим құлағаннан кейін Германиядағы барлық жазалау органдары жойылды, олардың орнына саяси бағытты ұстанбайтын құқық қорғау құрылымдары құрылды.

Қазіргі ГФР-де полицияның құрылымдық ұйымдастырылуы айтарлықтай деңгейде әкімшілік-территориялық бөліністерден көрініс табады. Полиция жүйесі үш звеноға бөлінеді:

1) федералдық; 2) жердегі; 3) муниципалдық полиция.

Федералдық ИМ жердегі ішкі істер министрлерінің конференциясы қызмет етеді. Негізгі жалпымемлекеттік органдары болатында қылмыстық полицияның Федералдық басқармасы, шекаралық полицияның Федералдық басқармасы және конституцияны бақылаудың Федералдық ведомствосы. Дәл осындай ведомстволар ГФР жерлерінің барлығында бар. Федералдық шекараның күзеті – әскери типте ұйымдастырылған полицейлік құрылымдардың ерекше түрі, шекаралық аймақтарда орналасқан батальондардан тұрады. Функциялары: мемлекеттің шекарасын қорғау, төлқұжаттық режимді жүргізу, контрабандамен күрес.

Сонымен қоса, федералдық полиция күштеріне жататындар: бундесвер әскери полициясы, федералдық темір жол полициясы, пошта, радио және телеграф министрлігінің полициясы, кедендік іздестіру қызметі.

ГФР жерінде полициялық нысанның бірегей ұйымдасқан құрылымы жоқ. Жер полициясының функциялары жер заңымен анықталады.

Жер полициясы құрылымдары қылмыстық-іздестіру (криминалдық) полициясы және сыртқы қызмет полициясы болып бөлінді. Криминалдық полицияның қызметкерлері ережеге сәйкес азаматтық киіммен жүреді. Қылмыстық-іздестіру полициясының құрамына ұйымдастырушылық-инспекторлық бөлім, криминалистикалық сараптау бөлімі, барлау бөлімі (агентураларды бақылау), аса ауыр қылмыстарды тергейтін арнайы бөлім.

Сыртқы қызмет полиция нысандық киім үлгісінде жүреді, кейде оны күзеттік полиция немесе ландполиция деп те атаған. Бұл қызметке жердегі ішкі істер министр қызметке тағайындайтын бас инспектор басшылық етеді.

ГФР-де кең дамуға ие болған «өндіріс күзеті қызметі» немесе кей жағдайларда оны өндірістік полиция деп те атайды. Ол қаруланған және іздестіру мен күзету іс-шараларын жүргізу құқылы.

Атап өту керек Германия алғашқылардың бірі болып арнайы жасақтағы күштерді дайындай бастады. Германиядағы алғашқы арнайы жасақ бөліністері сонау ұлтшылдық диктатура кезінің өзінде болды.

1940 жылы 1 маусымда «Бранденбург - 800» (нем. Lehrregiment Brandenburg z. b. V. 800) деп аталатын арнайы жасақталған 800-ші оқу полкы болды. «Бранденбург» полкы тікелей сыртқы барлау басқармасы Абверге

бағынды. Францияда, Голландияда, Польшада, КСРО-да диверсиялық операциялар жүргізді. Өте жақсы дайындалған арнайы жасақ.

СС әскерінің құрамында арнайы операцияларды орындайтын парашютшілер бөліністері болды. Отто Скорцени айтарлықтай танымал ұлтшылдардың диверсаны. Одақтастарға қарсы бірнеше операциялар жүргізген.

Қазіргі Германиядағы GSG 9 деп аталатын арнайы жасақ бөлінісі 1973 қыркүйекте Мюнхен Олимпиядасындағы спортшылардың қайғылы өлімінен тура бір жылдан кейін құрылды.

1972 жылы «Черный сентябрь» деп аталатын палестиналық террористік топ Мюнхендегі жазғы Олимпияда ойындарында 11 израиль спортшысын ұрлаған, екеуі Олимпияда ауылында ұрлау барысында өлтірілді.

Инцидент трагедиялық жағдаймен аяқталды, себебі неміс полициясының террористерге қарсы операция өткізуге дайындығы да қару-жарағы да болмады. Сонымен қоса, кепілдегілерді босату барысында кепілге алған террористердің саны белгісіз болды. Операция құрдымға кетті. Бір полицей өлтірілді, сегіз террористің 5-еуі өлтірілді, барлық 9 кепілдегілер қайтыс болды. (Нәтижесінде бұл операция «Мюнхендік қан төгіс» деп атиалды). Осы инциденттен кейін неміс құқық қорғау органдары террористерге қарсы тұру сұрағымен шынымен алаңдай бастады.

1977 жылы («Могадишо» операциясы) израильдік жағалау полициясының командирі Цви Вар GSG 9-ды "Әлемдегі үздік антитеррористік команда " деп атады.

1972 жылдан 2003 жылдар аралығына да топ 1500-ден астам операцияларға қатысқан.

Арнайы топ тікелей және жалғыз Германияның ішкі істер министріне ғана бағынады, арнайы топтың командирі тәулік бойы кез келген әрекетке дайын. Топ уақиға болған әлемнің кез келген жеріне мемлекеттің ішкі істер министрінің тапсырмасымен жөнелтілуге дайын. Маңызы төмен операцияларға GSG 9 қатыстырыла бермейді. GSG 9 кепілдегілерді босату, адам ұрыларын ұстау, террористерді жою операцияларына қатыстырылады. Топ сонымен қоса, аса маңызды мемлекеттік объектілерді күзетеді, адамдарды іздестірудің әртүрлі іс-шараларына қатысады және т.б.

XX ғасырдың 70-90 жылдары Францияда мемлекеттік қауіпсіздік органының жалпымемлекеттік жүйесі құрылды, оның маңызды құрамдас бөлігі полиция. Барлық ұлттық полиция күштеріне жалпы жетекшілік ішкі істер министрлігіне жүктелді. Франциялық полиция мемлекеттік, муниципалдық полиция және жандармерия болып бөлінді.

Мемлекеттік полиция. Оның құрылымы: ІІМ «Сюртэ националь» деп аталатын ұлттық қауіпсіздіктің Бас басқармасы, департаменттер полициясы, вокзалдардың, аэродромдардың, шекаралық порттардың арнайы полициясы, республикалық қауіпсіздік ротасы, Париж префектурасының полициясы.

Жандармерия - әскерилендірілген полиция, полиция функциясын атқаратын қарулы күштердің бір түрі.

Муниципалды полиция. Оның қызметі 10 мың тұрғыннан аспайтын

селолық жерлермен және қалалармен ғана шектеледі.

Францияның мемлекеттік полициясы әкімшілік және жедел бөлім басқармаларына бөлінеді «Сюрте насиональға» бағынады.

Сонымен қоса, жергілікті жерлерде полиция қызметіне қылмыспен күресте кең өкілеттіктерді иеленетін департамент префектері басшылық етеді. Ең көбі және айтарлықтай жақсы техникалық жабдықталған Париж полициясы. Әкімшілік және жедел бағыттағы қызметтерінен бөлек оның жоғары лауазымды тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету басқармасы да болды, соның ішінде президенттің, парламенттің және жоғары лауазымды тұлғаларды күзетеді.

Қарулы күштердің құрамы болып табылатын Жандармерия көбіне полицияның функцияларын орындаған. Жандармдар әртекес міндеттерді орындайды: қылмыскерлермен күресте қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, мемлекеттің шекарасын қорғау, территорияның гигиенасы мен санитарлық жағдайын қадағалау, жол жүруді реттеу және т.б.

Халықаралық ірі полиция ұйымы Интерполдың штаб-пәтері осы Франциядағы Лион қаласында орналасқан. Халықаралық полиция ұйымын құрудың қажеттілігі XX ғасырдың басында пайда болды, өйткені осы уақытта ұлттық қылмыстар халықаралық деңгейге ұласып отырды. 1914 жылы сәуірде герцог I Альберттің бақылауымен Монакода қылмыстық полицияның конгресі өтті. Съездің резолюциясы қылмыскерлерді идентификациялаудың халықаралық қызметін құру болды. Бірінші дүниежүзілік соғыс уақытында Интерпол жұмыс жасамады. Соғыстан кейінгі жылдарда барлық батыс еуропалық мемлекеттерде, сонымен қатар АҚШ-та қылмыстың күрт өсуі байқалды, соның ішінде ең қауіптісі ұйымдастырылған қылмыстар пайда бола бастады. Қылмыс деңгейінің өсуі мен көбеюіне септігін тигізген шаралар: транспорттың, байланыстың, коммуникацияның дамуы, жаппай ашыққан, кедейленген адамдардың көбеюі және т.б.

20-ы жылдары еуропаның бірқатар мемлекеттері полицияның көлемін әскери бөлімдердің есебінен ұлғайтты, полиция күштерін әскери жағдайға сәйкестендірді, бірақ бұл шаралардың барлығы халықаралық қылмыспен күрес мәселелерін шеше алмады. 1923 жылы Венада қылмыстық полицияның 2-і конгресі жұмысын бастады. Конгрестің қатысушылары – 20 еуропалық мемлекеттің өкілдері тұрақты жұмыс істейтін қылмыстық полицияның Халықаралық комиссиясын құрды және оның жарғысын қабылдады. Ұйымның алдында екі негізгі міндет тұрды: ақпараттық бюро жасау үшін қауіпті қылмыскерлер туралы ақпараттар жинау және халықаралық қылмыскерлерді іздестіруді ұйымдастыру. Бұл үшін мемлекеттерде ондай тұлғалардың фотосуреттері, саусақ іздері және жазу үлгілері бар толық ақпараттар жинау қажет болды. Екінші негізгі міндет енді өркендеп келе жатқан жаппай халықтың революциялық белсенділігімен күресу болды. 1938 Австрияның ұлтшыл Германияға қосылуымен Халықаралық қылмыстық полициясы комиссиясының барлық ақпараттары гестапо қолына өтті. Мемлекеттердің барлығы дерлік бұл ұйыммен ынтымақтастықтан бас тартты. Гестапо ұйымның барлық мұрағаттарын өздеріне қажеттіліктері үшін пайдаланды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Брюсселде 1946 жылы қылмыстық полицияның халықаралық конгресі өтті, оның жұмысына АҚШ пен қоса 17 мемлекет қатысты. Бұл конгресте АҚШ қысымымен, нақтырақ айтқанда ФБР директоры Эдгар Гувердің талап етуімен ұлтшыл қылмыскерлерді іздестіру сұрағы алынып тасталды. Ұйымның негізгі міндеттері өзгеріссіз қалды.

1956 жылы саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты ұйым «Интерпол халықаралық қылмыстық полиция ұйымы» деп аталды. Бұл кезеңде ұйымға мүше болған мемлекеттердің саны өсті (1946 ж. – 17 мемлекет; 1960 ж. - 65; 1980 - 130; 1990 - 150) және Интерпол қызметінің көлемі ұлғайды.

60-ы жылдары ұйымның айналасында құпиялылық орнай бастады. Бұған Интерполды өте күдіретті ұйым ретінде көрсеткен бұқаралық ақпарат құралдарының аңызы себеп. Шындығында Интерпол жедел жұмыспен айналыспайды, бұл көбіне негізінен саралау жұмысы мен ақпараттарды жинаумен айналысады.

Интерпол штаб-пәтерінде жұмыс істейтіндерді (ұйымның хатшылығы 1989 жылдан бастап Лион қаласына орналасқан) екі санатқа бөлуге болады:

1. Офицерлік корпус, қылмыстар жайлы түскен ақпараттарға жедел-саралау функцияларын орындайды және ол ақпараттарды басқа мемлекеттерге береді. Офицерлік корпус әр мемлекеттер ұлттық полицияларының қызметкерлерінен құралады. Қызметкерлердің жұмыс өтілі жедел жұмыс бойынша кемінде 10 жыл, шені лейтенанттан төмен майордан жоғары болмауы керек, ана тілімен қоса ағылшын немесе француз тілін меңгеруі керек. Сонымен қатар, офицерлер дене дайындығына жақсы дайындалған, кез келген мәселеден білікті шығатын болулары керек.

2. Жұмысшы персонал: хатшылар, операторлар, телефонистер, фотографтар, аудармашылар және т.б.

Қазіргі күні Интерпол құрамында 177 мемлекет бар. Бас хатшылықта бүкіл әлемнің полиция офицерлері жұмыс істейді.

Интерполдың қазіргі таңдағы басты міндеті халықаралық полиция қауымдастығының жұмысын жақсарту, қажетті деңгейді адам құқығын қорғау.

Интерпол құрылымы. Бас хатшылық үнемі жұмыс істеп тұратын Интерполдың әкімшілік және техникалық органы болып табылады және Лион қаласында орналасқан (Франция). Ұйымға мүше әр мемлекеттің Ұлттық орталық бюросы бар. Интерполдың жоғарғы органы Бас Ассамблея болып табылады, ол мүше мемлекеттер тағайындаған делегаттардан тұрады. Байланыс пен криминалды ақпарат бөлімі жалпы қылмыс сұрақтарымен, терроризммен күреспен, ұйымдасқан қылмыспен, наркобизнеспен күреспен және т.б. айналысады. Ол ақпараттарды жинауға және халықаралық қылмыстарды тергеуге жауап береді. Ұлттық орталық бюро мемлекеттік полиция органы болып табылады.

ҰОБ басқа мемлекеттердің ҰОБ, сондай-ақ штаб-пәтердің жауаптарына жылдам әрекет етуі қажет. Қазақстан 1992 жылы Интерполдың мүшесі болды.

2. АҚШ-тағы қылмыспен күрес жүйесінің дамуы

Қазіргі таңда АҚШ полиция жүйесі орталықтандырылмаған, мемлекеттік-территориялық нысаны бойынша құрылған. Полиция күштерінің түрлері:

- 1) федералды полиция;
- 2) штаттар полициясы;
- 3) муниципалды полиция.

Федералды полиция жүйесінің шыңында әділет Департаменті. Оның негізгі міндеттері: мемлекеттің ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, федералдық заңнаманың сақталуын қадағалау, Конгресс қабылдаған заңдардың бұзылуы жағдайында қылмыстық және азаматтық іс қозғау және жүргізу.

Әділет Департаментін Сенаттың келісімімен Президент тағайындайтын Бас атторней (әділет Министрі) басқарады. Оның өкілеттілігіне әділет Министрі мен Бас прокурордың міндеттері біріктіріледі. Айтарлықтай маңызды істер бойынша Бас атторней үкіметтің атынан Жоғарғы сотта сөз сөйлейді.

АҚШ полициясының жеке құрамы 500 мыңнан астам адамды құрайды.

Федералды полицияны көптеген автономды бөліністер құрайды:

1. ФБР - Федералды тергеу бюросы.

2. Құпия полиция (құпия қызмет).

3. Есірткімен күресті ұйымдастырудың федералды бюросы. Оның міндеті мемлекетке кіретін контрабанданың жолдарын табу және ашу, сонымен қатар есірткі сату туралы федералды заңның сақталуын қадағалау. Қаржы Министрлігінің қарамағында, ал жедел тәртіпте ФБР-ге бағынады.

4. Иммиграция және натурализация қызметі. Негізгі тағайындалуы – иммиграциялық федералды заңдардың орындалуын жүзеге асыру. Оның құрамына әскери үлгіде құрылған (әділет Департаментіне бағынады) шекаралық полиция кіреді.

5. Мемлекеттік департаменттің төлқұжаттық басқармасы. Шеделдік төлқұжаттарды беруді жүргізеді, шетелдердегі американдықтарды қадағалайды.

6. Ұлттық бақтарды қорғау полициясы.

7. Көпірлер мен туннельдердің қорғау полициясы. Коммуникациялық құрылыстарды қорғау.

8. Қаржы министрлігінің құпия қызметі. Әр банкіде арнайы қызметкерден орналастырылған. Олар құпия түрде салымшылардың ағымдық салымдарының жағдайларын қадағалайды және осымен бірге кірістерге салық салынатын барлық қаржылық операцияларды қадағалайды.

9. Пошта мен телеграф Департаментінің полициясы. Пошта-телеграфтық ғимараттар мен вагондарды және т.б. күзету.

10. Авиация агенттігінің Федералды полициясы. Қызметкерлер экипаж бен пассажирлерді қандай да бір қастандықтан қорғау.

Әскери полицияны (МР) жеке атап өту қажет, әскерилер жасаған қылмыстарды тергейді, әскери объектілерді, базаларды күзетеді, гарнизондарда патрульдеуді жүзеге асырады.

Штаттардың полициялары губернаторға бағынатын жеке полиция басқармалары бар. Штаттардың полициялары қоғамдық тәртіпті сақтайды,

легислатура заңдары бойынша (штаттардың заңнамалық жиналыстары) қылмыстарды тергейді, автомагистральдарда қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және т.б.

Муниципалдық полицияның құрамына қалалар мен графтықтардың (селолық территориялар, қалалық халық) полициялық құрамалары кіреді. Ірі қалалардағы полиция басқармаларын мэрлармен, басқарушылармен немесе муниципалитет кеңестерімен (әр штатқа тән) тағайындалатын инспекторлар басқарады. Муниципалдық полиция қала немесе поселке территориясында қоғамдық тәртіпті сақтайды, қылмыспен күреседі, дала қозғалыстарын реттейді. Статистика бойынша АҚШ қалаларында шамамен 79% халық тұрады, қылмыстардың 2/3 қалаларды жасалады, сондықтан полицейлердің 90% осы жерлерге шоғырландырылған.

АҚШ полиция аппаратында бірнеше арнайы лауазымдар бар (шерифтер, констебльдер). Графтықтарды (штаттың әкімшілік-территориялық бірлігі) полиция функциясын 2 жылдан 4 жылға дейін халық сайлайтын шерифтар жүргізеді. Шерифтың құқықтары мен міндеттері штат заңымен бекітіледі. Шериф – жергілікті полиция басқармасының бастығы (кейде жалғыз түрде). Оның өкілеттігіне қоғамдық тәртіпті сақтау, графтық территориясында жасалған қылмыстарды тергеу, қылмыскерлерді іздеу және қамау, түрмелерді қадағалау, магистрат міндеттерін орындау (қылмыстық істі алдын ала қарап айыпталушыны айғақтардың жеткіліксіздігі немесе айыппұл үшін босататын сот шенеунігі), сайлау заңдарының орындалуын қадағалау, алқабилердің тізімін жасау және т.б.

Селолық жерлердегі кішігірім елді-мекендерде полиция функциясы 2-4 жылға сайланатын констебльдерге жүктелді. Констебльдер қылмыскерлерді ұстайды, қоғамдық тәртіпті сақтайды және т.б. (функциялары шерифке қарағанда тар). Соңғы уақыттарда констебльдерді қарапайым полицейлер алмастыра бастады.

Соңғы онжылдықта жеке полиция қызметі белсенділендіріле түсті. Жеке детективтер жақсы ақы төленетін арнайы тапсырмаларды орындады. Жеке қауіпсіздік қызметінде қылмыскерді тұтқындап, кейін тұтқынды полиция биліктеріне тапсыру құқығы болды.

60-ы жылдардың соңында АҚШ полициясы өз әрекеттеріне айтарлықтай көп бостандықтар алды. Бұл зорлық-зомбылық қылмыстарының өсуімен, есірткі бизнесі деңгейінің ұлғаюымен, басқа да келеңсіз әрекеттердің көбеюімен байланысты болды. Қылмыспен күресті күшейту мақсатында 1968 жылы «Атыс қаруын қадағалау туралы» Заң қабылданды, 1980 жылдары Президент Рейганның бағдарламалары, 1984 жылы «Қылмысты қадағалау туралы» Заңдар және басқа нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Қылмыс деңгейін қалай болса да шектеуге бағытталатын Заңдар жыл сайын АҚШ конгресімен қабылданады. Бұдан басқа, полиция күштерінің бытыраңқылығы, полиция қызметіндегі заңдылықтың қатаң қадағалануы (тұтқындау процедурасының өзі прокуратурамен қадағаланады) және басқа да факторлар АҚШ полиция қызметінің жұмысын күрделендіре түседі. ПҚШ полицейлерінде бірегей нысандық киім үлгілері жоқ: қалпақтар мен

бейсболкалар, мундирлер мен азаматтық костюмдер, шорты мен былғары сырт киім – бұл атрибуттардың барлығы полициясы экипировкасы. Бірегей стандарт пен қаруландыру жоқ. Басты принцип: барлығы ыңғайлы болып, полиция жұмысын оңтайландыру қажет.

АҚШ полициясының арнайы жасағы – SWAT (special weapons and tactics — арнайы қару мен тактика деп ажыратылады) қарапайым полицейлердің мүмкіндігі жетпейтін аса қауіпті операцияларда әскери типтегі жеңіл қаруландыру мен арнайы тактикаларды қолданады.

Арнайы қаруландыру мен тактика АҚШ-та 1960 жылдардың аяғында пайда болды. Ол уақытта мемлекетте нәсілдік қақтығыстарға қатысты көптеген жаппай тәртіпсіздіктер орын алды. Бұл оқиғаларды криминалды топтар өз пиғылдарына пайдаланып, бірінші кезекте мемлекеттік, үкіметтік ұйымдар мен кәсіпорындарға нұқсан келтіріп отырған. Азаматтық қоғам лодырлардың тарапынан қиындықтарға ұшырап отырды.

Айтарлықтай танымалы 1969 жылы 9 желтоқсандағы Лос-Анджелестік топқа «Чёрные Пантеры» ұйымының қарсылық білдіруі. Нәтижесінде «Пантералар» беріліп, үш лодыр мен үш полицей жараланды. 1974 жылдан бастап лос-анджелестік бөлімнің қызмет аясы қаласы мен аймағы.

1974 жылы 17 мамырда түс ауа ауыр қаруланған симбиондық азаттық әскері (SLA) деп аталған солшыл партизандар Лос-Анджелестегі 54-і Ист Комптон Авенюдегі ғимаратқа жабылып алды. Барлық алты қылмыскер көптеген оқ пытыраларынан жараланып, кейінгі туған өрттен өртеніп кетті.

SLA деп аталған ауыр қаруланған лодырлармен қарсыластықтан кейін SWAT командасы 10 адамнан тұратын әскермен қайта құрылды, олар жақсы қарулан бес адамнан тұратын екі взводқа бөлінді.

Міндеттері: Кепілдегілерді құтқару, мемлекеттік тұлғалар сапарлары уақытында мергендерге қарсы айналаны қамтамасыз ету; қарқынды атыс күшін қолдану, соның ішінде бекіністегі күдікті қылмыскерлерге қарсы; оқ астындағы полицейлер мен азаматтық тұлғаларға көмек көрсету; АҚШ қалаларындағы террористерге қарсы операциялар; аса ауыр апатты жағдайларда өлім, жаралану, меншіктің бұзылуына жол бермеу мәселелерін шешу; бекініп алған тұлғалардың жағдайын шешу (бұл үшін Hostage Barricade Team атты бөлінісі арнайы құрылды); өзіне-өзі қол жұмсайтын аса ауыр жағдайларды шешу; есірткі мафиясына қарсы рейдтарға, сот ордеріне қатысты тұтқындауларға, күдіктілерді тінтуге көмек көрсету; ерекше оқиғаларда көмекті қамтамасыз ету; қылмыскерлермен қарсыласқандағы (нәсілшілдер, кәнігі кісі өлтірушілер, гангстерлер секілді) қауіпті жағдайларды қалпына келтіру; көшедегі тәртіпсіздіктермен күрес.

Қазіргі таңда SWAT командасын күтудегі нұсқаулықты орындаудың орнына қажетті дайындықтан өтіп, қаруланған патрульдік полицейлер кәнігі қылмыскерлерге қарсы оқ атып, ұрысқа араласқан. Мысал ретінде Миннеаполис полиция департаментінің (MPD) нұсқаулығын келтіруге болады: «MPD персоналы есінде болатын факт, көше ұрыстарындағы кінәсіз адамдардың қайтыс болуы инциденттің бірінші минуттарында болады. Кейбір

жағдайлар тез арада ұрысқа араласып, кінәсіз өмірлерді құтқаруға араласу керектігін айтады».

АҚШ полициясымен сонымен қоса, қылмыстың алдын алу мен азаматтардың тарапынан полицияға көмек көрсетулердің тәрбие жұмыстары да жүргізіледі. АҚШ азаматтарына ұсыныстар листовкалар, буклеттер, балаларға комикстер түрінде де жасалады, оларға:

1. Полиция сіздер және сіздердің балаларыңыз секілді қайырымды ата-аналардың балалары екенін ұмытпаңыздар. Полицейлер – мейірімді адамдар. Оларды сынаудан гөрі, мәртебе көрсетуге тырысыңыздар, бірақ бұл олардың жаман қылықтарын полиция бастығына айтпаңыздар деген сөз емес.

2. Бір полиция қызметкерінің жағымсыз, қате әрекеттері үшін барлық полицияға күйе жақпаңыздар. Ол да сіз секілді қателікке бой алдыруы мүмкін.

3. Полицейдің жоғары жалақы алуын қалауға тырысыңыз. Бұл олардың жетекшілеріне аппаратты білікті адамдармен қамтуға көмегін тигізеді. Естеріңізде болсын сіздер қаншалықты төлесекіңдер соншалықты алатындарыңызды ұмытпаңыздар.

4. Полицейлермен сөйлескенде қызметтік жағдайларын сұрап, оны қолдауға тырысыңыз. Оның азаматтық ұйымдар өкілдерінен қажеттіліктерін сұраңыз.

5. Полицияны қадағалайтын ешқандай жергілікті органдарды құруға тырыспаңыздар, бұл тәртіпті қорғауға көмегін тигізбейді. Біздің полицияның қызметі бұқаралық ақпарат құралдарының, ФБР, Бас атторней, Үлкен қазылар, қалалық кеңес, әртүрлі сот инспекциялары мен полицияның ішкі қадағалау-инспекторлық аппаратымен қадағаланады.

6. Сайлаушылардың дауысымен полиция органының дәрежесін қолдаңыздар. Азаматтық саяси қызметкерлерге полиция жұмысына араласуға жол бермеңіздер, саясаткерлердің полиция департаменттерінен алшақ болуын қадағалаңыздар.

7. Қаталдық танытты немесе азаматтық құқықтарды бұзды деген полицияға тағылған жалған айыптардан аулақ болыңыздар. Заңдық міндеттерді орындауды қаталдықпен шатыстырмаңыздар. Барлық түсіндірмелер үшін жергілікті полиция бастығына жүгініңіздер – бұл сіздердің құқықтарыңыз бен міндеттеріңіз болып табылады.

8. Қажет болғанда судьяларға қажет болғанда көмек көрсетуге дайын екендеріңізді көрсетіңіздер.

9. Сіздерге белгілі болған барлық қылмыстық әрекеттерді полицияға хабарлаңыздар. 2 доллардың өзі ұйымдасқан қылмысқа қолдау көрсете алатынын ешқашан ұмытпаңыздар. Осы қылмысты анықтауға көмектесіңіздер, оған көмектесуге қарсылық білдіріп, полицияға хабарлаңыздар.

10. Балаларыңызды полицияны құрметтеуге үйретіңіздер, өздеріңіз оларға үлгі болыңыздар. Егер жас полицей антын бұзса бұл оның ата-анасының сіздерге белгілі уақытта қателікке бой алдырып, осы жерде көрсетілгендерді түсіндірмегендерінен болған.

АҚШ-та полицияға келген әр қызметкер полиция қызметкерінің эткалық нормаларын оқиды, бұл негізінен полицияның анты болып табылады және қол

қою арқылы жеткізіледі:

«Мекеменің қызметкері ретіндегі менің басты міндетім адамзатқа қызмет ету арқылы заңнаманы жүзеге асыру; азаматтардың өмірі мен меншігін сақтау; сенгіштерді алаяқтардан, әлсіздерді күштілерден, бейбіт азаматтарды тәртіпсіздіктерден қорғауға, сонымен қатар барлық азаматтардың конституциялық құқықтарын құрметтеуге, теңдік пен әділдікті орнату.

Мен үлгілі өмір сүрем, қауіп пен мысқылдаудың алдында ерлік пен тұрақтылық танытам; өзімді өзіндік қадағалауға тәрбиелеймін және әрдайым басқалардың ынтымақтастығын ойлаймын.

Ойым мен ісімде, жеке өмірім мен жұмысымда елімнің заңдарын қатаң сақтап, басшылардың тапсырмаларын мүлтіксіз орындаймын. Құпия болып табылатын естігенім мен көргенімді менің қызметім талап еткенше құпияда сақтаймын.

Мен өзімнің мекемемнің белгісін халықтың сенімінің рәмізі деп мойындаймын және оны полиция қызметіндегі этикалық нормаларды сақтауға мүмкіндігім болғанша берілетін сенім деп қабылдаймын.

Мен әрдайым осы мақсаттарға жету үшін аянбай талпынамын. АҚШ полициясының ұраны – «Қызмет ету және қорғау».

XX ғасырдың басында ФБР пайда болуының себептеріне қылмыстың өсуі, жұмысшылар қозғалысының белсенділенуі және ұйымдасқан қылмыстың пайда болуы септігін тигізді. 1907 жылы Бас атторней Чарльз Бонапарт президент Теодро Рузвельттің талабы бойынша әділет департаментіне қарайтын тергеу Бюросын құруды шешті. 1908 жылы бұл ұйым қызметін бастады, бірақ алғашында қылмыс деңгейінің төмендеуіне ешқандай өзгеріс енгізе алмады, өйткені ол кәсіби білімі жоқ мамандардан тұрды, Конгресс тарапынан әрдайым қысым көрді және т.б. 1924 жылы Бюроның директоры болып 29 жастағы қажырлы Эдгар Гувер тағайындалды. Бұл АҚШ тарихындағы өте ауыр кезең болды. 1920 жылы «Сухой закон» қабылданды, ол спирттік өндіріс пен контрабанданы ұйымдасқан қылмысқа жатқызды. 1929 жылы қылмыстың өркендеуіне себеп болған экономикалық дағдарыс басталды (әсіресе ауыр қылмыстар). 1933 жылы 1 млн 300 мың ауыр қылмыстар, ұрлық пен кісі өлтірулер болып отырды, күніне орта есеппен екі банк тоналды, рәкет кең таралды. Ұйымдасқан қылмыстың көшбасшылары конгресмендерді, судьялар мен полицияларды сатып алып отырды. Қоғамдағы жағдай тұрақты болмады. Осы жағдайларда Эдгар Гувер президент Франклин Рузвельттің қолдауымен қылмысқа қарсы шешімді шабуылдар бастады. Күдікті тұлғалар туралы ақпараттан тұратын картотека жасалды, мемлекетте Бюроға жұмыс жасайтын агентуралық жүйе кең тарады, қылмыстық әлемнің жетекшілерін жоятын «Неприкасаемые» деп аталатын бөлімше құрылды. Салыстырмалы түрде қысқа мерзімде «джимендер» - деп аталатын ФБР агенттері зорлық-зомбылық толқынын жоя білді (1935 жылы барлық белсенді қылмыстық топтар жойылды). ФБР алдында жаңа міндеттер тұрды. Эдгар Гувер Бюро директорының қызметінде 1972 жылы қайтыс болғанға дейін отырды. 1930 жылдары Рузвельттің тұсында ол бан тонаушыларының ізін аңдыды. 40-жылдары ол барлық күшін шетелдік тыңшыларды ұстауға жұмсады. 50-

жылдары «қызыл қауіппен» күресті. 60-жылдары әділет министрлігін басқаруға Гувердің жұмыстары мен әдістеріне қарсы Роберт Кеннеди тағайындалғаннан кейін ғана Гувер мафиямен күресті бастауға мәжбүр болды.

Қазіргі таңда АҚШ территориясында орталық полиция басқармасы мен қадағалауды жүзеге асыратын ФБР алдында жаңа міндеттер тұрды, олар жалпыфедералдық қауіп төндіретін мемлекеттік қылмыстармен күрес (қылмыстың шамамен 200 түрі: киднеппинг, банкті тонау, сатқындық, тыңшылық, терроризм, кепілге алу, коррупция, ұйымдасқан қылмысты қадағалау және т.б.).

Федералды тергеу бюросы Вашингтонда орналасқан, оның бөлімдері:

1. Бас тергеу бөлімі;
2. Қылмыстық тергеу бөлімі;
3. Зерттеу бөлімі;
4. Азаматтық құқықтар бөлімі;
5. Тұлғаны тану және идентификациялау бөлімі;
6. Әкімшілік бөлім;
7. Білім беру және инспекция бөлімі;
8. Жедел қызмет;
9. Ішкі қауіпсіздік бөлімі;
10. Санақ бөлімі.

Мемлекет бойынша штаттар мен ірі қалаларда шамамен 60-тай бөлімшелер, 8,5 млн арнайы агенттер (90-жылдардың басында) мен 11 мың басқа да қызметкерлер бар. ФБР өкілдіктері 50-ден астам шет мемлекеттердің астаналарында да орналасқан.

ФБР қылмыскерлер мен қылмыстардың орталықтанған есебін жүргізеді. Оның картотекасында қылмыскерлер мен басқа да күдікті тұлғалардың шамамен 200 млн астам саусақ белгілері бар (ФБР болашақта ұрлық объектісі болуы мүмкін балалардың, сонымен қатар құқық бұзушылық жасауы мүмкін жасөспірімдердің саусақ белгілерін алуды тәжірибеге алған). Осы жерде өздеріне назар аудартуға тырысқан 10 млн астам адамдардың досьесі бар. Қылмыскерлер мен құқық бұзушылықтарды жинақтаумен және өңдеумен айналысатын жалпыфедералдық бірегей компьютерлік жүйе белсенді қолданылды (егер мағлұмат құпия болмаса анықтаманы 10 секундтың ішінде алуға болады).

ФБР қадағалауымен барлық мемлекет бойынша шамамен 250 криминалистикалық зертханалар әрекет етеді.

ФБР жұмысының негізгі әдісі американдық қоғамның барлық қабаттарына агентурасын терең енгізу. ФБР арнайы агенттері арнайы оқу орындарында дайындалады және көбіне ойластырылған биографиямен жасырын әрекет етеді. ФБР-дың көптеген қарсыбарлау бағдарламалары шетел барлау агенттеріне қарсы да, мемлекет ішіндегі қозғалыстарға қарсы да бағытталған (бұл жерде ФБР мәні бойынша құпия саяси полицияның ролінде).

ФБР президент жетекшілік ететін «Барлау қауымдастығына» кіреді (ЦРУ, Ұлттық қауіпсіздік агенттігі, Мемлекеттік тергеу және зерттеу Бюросы департаменті, қорғаныс департаментіндегі барлау басқармасы, қаржы

полициясы департаменті, атом энергиясы комиссиясындағы ақпараттандыру бөлімі).

ФБР жұмысының заңдылығы АҚШ-тың өзінде және басқа мемлекеттерде көптеген күмән туғызды. Мысалы, көптеген зерттеушілер ФБР-дың саяси кісі өлтіру мен бүліктерге қатысы барын баяндайды (Мартин Лютер Кинг, Джон Кеннеди). Әрине, ФБР өзінің қызметінде рұқсат берілмеген, конституцияға қарсы жұмыс әдістерін қолданған, бірақ тиісті жағдай осыны талап етті.

Осыған сәйкес, АҚШ полициясының үш звенолық жүйесінің бар екенін және Бас аттернойға бағынатынын атап өту қажет. ФБР саяси полиция және қылмыспен күрес органының функцияларын жүзеге асырады.

5-ТАҚЫРЫП. ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАН УАҚЫТТАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ПО ТАРИХЫ

Жоспар:

1. XX ғасырдың 1990 жылдарындағы ішкі істер органдарының тарихы
2. Қазақстан Республикасы ІІО дамуының жаңа кезеңі

1. XX ғасырдың 1990 жылдарындағы ішкі істер органдарының тарихы

1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы қабылданды. Тәуелсіз Қазақстан демократиялық, зайырлы және әлеуметтік-құқықтық мемлекет болып жарияланды. Қазақстан тарихының дамуында жаңа кезең басталды. Мемлекеттік биліктің құрылымы өзгерді, жаңа мемлекеттік рәміздер қабылданды: ту, елтаңба, әнұран, мемлекеттік валюта енгізілді.

Осы кезеңдегі біздің мемлекетіміздің тиімді бағыттарының бірі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қадір-қасиеттерін құрметтеу, демократия мен теңдік принциптеріне негізделген жаңа нормативтік-құқықтық базаны құру болды. ІІМ өздерінің міндеттері мен функцияларының күшіне сәйкес бұл іске айтарлықтай белсенді ат салысты.

1992 жылы 10 қаңтарда – Президенттің Жарлығымен Қазақстанның ішкі әскерлері құрылды.

1992 жылы 23 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы қабылданды, бұл олардың мақсаттары мен функцияларын, құқықтары мен міндеттерін анықтайтын бірінші құқықтық акт болды.

1-бап. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары – мемлекеттік басқарудағы қаруланған құқық қорғау жүйесі, тұлғаның, азаматтың және мемлекеттің конституциялық құқықтары мен заңды көзқарастарын қорғайды, қоғамдық тәртіпті қорғайды және қылмыспен күреседі, атқарушы және орындаушы функцияларды жүзеге асырады.

4-бап. Ішкі істер органдарының міндеттері

Аталған Заңға сәйкес ішкі істер органдарының міндеті болып табылады:

- тұлғаның, азаматтың конституциялық құқықтарын қорғау;
- қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- қылмыспен күрес;
- өздерінің өкілеттіктері шегінде қылмыстық жазалау мен әкімшілік айыптар салу атқарады;
- жол қауіпсіздігі саласында заңдардың, нормалардың, ережелер мен стандарттардың қадағалануын жүзеге асыру;

- жергілікті жерлерде, шаруашылық объектілерінде өрт қауіпсіздігі жағдайын қадағалауды жүзеге асыру.

Ішкі істер органдарына заңнамамен жүктелмеген міндеттерді артуға тыйым салынады.

1992 жылдан бастап ТМД мемлекеттері қылмыспен күрес мәселелерін өз күштерімен ғана шешуге мәжбүр болды. Қылмыскерлер ТМД мемлекеттерінің шекараларының ашықтығын пайдаланып, қылмыстық әрекеттерін жасағаннан кейін кедергісіз басқа республикаларға өтіп отырған. Қылмыспен күресті үйлестіру үшін 90-ы жылдардың басында ТМД мемлекеттерінің құқық қорғау органдарының қарым-қатынасы туралы бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды. Соның ішінде азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы Минск Конвенциясы, ҚР ІІМ мен РФ ІІМ арасындағы ынтымақтастық туралы Келісімдер, шекаралық аймақтардағы ПО ынтымақтастығы туралы келісімдер және т.б.

1992 жылы Қазақстан Интерполға қабылданды, бұл алыс шетелдердегі әріптестермен жағдайды жақсартты және Қазақстан Республикасы ПО имиджін көтерді.

1992 жылы қабылданған Қазақстан Республикасындағы Құқықтық реформалар бағдарламасы қылмыспен күресті, қылмыстың алдын алуды, құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдіру үшін жаңа бөліністерді құруды, жауапкершілікті көтеру мен құқықтық білімді арттыруға көмек көрсетті.

1993 жылы Жоғарғы Кеңеспен қабылданған Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясы қарқынды дамуға жол ашты.

1993 жылы 28 қаңтарда – тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы қабылданды.

Сол уақыттың маңызды құжатты «Қазақстан Республикасының 1993-1995 жылдарға арналған қылмыспен күрес және құқықтық тәртіпті бекітудің алғашқы шаралары туралы Мемлекеттік бағдарлама».

Бұл уақытта жедел іздестіру қызметін нормативтік базаны жаңарту жолымен, жедел қызметтерді білікті мамандармен қамтамасыз ету арқылы белсенді дамытулар жүрді. Қылмыспен күресудің осы және басқа бағыттардағы дамытулардың ерекшелігі кейін 1994 жылы 15 қыркүйекте «Жедел іздестіру қызметі туралы» Заңда бекітілді.

Нақты тәуелсіздіктің жолында Қазақстан бірқатар қиыншылықтарға тап болды: экономикалық тоқырау, әлеуметтік күрделілік, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық, экологиялық мәселелер, криминогендік (қылмыс), сыбайлас жемқорлық, сыртқы қарыз. Бұлардан өту үшін, адамзат қоғамда қажетті орынды иелену үшін қазіргі салаларға сай экономиканы қайта құру керек болды; теңдік принциптерін қамтамасыз етуге негізделген әлеуметтік бағыттағы нарық құру; құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам институттарын қалыптастыру; мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту.

Бұл қиын кезеңдердегі тәуелсіз Қазақстанның бірінші ішкі істер Министрлері милиция генерал-лейтенанты Берсенев Михаил Терентьевич (апрель 1990 жылдың сәуірі — 1992 жылдың сәуірі). Бұл лауазымды келесі болып иеленгендер ішкі қызмет генерал-лейтенанты В.Г. Шумов (1992 жылдың

сәуірі — 1994 жылдың қыркүйегі), генерал-лейтенант Б.А. Баекенов (1994 жылдың қазаны — 1995 жылдың қарашасы)

90-ы жылдардың ортасында елдегі криминогенді жағдай айтарлықтай ушығып кетті. Ушығу факторлары:

- экономикалық тоқырау;
- қылмыстар қару қолдану арқылы өте дәрежі болды;
- экономикалық қылмыстар, күңгірт экономика кеңге етек жая бастады;
- ұйымдасқан қылмыстық топтардың әсер ету аясы ұлғая бастады (ОПГ),

олардың көбісі трансұлттық сипатты иеленді;

- бұрынғы кеңестік ІІМ арасындағы қарым-қатынас жұмыс істемеді.

- ІО қызметкерлерінің коммерциялық ұйымдарға жаппай кетуі;

- жеке құрамның моральдық деңгейі түсіп кетті, полиция қызметі өзінің қызығушылығын жоғалтты;

- ішкі істер органдарының материалдық-техникалық жағынан нашар қамтамасыз етілуі.

Жұмыстың жаңа кезеңі 1995 жылы 30 тамызда – бүкілхалықтық референдумда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясымен басталды.

Қазақстан ІО қызметі дамуының жаңа кезеңі 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануымен басталды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы біздің қоғам мен мемлекетіміздің өмірінде ерекше орын алады. Жаңа Конституцияның қабылдануы жалпы қоғамның дамуы үшін де мемлекеттің мемлекеттік-құқықтық жүйесін жетілдіру үшін ерекше оқиға болды. 1995 жылы қабылданған Конституцияға сәйкес барлық ең басты саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар бастала бастады, бұл мемлекет бейнесін айтарлықтай өзгертті. Конституцияның нормалары мен принциптерін өмірге әкеле отырып, Қазақстан өзін демократиялық, құқықтық, әлеуметтік және зайырлы мемлекет деп орнықтырды, оның ең басты құндылығы адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау құқықтық мемлекет қалыптастыруға негіз салды. Біздің мемлекетіміз азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық әрекеттерден қорғау мақсатында қажетті тиімді жүйе қалыптастыруды бастады.

Республика Конституциясының маңызды құқықтық жағдайы (1-бап) тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының басты құндылық болып жариялануында, ал адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мен қорғау, тану – мемлекеттің міндеті. Бұдан барлық мемлекеттік органдар күллі мүмкіндіктерімен мемлекеттегі заңдылық пен құқықтық тәртіп режимін сақтауға, заңдардың бұзылмауын қадағалауға міндетті. Әрдайым азаматтардың құқықтарын қорғауға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға, жолын кесуге, болдырмауға, түрлі санкцияларды қолдануға мемлекет арнайы органдар құрады, олар үшін құқық қорғау функциясы негізгі міндет болып табылады.

1995 жылы ішкі істер министрі болып Сүлейменов Қайырбек Шошанович тағайындалды, ол бұл лауазымға ІО қызметінің ауыр кезеңінде келді.

1995 жылы 21 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заң күші бар Жарлығы жарияланды, онда бұл органның құқықтық мәртебесі, құрылымы, өкілеттілігі мен ұйымдастырылуы айқындалған.

1-бапқа сәйкес Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мәртебесі келесі негіздерде анықталады:

Ішкі істер органдарының құрамында құрылады: криминалды полиция, әкімшілік полиция және полицияның басқа да қызметтері, сонымен қатар әскери құрылымдық мәртебелері бар ішкі істер Министрлігінің әскери-тергеу органдары мен әскери полиция органдары.

Криминалды полиция, әкімшілік полиция және полицияның басқа да қызметтері, ішкі істер министрлігінің әскери-тергеу органдары мен әскери полиция органдарының құрылуын, қайта құрылуын және қысқартуын Қазақстан Республикасының ішкі істер министрі жүзеге асырады.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ішкі істер органдары жүйесінің типтік құрылымдық ұйымдастырылуы мен штаттық лимиті Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітіледі.

1995 жылы 21 желтоқсанда ТМД мемлекеттерінде аналогы жоқ құқық қорғау құрылымы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті құрылды. 1995 жылы оның құрылуының формальды негізі болып Қазақстан Республикасы Конституциясының 84-бабы саналды, онда қылмыстарды алдын ала тергеудің функциялары заңдылықты сақтау мақсатында прокурорлық қадағалаудан бөлектенеді делінген. Қарапайым тілмен айтсақ, прокуратураның құрамынан, сонымен қоса ПО құрамынан тергеу бөліністері алынып, бөлек құрылымға көшті. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары - тікелей Республика Президентіне бағынатын және есеп беретін арнайы мемлекеттік орган, Республиканың орталық атқарушы органдарының жүйесіне кірмейді, алдын ала тергеу, тергеу, жедел іздестіру қызметі мен одан шығатын басқа да функциялармен айналысады.

Мемлекеттік тергеу комитетінің міндеттері:

1) қылмыстық әрекеттерден азаматтардың, ұйымдар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды көзқарастарын қорғау;

2) қылмыстарды анықтау, алдын алу, ашу және тергеу;

3) жеке және заңды тұлғалардың қылмыстарынан пайда болған материалдық залалдың орнын толтыруды жүзеге асыру;

4) қылмыс жасауға септігін тигізген амалдар мен себептерді анықтап, олардың жолын кесу шараларын қолдану;

5) қылмыспен күрес аясындағы мемлекеттік саясатты жасауға және дайындауға қатысу;

6) қылмыспен күрес аясындағы халықаралық ынтымақтастық.

Қазақстан Республикасының ІІМ мен МТК бір-бірімен байланысы толық айқындалмаған болды, сондықтан қылмыспен күрес күрделендірілді. 1990 жылдардың аяғында жағдай ушығып кетті, криминалды міндетті түрде тоқтату

керек болды. Қылмыс деңгейлерін саралау 90-ы жылдардың ортасында Алматы қаласында криминогенді жағдайдың ауырлығын көрсетті. Басқа себептермен қоса, бұған ықпал еткен келесі факторлар:

- өңірде банкілік аймақ, орта және шағын бизнестің айтарлықтай дамуы;
- жеке капиталдың концентрациялануы байқалды;
- өңірде көптеп шетелдік азаматтар мен бизнесмендер жұмыс істеді, бірінші кезекте Қытай азаматтары, олар қылмыстық қол сұғудың объектілері болды немесе өздері ҰҚТ құрамында белсенді түрде қылмыстық әрекеттер жасады;
- бизнестердің дамуына септігін тигізетін оңтүстік өңір мен Алматы қаласы қылмыстық капиталды айналдыруға көмектесетін қылмыстық белсенділердің орталығына айналды;
- қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық тоқырауға, жұмыссыздықтың өсуі, Қазақстанның барлық жұмыссыз жастарын Алматыға шоғырландырды, ол жерде жұмыс таппаған жастар ұйымдасқан қылмыстық қауымдастықтарға кірді немесе өздері жаңадан қылмыстық топтар ұйымдастырып, дөрекі қылмыстарға барды.

90-ы жылдардың екінші жартысында ПО қызметінің басты бағыттарының бірі ұйымдасқан қылмыспен күрес болды.

2. Қазақстан Республикасы ПО дамуының жаңа кезеңі

2. 1998 жылы 9 желтоқсанда маңызды құжат қабылданды – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен анықтамалар енгізу туралы» Заңы қабылданды және «Қазақстан Республикасындағы алдын ала тергеу мен тергеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының арнайы мемлекеттік органдары туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тергеу комитеті туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары заң күшін жоғалтты. Қазақстан ПО үшін бұл құжаттың маңыздылығы еліміздегі милиция полиция болып ауыстырылды.

6-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТЕРГЕУ АППАРАТЫНЫҢ ДАМУЫ

Жоспар:

1. Қазақстан Республикасындағы тергеу аппаратының дамуы

1. Қазақстан Республикасындағы тергеу аппаратының дамуы

Қазақстан Республикасы 1991 жылы мемлекеттік тәуелсіздігін алғаннан кейін ішкі істер органдарының, соның ішінде алдын-ала тергеу аппараты жетілуінің өзіндік даму кезеңі басталды. 1994 жылы Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігімен ҚазКСР қылмыстық іс-жүргізу Кодексінің 109-бабына сәйкес күдікті тұлғаларды ұстау, сонымен қатар қылмыстық іс қозғау тек тергеушілерге ғана жүктелетін шешім қабылданды. Жедел жұмыскерлерге жоғарыда көрсетілген әрекеттерді орындауға қатаң тыйым салынды. Бұл талап жедел жұмыскерлер тарапынан құқық бұзушылықтың алдын алуға, заңдылықтың бұзылуына жол бермеуге бағытталған. Тергеуші іс-жүргізуге дайындалған маман ретінде азаматтың құқығы мен заңдардың бұзылмауын қадағалайды деген түсінік қалыптасқан. Сонымен қатар, осы уақыттан бастап қылмыстардың ашылуы тергеушілердің қылмыстық істерді сотқа бағыттағанынан көрінді.

Тергеу жұмыскерлеріне ҚАК нормаларын сақтау, қылмыстық істерді қозғауға септігін тигізетін деректерді қатаң тексеру, қылмыстық істер бойынша тергеу мерзімдерінің сақталуын талап ету күрт өсіп кетті. Осы уақытта тергеушілердің штаттық көлемі бірнеше деңгейге өсіп кетті. Тергеу аппараты құрылымдық жағынан қандай да бір өзгерістерге ұшырамады. Прокурорлық қадағалау күшейді. Қылмыстық істерді қозғау материалды прокурор зерттегеннен кейін барып жүзеге асырылды.

Қазақстанда алдын-ала тергеудің реформалануы 1995 жылы 30 тамызда басталды. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы тергеу, алдын-ала тергеудің заманауи талаптарын бекітті.

1995 жылы 6 қазанда Қазақстан Республикасының Конституциясын орындау үшін «Алдын ала тергеу мен тергеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының арнайы мемлекеттік органдары туралы», «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетін құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші Жарлығымен ТМД елдерінде аналогы жоқ жаңа орган құрылды.

Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылуымен прокуратура және ішкі істер органдары алдын-ала тергеу өндірісінің құқығынан айырылды. Бірақ ұлттық қауіпсіздік Комитетінде бұл құқық сақталды. Мемлекеттік тергеу комитетіне қылмыстық істер бойынша, анықтау, алдын-ала тергеу және жедел іздестіру қызметтерін жүзеге асыру жүктелді. Осы өкілеттіктерді орындау үшін ішкі

істер органдарының жедел және бірқатар қосымша қызметтері Мемлекеттік тергеу комитетіне берілді.

Ішкі істер органдарында алдын ала тергеуді талап етпейтін және онымен байланысы жоқ анықтау мен жедел іздестіру қызметі өндірісінің құқықтары сақталды. Осыған сәйкес ішкі істер органдарында қылмыстың алдын алу мен жолын кесудің негізгі функцияларын атқаратын күші жеткілікті болды.

Мемлекеттік тергеу комитетін құру тергеушінің психологиялық таптауының жою мақсатын көздеді, ондағы міндет қылмысты тергеп сотқа жіберу ғана емес, жедел жұмысқа жақындатып, қылмысты ашудың белсенді қатысушысы қылып көрсетуді көздеді. Мұндай әрекет 1992 жылдың өзінде ІІМ жүйесінде ұйымдасқан қылмыстық топтармен және сыбайлас жемқорлықпен күресетін, алдын алатын және жолын кесетін бөліністер құрылды. Бұл бөліністердің өкілеттіктері мен құрылымдары айтарлықтай аса ауыр қылмыстарды ашу мен тергеуге жұмылдырылған. Дәл осы құрылымдық-өкілеттік принцип бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті құрылды. Фактілі түрде Мемлекеттік тергеу комитеті әрдайым әрекет ететін жедел-тергеу тобы болды, онда жедел қызмет пен тергеу мәселелері қажетті деңгейде шешіліп отырды.

Мемлекеттік тергеу комитеті құрылғанға дейін прокуратура тергеушілері мен жедел қызметтер әртүрлі ведомстволарда болды, олардың қызметіндегі ажыратылымдардың объективті мәні болды, нәтижесі қылмыстардың ашылуынан көрініп тұрды. Жедел іздестіру әрекетінің нәтижесінде алынған материалдар іске асырылмаған немесе талап етілмеген күйлерінде қалып отырды. Осындай объективті себептің арқасында алдын ала тергеу де ерекшеленбеді. Дағдыға айналып, қалыптасқан жағдайды жою үшін Мемлекеттік тергеу комитетінде қызметтік бағыттарына байланысты бірегей жедел-тергеу бөліністері құрылды, онда тергеушілер мен жедел жұмыскерлердің әртүрлі құрылымдарда болуы жойылды. Енді қылмыстың ашылуы туралы сұрақ қылмыстық-атқару ісі басталғанға дейін де (қылмыстар туралы тіркелген материалдар жедел түрде тергеушілерге берілді), іс қозғалғаннан кейін де барлық ақпараттарға тергеуші жауапты болды. Бұл қандай да бір тергеу әрекеттеріне көңіл бөлмей, жедел құрамның жедел іздестіру жұмысының тиімділігін көтерді.

Тергеушілер мен жедел бөлімдердің жұмысының арасындағы ажыратылу қызметтерінің алдын алудың амалдары айтарлықтай түрде Мемлекеттік тергеу комитеті жұмысының тиімділігін көтерді:

а) қылмыстардың ашылуы өсті, әсіресе ұйымдасқан қылмыстық топтар қызметіне қатысты;

б) сотқа бағытталған істердің саны өсті;

в) жедел қызметтердің мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейді.

Жалпы алғанда Мемлекеттік тергеу комитетінің ұйымдастырылуымен тәжірибедегі жағымды жақтардың жиынтығы келесілерден көрінді:

- «бірегей» таза тергеу идеясы алынып тасталды;

- қылмыстарды ашу мен тергеу негізгі міндеті болып табылатын арнайы органдарды құру қажеттілігі дәлелденді;

- тергеушінің іс-жүргізу тәуелсіздігі туралы идеясы іске асырылды;
- тергеушінің қылмысты ашу үрдісі мен жедел жұмыскердің тергеу барысына қатыстырылуына қол жеткізілді;
- прокуратура қылмыстық істерді тергеу функциясынан босатылды;
- қылмыстарды алдын-ала тергеудің барысында прокурорлық қадағалаудың өкілеттілігі бекітілді;
- ІІМ органдары құқық бұзушылықтың алдын алу мен жолын кесудің мүмкіндіктерін алды.

Мемлекеттік тергеу комитетінің тәжірибеде құрылымы жағынан ішкі істер органдарының құрылымын қайталады, орталық аппараты төраға басқаратын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті болды.

Жергілікті жерлерде, облыстық құрылымдарда облыстың Мемлекеттік тергеу комитетінің бастығы басқаратын Мемлекеттік тергеу комитетінің басқармалары құрылды. Дәл осы деңгейде аса маңызды істер бойынша қызмет ететін аға тергеушілер де қызмет етті. Бақылау-әдістемелік бөлімдер де өздерінің өкілеттіктерін орындауды жалғастырды. Қалалар мен аудандарда құрылған Мемлекеттік тергеу комитетінің бөлімдері айтарлықтай өзгеріссіз түрде ішкі істер органдарының штаттық бөлімдерін қабылдап алды. Бірақ айтарлықтай өзгеріс туғызған жағдай Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылуымен алдын ала тергеу мен анықтау өкілеттіктері қайта реттелді.

Осымен қоса, Мемлекеттік тергеу комитеті дамуына кедергі тигізген оған жүктелген өкілеттіктердің тым көптігінде болды.

Бұл Қазақстан Республикасының Президентімен 1997 жылы 22 сәуірде «Қазақстан Республикасы құқық қорғау жүйесін ары қарай реформалаудың кейбір амалдары туралы» Жарлығын қабылдауына негіз болды. Осымен құқық қорғау органдарының, оның ішінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның жергілікті органдарының өкілеттіктері мен ұйымдастырылуына айтарлықтай өзгертулер енгізілді. Жарлыққа сәйкес Мемлекеттік тергеу комитеті экономикалық, лауазымдық, әскери қылмыстар, ұйымдасқан қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен, сонымен қатар басқа да аса ауыр қылмыстармен күресу жолдары сақталып қалды, яғни мемлекет басшысының ең бірінші назарындағы қылмыстармен күресуі деп айтсақ қателеспейміз.

Жалпы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу өкілеттіктері, яғни қылмыстық санақ бойынша дәстүрлі түрде кең көлемділері (ұрлық, адам өлімі, қарақшылық, тонау және т.б.) қайтадан Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қарауына берілді. Сонымен қоса, алдын ала тергеу ұлттық қауіпсіздік Комитетінің органдарында да болды. Осының негізінде мемлекетте өздігінен жұмыс істейтін үш тергеу аппараты болды.

Осы жарлықпен тергеу аппараттары Мемлекеттік тергеу комитетінен ІІМ жүйесіне берілді, жергілікті жерлерде алдын ала тергеуге құқылы Мемлекеттік тергеу комитетінің өкілдіктері құрылды. Бірақ кейбір өңірлерде Мемлекеттік тергеу комитетінің өкілдіктері болмады. Елде экономикалық және лауазымдық қылмыстар, соның ішінде сыбайлас жемқорлықты ашу мен тергеу міндеттіліктері үлкен мәселе туғызды. Бұл қылмыстарды ашу ІІМ мен ҰҚК

қарауына жатқызылмады, осы қылмыстарды ашудың негізгі құралы Мемлекеттік тергеу комитеті, әйтсе де комитеттің өкілеттіктері жоқ өңірлерде осы тектес қылмыстар мүлдем тергелмеді. Осылардың барлығы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің ары қарайғы өмірі мен жұмысының бейнесін көрсетті.

Сәуір реформаларының ішінде қылмыстық істерге жататын жаңа іс-жүргізуді реттеу де болды, осыған сәйкес Мемлекеттік тергеу комитетіне прокурордың келісімімен мемлекеттің басқа алдын ала тергеу өндірісімен айналысатын органдарынан өз өндірісіне қылмыстық істерді алу құқығы берілді.

Қылмыстарды тергеу аппаратын реформалау қиын жүріп жатты, жаңа ережелерге бейімделу үшін жігерлілік қажет болды. Бірақ бұл ережелер қылмыстарды тергеу аппаратының дамуы мен реформалануындағы үлкен ізденіс болды. Заң шығарушы қылмыспен күрестің басты бағыты ретіндегі қызметтің тиімділігін көтеруге тырысты.

Бірақ 1997 жылдың аяғында үш тергеу аппаратының қызметі олардың жұмыстарының қайталануларын көрсетті. Келесі жағынан Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа кіргенінен кейін қолданыстағы заңнаманы өзгерту қажеттілігі туындады. Сондықтан 1997 жылы 5 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлттық қауіпсіздікті бекіту, ұйымдасқан қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен күресті ары қарай бекітудің шаралары туралы» Жарлығымен Мемлекеттік тергеу комитеті өзінің қызметін тоқтатты.

Тергеу аппараттары Қазақстан Республикасының ІІМ органдарының құрамына жалпықылмыстық, ұйымдасқан және экономикалық қылмыстарды тергеу функцияларымен қайта берілді. Дәл осы уақытта ҰҚК тергеуіне жауапты мемлекеттік лауазымды тұлғалардың (сыбайлас жемқорлық және ұйымдасқан қылмыс), әскерилер, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, арнайы қызметкерлерді, судьяларды, сонымен қатар контрабанда мен наркобизнес қылмыстарын қарау берілді.

Осыған сәйкес жүргізілген реформалардың нәтижесінде:

- 1) Құқық қорғау органдарының қылмыспен күрес бағыттарын тиімділендіру күші мен құрылғыларын шоғырландыру жүргізілді;
- 2) Тергеу аппаратының анықтау органдарымен іс-жүргізу қатынасы сақталды;
- 3) ІІМ мен ҰҚК іс-жүргізу қызметінің көлемі өсті, осымен тергеу тәжірибесін ары қарай жетілдіру көрінді.

Бүгінгі күні мемлекеттің тергеу аппараты сапалы жаңа жұмыс деңгейіне өтті. Оның басталуы 1998 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген жаңа ҚАК көрінеді. Онда алдын-ала тергеу өндірісінің құқығы берілген органдар кірген, құрамында ұлттық қауіпсіздік Комитетінің, ішкі істер Министрлігінің, Қазақстан Республикасының экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күрес Агенттігіне (қаржы полициясы) тергеу өкілеттіктері берілді.

Қазақстан Республикасы ІІМ тергеу аппаратының құрылымы қандай да бір айтулы өзгерістерге ұшырамады, бірақ оның тергеу өкілеттігі айтулы түрде

кеңейтілді. Тергеу бөлімінің бастығының, тергеушінің, тергеуші мен прокурор қатынасының нысаны, тергеу аппараты мен анықтау органдарының іс-жүргізуі мен өкілеттіктері нақты анықталды. Алдын-ала анықтау мен алдын-ала тергеу мерзімдері заңдылығының сақталуы, қамаудағы күдіктілердің ұсталуы талаптарын сақтауды прокуратура күшейтті.

Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасы ТМД мемлекеттерінің ішіндегі құқық қорғау органдарын, соның ішінде алдын ала тергеу аппаратын қажетті деңгейде реформалаған алғашқы мемлекеттердің бірі болды. Қазақстан Республикасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасына қылмыстық істерді тергеу институтын ары қарай жетілдіру, сотқа дейінгі іс-жүргізу нысандары кірді.

7-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Жоспар:

1. Қазақстан Республикасындағы қоғамдық тәртіпті сақтау қызметінің қалыптасуы

1. Қазақстан Республикасындағы қоғамдық тәртіпті сақтау қызметінің қалыптасуы

Біздің Республикамыз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін 1992 жылы 23 маусымда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесімен «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы қабылданды, осыған сәйкес милиция қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуді сақтайтын Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрлігіне бағынатын бөліністер мен атқарушы биліктің жергілікті органдарынан, сонымен қатар Қазақстан Республикасының ІІМ тікелей басшылығына жататын жедел іздестіру бөлімдерінен тұрады.

Қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыратын бөлімдердің құрамына кезекші бөлімдер, патрульдік-бекеттік қызмет бөліністері, жол милициясы, жол объектілерін күзету бөлімдері, милицияның учаскелік инспекторлары, уақытша ұстау изоляторлары мен алдына қойған мақсаттарды шешуге бағытталған бөліністер де кіреді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы ІІМ «Қазақстан Республикасының ІІМ қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Басқармасының ережесін бекіту туралы» Бұйрығымен министрліктің орталық аппаратының қоғамдық қауіпсіздік қызметіне жаңа құрылым – қоғамдық қауіпсіздікті сақтау Басқармасы кірді.

ҚҚСБ құрылымына саралау мен нормашығармашылық қызметінің бөлімдері мен қызметтері кірді; милицияның учаскелік инспекторларына жетекшілік етеді; милицияның арнайы мекемелері мен ішімдіктің алдын алуға басшылық етеді; ведомстволық ветеринарлық милицияға; кәмелетке толмағандардың істері бойынша; қоғамдық бірлестіктермен, ұйымдармен және қоғалыстармен байланыс.

ҚҚСБ бөліністері мен бөлімдерінің негізгі міндеттері: қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыру, рұқсат беру жүйесінің нормаларын сақтау; көшелер мен қоғамдық орындарда жасалатын қылмыстарды анықтау, ашу, алдын алу, жолын кесу; сонымен қоса экономика саласында; ішімдіктің, алкоголизм мен нашакорлықтан туындайтын рецидивті қылмыстардың алдын алу; әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру; жасөспірімдер мен балалар панасыздығымен күресу; ұсталған және қамауға алынған тұлғаларды ұстау, күзету және айдауылдаудың бекітілген тәртібін қамтамасыз ету; қоғамдық тәртіпті

қамтамасыз ету аясында мемлекеттік ұйымдармен, ұлттық және басқа да топтармен, қозғалыстармен үйлесімді қарым-қатынас жасау; қылмыстық тергеуге қатысатын қызметтер мен бөліністердің ұйымдастырушылық-құқықтық негізін жетілдіру, оған ғылым жетістіктерін, қызметкерлердің кәсіби біліктіліктерін жетілдіру кіреді.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ туралы Ережесі» атты № 967 Қаулысы қабылданды, құжаттың негізінде Қазақстан Республикасының ІІМ МАИ Бас басқармасы құрылды.

Аталмыш қызметтің негізгі міндеттері:

- жол жүру ережесін сақтау және жол қозғалысын реттеуді бақылау;
- транспорттық құрылғылардың техникалық жағдайын, олардың есебі мен тіркелуін бақылайды;
- жолдағы құрылыстардың жағдайын, жолдармен жол жүрудің техникалық құрылымдарының реттелуін бақылайды;
- жол жүру қауіпсіздігімен таныстырады;
- ұйымдастырушылық-саралау жұмысы.

1995 жылы 21 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заң күші бар Жарлығы қабылданды. Аталған жарлықта әкімшілік полицияның міндеттері, оның қызметінің принциптері, полиция жүйесі мен оның бағыныштылығы, полицияның міндеті мен құқығы, полицияның дене күшін, арнайы құрылғылар мен атыс қаруын қолдану тәртібі, полиция қызметкерлерінің құқықтық және әлеуметтік қамтамасыз етілу кепілдіктері, полиция қызметкерлерінің қаржыландырылуы мен материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, полициядағы қызмет тәртібі, сонымен қатар полиция қызметіндегі заңдылық пен азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету кепілдіктері көрсетілген.

Әкімшілік полицияның құрамына патрульдік полиция, жол полициясы, полицияның учаскелік инспекторлары мен кәмелетке толмағандардың учаскелік инспекторлары, лицензиялық және рұқсат беру қызметі, төлқұжаттық қызмет, қоршаған ортаны қорғау мен ветеринарлық полиция және әкімшілік полицияның алдына қойған міндеттерін орындауға жұмылдырылған басқа да бөліністер кіреді.

Әкімшілік полиция өз қызметінде тек Қазақстан Республикасының ІІМ ғана емес, сонымен қоса мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына да бағынады. Өз қызметінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін әкімшілік-құқықтық қорғауды жүзеге асырады. Сонымен қоса, оның криминалды полицияның ерекшелігі тәжірибелі түрде полицияның барлық функцияларын орындауынан көрінеді.

Сол кезеңдегі әкімшілік полиция қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заң күші бар Жарлығы, ІІО қызметіне қатысы бар басқа да нормативтік актілер, Қазақстан Республикасы ІІМ коллегияларының шешімдері, бұйрықтар, қаулылар мен нұсқаулықтар.

Әкімшілік полицияның негізгі міндеттері: көшелер мен басқа да қоғамдық орындарда қажетті қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету; азаматтардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың құқықтары мен заңды көзқарастарын қылмыстардан, басқа да құқыққа қарсы әрекеттерден сақтау; қылмыстарды ашу мен қылмыскерлерді іздестіруге белсенді қатысу, бас бостандығынан айыру орындарынан босаған тұлғаларды басқа қызметтермен бірлесіп әкімшілік қадағалау; төлқұжаттық жүйенің ережелерінің сақталуын бақылау және т.б.

Әкімшілік полицияның негізгі міндеттерінен оның функциялары шығады, онда міндеттер нақтыландырылады және тәжірибелендіріледі.

Әкімшілік полицияның функцияларына қоғамдық тәртіпті әкімшілік-құқықтық ұйымдастырылу мен тікелей жүзеге асыратын, қылмыспен және басқа құқық бұзушылықтармен күресетін жиынтықтардан көрінеді, сонымен қоса аталған қызметтің алдында тұрған өзге де міндеттерді орындау жатады.

Әкімшілік-атқарушылық қызметінің мәні қоғамдық тәртіпті қорғау, құқық бұзушылықпен күрестің алдын-алу және әкімшілік-құқықтық амалдары, сонымен қоса оның аппараттары мен бөліністерінің міндеттерінен туындайтын басқа да функцияларды орындау жатады.

1996 жылы 17 қаңтарда Қазақстан ІІМ №27 Бұйрығымен Қазақстан Республикасы ІІМ әкімшілік қызметінің Бас басқармасы туралы Ереже бекітілді, ол ІІМ әкімшілік қызмет бөліністерінің жұмыстарын ары қарай жетілдіруге бағытталған. Осы кезеңде Қазақстан Республикасы ІІО әкімшілік қызметіне ішкі істер министрлігінің орынбасары М.К. Абулхатаев жетекшілік етті.

ІІО әкімшілік қызметі саласындағы сұрақтарды реттеу мақсатында әртүрлі ведомстволық актілер қабылданды, соның ішінде Қазақстан Республикасы ІІМ 1996 жылғы 26 ақпандағы № 85 «Төлқұжаттық және визалық жұмыс Бас басқармасы туралы Ереже жариялау туралы» Бұйрығы, 1996 жылғы 24 сәуірдегі № 147 «Табиғатты қорғау және ветеринарлық милиция басқармаларының Ережелерін бекіту» Бұйрығы және т.б. «Әкімшілік полицияның күші» түсінігі аталмыш қызметтің аппараты мен бөліністерінің жеке құрамын, ішкі істер органдарының бөліністері мен басқа да қызметтерін қамтиды, сонымен қатар белгіленген тәртіпте қоғамдық тәртіпті қорғау мен қылмыспен күресте ынтымақтасатын тұлғалар да кіреді. Бұл күштер келесі мәндерге ие:

- а) ішкі істер органдарының айтарлықтай қыруар күші болды;
- б) қаруланған бөлімшелер ретінде көрінді және өздерінің қызметтерін заңдардың негізінде ғана емес, сонымен қоса арнайы жарғылар мен ережелердің негізінде де жүзеге асырды;
- в) міндеттерді шешу үшін жан-жақты тактикалық мүмкіндіктерді шешеді;
- г) өздерінің қызметтерін қоғамдық күштермен тығыз байланыста жүзеге асырады.

Әкімшілік полицияның міндеттері:

- қоғамдық тәртіпті қорғау;
- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

- әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды анықтау, алдын алу және жолын кесу;
- қылмыстарды ашу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы бекіткен тәртіпте анықтау мен әкімшілік өндірісті жүзеге асырады;
- ұсталғандар мен тұтқындалған тұлғаларды ұстау орындарында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;
- кәмелетке толмағандардың арасындағы панасыздық пен құқық бұзушылықты анықтау мен жолын кесу;
- жол жүру қауіпсіздігін жүзеге асыруды мемлекеттік қадағалау және бақылау;
- төлқұжаттық жұмысты және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген басқа да міндеттерді жүзеге асырады.

1997 жылы 24 маусымда Қазақстан Республикасының ІІМ № 187 Бұйрығымен Қазақстан Республикасы ІІМ әкімшілік полиция Департаменті туралы Ереже бекітілді, бұның қабылдануымен 1996 жылы Қазақстан Республикасының ІІМ әкімшілік қызмет Бас басқармасы туралы Ереже күшін жойды, аталмыш бұйрықты орындау әкімшілік полиция Департаментінің бастығы, полиция полковнигі Н.И. Приходькоға жүктелді.

1998 жылы 27 наурызда Қазақстан Республикасы ІІМ әкімшілік полиция Департаменті туралы жаңа Ереже жарияланды, осыған сәйкес Департаменттің құрамына кірді:

- ІІО әкімшілік қызметін бақылау мен ұйымдастырушылық-саралау жұмысының басқармасы;
- полицияның учаскелік инспекторларының басқармасы;
- полицияның рұқсат беру басқармасы;
- кәмелетке толмағандардың істері бойынша басқарма;
- патрульдік полиция басқармасы.

Сонымен қатар, Департаменттің жедел қарамағында Қазақстан Республикасы ІІМ құрамындағы табиғатты қорғау және ветеринарлық полиция да кірді.

Біздің мемлекетіміздің заманауи әлеуметтік және экономикалық даму үрдісінде ішкі істер органдарының алдында көптеген күрделі міндеттер тұрды, олардың көбісін ескі әдістермен шешу мүмкін болмады.

2004 жылдың басында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен ішкі істер органдарын реформалау жүйесі басталды, ол есепке алу тәртібін күшейту, заңдылық пен ішкі қауіпсіздік бөліністерін бекіту, полицияның учаскелік инспекторларының мәртебесін көтеру және т.б. Осыған байланысты, 2004 жылы шілдеде құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға бағытталған екі нормативтік-құқықтық актілер қабылданды, олар «Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мен балалардың қараусыздығы мен панасыздығын болдырмау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Бүгінгі күні полицияның учаскелік инспекторларының жоғарыда көрсетілген заңнамалық актілерге, сонымен қоса «Полицияның учаскелік инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметінің тәртібі туралы Ережеге» сәйкес әкімшілік учаскелерде қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, есепте тұрған тұлғалармен жеке және жалпы түрде алдын алу жұмыстарын жүргізу жатады.

8-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Жоспар:

1. Қазақстан Республикасы ІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының құрылу тарихы
2. Қазақстан Республикасы ІМ Алматы академиясының құрылу тарихы
3. Қазақстан Республикасы ІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының құрылу тарихы
4. Қазақстан Республикасы ІМ Көкшетау техникалық институтының құрылу тарихы

1. Қазақстан Республикасы ІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының құрылу тарихы

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы КСРО ІМ Москва жоғарғы милиция мектебінің күндізгі сырттай факультетінде Алма-Ата базасында 1969 жылы құрылды. Ұлы Отан соғысына қатысушы, әділет генерал-майоры, құқық профессоры Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсенов мамандандырылған ЖОО-ның негізін қалаушы және бірінші бастығы болды. Ол басшылық еткен жылдары материалдық-техникалық база құрылып, жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құрамы жасақталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 2001 жылы ҚР ІМ Қарағанды заң институтына Б.С. Бейсеновтің есімі беріліп, 2005 жылдың 5 мамырында ғұлама тұлғаға арнап, ЖОО-ның аумағында ескерткіш орнатылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.09.2010 ж. № 1009 Қаулысымен ҚР ІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты ҚР ІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы болып өзгертілді, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 4.06.2011 жылғы Қаулысына сәйкес Ішкі істер министрі милиция генерал-майоры Қ.Н. Қасымов Академияның Туын табыс етті.

«Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша жоғары заңгерлік білімі бар мамандарды дайындау күндізгі және сырттай оқыту факультеттерінде жедел – іздестіру, тергеу – криминалистикалық және әкімшілік-құқықтық мамандандырулары негізінде жүзеге асады.

Ішкі істер органындағы қызмет – бұл мемлекеттік қызметтің ерекше түрі. Академияның түлектеріне «полиция лейтенанты» арнаулы атағы беріледі, олар міндетті түрде ПО аумақтық бөліністеріне еңбекке орналастырылады және бөлінген жері бойынша үздіксіз 5 жыл жұмыс істеуі тиіс.

Қазіргі уақытта ЖОО-ның құрамына төрт институт (Заң институты, ЖОО-нан кейінгі білім беру институты, Біліктілікті арттыру және мамандарды қайта даярлау институты, он үш кафедра, екі оқу орталығы (Заңсыз көші-қон

және адам саудасына қарсы күрес бойынша мамандар даярлау оқу орталығы, Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бойынша мамандар даярлау ведомстволарлық оқу орталығы).

Сонымен қатар, ЖОО-ның құрамында 12 бөлім, оның ішінде ғылыми зерттеу зертханасы, типография, жалпы және арнайы кітапхана, басқа да құрылымдық бөліністер бар.

Академияның ғылыми әлеуетін 8 ғылым докторы, 79 ғылым кандидаты, 4 профессор және 19 доцент құрайды. Бұл біздің ЖОО-ның Қазақстан Республикасындағы заңгер мамандар даярлайтын ең таңдаулы оқу орны екендігін білдіреді, барлық халықаралық стандарттарға сәйкес келеді, сабақты жоғары білікті мамандар оқытудың жаңа әдістері мен нысандарын пайдалана отырып сапалы деңгейде жүргізеді.

Қарағанды академиясында оқу-тәрбие процесін жетілдіруге аса көп көңіл бөледі, жаңа технологиялар, оқытудың қарқынды нысандары мен әдістері енгізіледі. Академияның ғалымдары Қазақстан мен Ресейдің ЖОО заң факультеттерімен, Мәскеу, Омбы, Алматы ІІМ Академияларымен, Қаржы полиция академиясымен және басқа ЖОО-мен ғылыми байланыста.

Академияда заңнамаларды, ішкі істер органы қызметін, оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындалатын халықаралық ғылыми практикалық және ғылыми теориялық конференциялар тұрақты түрде өткізіледі.

Біздің ЖОО ғылыми зерттеу жұмысы жоғары деңгейде жүргізіледі, Академияның тыңдаушылары оған белсенді түрде қатысады. Болашақ заңгерлердің шығармашылық әлеуетін дамытып, алған теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана білуі үшін кафедрада ғылыми үйірме мен проблемалық топтармен жұмыс жүргізіледі. Академияда жыл сайын тыңдаушылардың арасында ең үздік ғылыми жұмыс үшін байқау өткізіліп, оның жеңімпаздары «ҚР заң және ғылымдардың көкейкесті мәселелері» ғылыми-теориялық конференцияға және басқа да ЖОО-ның конференцияларына қатысады.

Оқытушылар мен тыңдаушылардың оқу және ғылыми жұмыстары 300 мыңнан астам қоры бар жалпы және арнайы кітапханамен қамтамасыз етілген.

ЖОО материалдық-техникалық базасы тұрақты түрде жаңартылып отырады. Қазіргі кезде Академияда 6 дәріс залы, 30 оқу аудиториясы, 36 оқу-әдістемелік кабинеттері, педагогикалық шеберлік кабинеті, сонымен қатар жедел-криминалистикалық полигон, 2 жатақхана, 600 орындық асханамен жабдықталған 2 оқу корпусы бар.

Академия аумағында 2 өзін-өзі қорғау залы, ауыр атлетика залы, 25 метрге жүзу бассейні, стадион, тир орналасқан.

Қарағанды қаласынан 40 км арақашықтықта орналасқан Долинка кентінде Академияның оқу орталығы бар. Мұнда ату тирі, криминалистикалық полигон, психологиялық тежеу сызығы, спорттық құрал-жабдықтар, жазғы қалашық, екі қабатты 2 казарма, мәдени орталық, асхана орналасқан. Оқу орталығында 1 курста лагерлік жиын, кешенді жедел-тактикалық оқу, 3 және 4 курс тыңдаушыларының ойын-жаттығулары жүргізіледі.

Тыңдаушылар жай күндері оқу сабақтарына қатысып қана қоймай, Академия өз тәрбиеленушілерінің түрлі үйірмелерге қатысуына мүмкіндік туғызады. Сабақтан соң тілек білдірушілердің музыкамен, вокалмен, Академия клубындағы бимен айналысуына мүмкіндігі зор, сондай-ақ өздерінің оркестрі, хор тобы бар. Әрбір курстардың КТК командалары арасында біріншіліктер, мәдени іс-шаралар, көркемөнерпаздардың фестивальдары тұрақты түрде өткізіледі.

Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеп, бай салт-дәстүрімізді сақтауға арналған Академияда тарихи мұражай ашылды.

Тыңдаушылардың ата-аналары мен туыскандары олардың оқу үлгерімі мен тұрмыстық жағдайлары туралы ақпарат алу үшін оқу-саптық бөліністерінде арнайы ата-аналар комитеті құрылған.

Академияда спорттық шаралар кең ауқымда жүргізіледі. Дене шынықтыру даярлығы кафедрасы тыңдаушылар үшін дәстүрлі түрде күздік және көктемгі-жазғы кешенді спартакиадаларды, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне, Наурыз мейрамына, Жеңіс күніне арналған спорттық шараларды жыл бойы өткізеді. Профессорлық-оқытушылық құрам үшін қысқы «Денсаулық» спартакиадасы өткізіледі.

Академияда қоян-қолтық ұрыс, бокс, каратэ-до, самбо, дзю-до, қазақша күрес, қызметтік биатлон, жеңіл атлетика тобы спортты жетілдіру мақсатында жұмыс істейді. Академия командасы спорттың түрлері бойынша бірнеше рет Қазақстан Республикасының ІІМ оқу орындарының спартакиадаларында, халықаралық жарыстарда, қалалық және облыстық чемпионаттарында Қазақстан Республикасының ІІМ чемпиондары мен жеңімпаздары болды. Дене дайындығы кафедрасы оқытушылары соңғы 5 жылда Қазақстан Республикасының 12 спорт шеберін және Қазақстан Республикасының халықаралық деңгейдегі 3 спорт шеберін дайындады. 2005 жылдың желтоқсанында Венгрияда өткен кикбоксинг бойынша XV Әлем Чемпионатында тыңдаушы А. Белгібаев Әлем чемпионы атағын жеңіп алды.

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында білім алу – сапалы білім мен жұмыспен кепілді түрде қамтамасыз етілу!

2. Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясының құрылу тарихы

1956 жылы 23 шілдеде Мәскеу қаласында КСРО Ішкі істер министрлігінің № 00237 Қазақстан және Қырғыз Республикасы милиция кадрларын даярлау үшін КСРО ІІМ Алматы арнайы орта милиция мектебін құру туралы бұйрығына қол қойылды. Біздің республикада алғашқы кәсіби милиция мектебінің құрылуына 4 негізгі ұйымдастырушысы әрі бастама көтерген Қазақ КСР Ішкі істер министрлігінің ішкі істер генерал-лейтенанты Қабылбаев Шырақбек Қабылбаевич. Алғашқы Қызыл Ту Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі президиумының 1967 жылғы 11 қазандағы № 429-VII Жарғысына сәйкес Қазақ КСР Ішкі істер министрі генерал-лейтенанты Ш.Қ. Қабылбаевқа сол кезде бұрынғы ААОММ (Алматы арнайы орта милиция мектебі) генерал-майоры Н.Н. Лучевпен тапсырылды. 1961 жылы ААОММ базасында ІІМ Мәскеу Жоғары мектебі сырттай оқу бөлімі, кейінірек – КСРО ІІМ жоғары мектебі күндізгі сырттай оқу мектебі құрылды. Ал, 1969 жылы оны Қарағанды қаласына көшірумен КСРО ІІМ жоғары мектебі деп қайта өзгертілді. 1965 жылдан бастап мектеп жанындағы өрт қызметі басшы құрамын дайындау бойынша он бір айлық курстар қызмет етті, соның базасында 1973 жылы Алма-ата өрт-техникалық училищесі құрылған. 90-шы жылдардың соңында республикалар ІІМ жүйесінде кадр мәселесі, оның ішінде басшы құрамы өзекті мәселе болды. Қызметкерлерді аталған санат бойынша шет мемлекеттерде оқыту жоғары бағасымен және ТМД (СНГ) республикасы заңнамаларындағы елеулі айырмашылықтары болғандықтан ақталмады. 1991 жылы 27 шілдеде КСРО Министрлер кабинетінің № 519 Қаулысы қабылданды, ал соның негізінде 1991 жылы 30 шілдеде КСРО ІІМ Алма-ата жоғары мектебін құру туралы бұйрық шықты. Бұл шындығында біздің оқу орындары мен республиканың ішкі істер орындары үшін тарихи жағдай болды. Алма-ата жоғары мектебін басқаруды КСРО ІІМ және Қазақстан басшылығы М.Е. Есбулатовқа сеніп тапсырды. Ол аса жоғары сенімді абыроймен атқарды. 1996 жылы 3 маусымда ҚР МТК № 103 бұйрығы негізінде ҚР ІІМ Алма-ата жоғары мектебі АЖАМ МТК (Алма-ата жоғары арнайы мектебі мемлекеттік тергеу комитеті) деп өзгертілді. Екі жылдан соң ГСК қайта құрылуына байланысты мектеп тағы ҚР ІІМ қарамағына өтеді және 1998 жылы 27 сәуірде ҚР ІІМ № 134 бұйрығына сәйкес ҚР ІІМ Алматы заң институты деп аталды. Алғашқы 12 жыл бойы үздіксіз басқарған полиция генерал-майоры Есбулатов Мекен Есбулатович осы оқу орнына көп күш жігері мен энергиясын жұмсады. ҚР ІІМ ведомстволық білім беру, дамыту және мемлекетте жетілдіру бағдарламасын әзірледі. Осы мәселенің өзектілігін есепке ала отырып, 1998-2005 жылдардың бір бөлімінде ҚР ІІМ Алматы академиясын құру қарастырылған. Қазақстан ПО үшін мамандар даярлауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметімен 1999 жылы 1 маусымда Қазақстан Республикасы ІІМ академиясы мемлекеттік мекемесін құру туралы № 675 Қаулы қабылданды. Қаулыға сәйкес, ҚР ІІМ академиясы Алматы Заң институты мен ҚР ІІМ Алматы техникалық базаның нығаюына, мектептің

қайта жасалуына, коллективтің қалыптасуына және оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруге үлкен үлес қосқандар: милиция полковнигі М.У. Ерназар (1956-1962), полковник Шураев Борис Семенович (1962-1965), полковник Васютин П.М. (1965-1967), генералдар: Лунев Николай Николаевич (1967-1976), Чукмаитов Сламбек Чукмаитович (1976-1980), Есбулатов Макан Есбулатович (1980-1991), заң ғылымдарының кандидаты, доцент Басаров Эрнст Умурзакович (1991-1995), Исаков Болат Газизович (1995-1996), заң ғылымдарының докторы Еркенов Серик Есжанович (1996-1998), Мусин Казбек Таукенович (1998-1999), заң ғылымдарының кандидаты Бейсенов Аманжол Мусаинович (1999-2000), Кабденов Талап Кабденович (2000-2002), заң ғылымдарының докторы Еркенов Серик Есжанович (2002-2008), Кенжетаев Джан Табылдинович (2008-2010). Бұлардың барлығы әр уақытта осы оқу орнын басқарған ішкі істер органдарының көрнекті басшылары. Қазіргі уақытта ҚР ІІМ Алматы академиясының бастығы заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі полиция генерал-майоры Кулибаев Талгат Аскарлович. Әр жылдардағы бітіруші генералдармен біздің академия мақтанады: Дауытбеков Темирхан Даубекович милиция Генерал-майоры 1958 ж. Жалтыров Ленар Абдулович милиция Генерал-майоры 1958 ж. Ахмадин Алимжан Ахмадиевич ішкі қызмет Генерал-майоры 1959 ж. Дунаев Андрей Федорович милиция Генерал-майоры 1959 ж. Куликов Николай Тимофеевич милиция Генерал-майоры 1959 ж. Шилов Алексей Александрович милиция Генерал-майоры 1961 ж. Баранов Михаил Иванович милиция Генерал-майоры 1961 ж. Демесинов Есен Демесинович милиция Генерал-майоры 1961 ж. Жәналиев Токтожума милиция Генерал-майоры 1961 ж. Серікбаев Кұралбек Нағимаевич милиция Генерал-майоры 1964 ж. Бельгужанов Еркін Рысқалиевич милиция Генерал-майоры 1971 ж. Асыл-Кеней Сағынжан Байболұлы милиция Генерал-майоры 1971 ж. Отто Иван Иванович милиция Генерал-майоры 1973 ж. Раимжанов Төлеген Шаймерденович милиция Генерал-майоры 1974 ж. Дейхин Николай Иванович милиция Генерал-майоры 1976 ж. Дюкенов Амангельды Резуанович ішкі қызмет Генерал-майоры 1977 ж. Аппарбеков Серік Сеитович ішкі қызмет Генерал-майоры 1977 ж. Исимов Серик Аяшевич милиция Генерал-майоры 1979 ж. Ускимбаев Қожамұрат Бейсович милиция Генерал-майоры 1980 ж. Досумов Серимжан Тулеуович милиция Генерал-майоры 1981 ж. Демеуов Марат Ганович милиция Генерал-майоры 1984 ж. Жыл сайын Алматы академиясының түлектері осы оқу орнын абыроймен бітіріп шығады. Республиканың кез келген ішкі істер бөліністерінде ААОММ, АЗИ (Алматы заң институты), Академия және Алматы академиясын тәмамдаған тыңдаушылар қызмет атқарады. Басшы құрамның және профессорлық оқытушы құрамның атынан біздің бітірушілерге бақыт, биік самғау және біздің мемлекет пен Қазақстан халқы алдындағы өздерінің міндеттерін адал атқаруын тілейміз.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары ведомстволық білімді дамыту мен жетілдірудің 1998-2005 жж. Бағдарламасына сәйкес, 1999 ж. 1 шілдедегі №635 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Академиясы мекемесін құру туралы» Үкімет Қаулысы және Қазақстан Республикасы №288

бұйрығына сәйкес ҚР ІІМ Алматы Заң институты мен Алматы техникалық институтының бірігуі негізінде Қазақстан Республикасы ІІМ Академиясы құрылды. Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы заң институты 1956 ж. 23 шілдеден бастап тарихы бар КСРО ІІМ Алматы орта арнаулы милиция мектебі (АОАММ) базасында қайта құрылғаннан кейін құрылды. Нақты осы мерзім Академияның туған күні болып есептеледі. 1965 жылдан бастап АОАММ жанында 11 айлық өрт сөндіру қызметі басшы құрамын дайындау курсы жұмыс істеді. Осы курс негізінде 1973 ж. КСРО ІІМ Алматы өрт сөндіру-техникалық училищесі (АӨСУ), ІІМ Алматы жоғары техникалық училищесі (АЖТУ), одан кейін ҚР ІІМ Алматы техникалық институты (АТИ) құрылды. 2010 жылдан бастап Академияның бастығы – заң ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА корреспондент мүшесі, полиция генерал-майоры Т.А. Кулибаев. Қазіргі уақытта академия ұжымында өз өмірлерінің ондаған жылдан астам уақыттарын ішкі істер органдары қызметіне арнаған жоғары білікті оқытушылар мен тәжірибелі басшылар қызмет атқарады. Академияның қызмет ету мерзімінде Қазақстанда ғана емес ТМД-ның көптеген елдерінде қызмет етіп жүрген 20 мыңнан астам жоғары білікті мамандар дайындалып шығарылды. Қазірде республикамызда академияның түлектері қызмет етпейтін бірде бір орган мен бөлімшелер жоқ. Жауапты да шешімді де талап ететін қызметтерде олар қылмыстылықпен күресте және қоғамның құқықтық тәртібін қамтамасыз етуде маңызды үлес қосуда. Олардың ішінде 21 генерал мен ондаған полковник бар.

3. Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қалыптасу тарихы

1971 жыл. Біздің республикамыздың тарихында бұл жыл ішкі істер органдары үшін үш онжылдық ағымындағы кадрларды дайындауын жүзеге асырған Қостанай ІІБ облыстық атқару комитетінің кіші және орта басшы құрамының Қостанай облысаралық алғашқы дайындық мектебінің пайда болуымен танылған.

1971 жылғы 1 қарашадағы Қазақ КСР ІІМ №0278 бұйрығына сәйкес Қостанай облысаралық кіші және орта басшы құрамының алғашқы дайындық мектебі құрылды. Осы тарихи күннен бастап, заманауи жоғары ведомстволық оқу орны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай академиясы өзінің жылнамалық саналымын жүргізіп келеді.

1971 жылы Қостанай облыстық атқару комитетінің ІІБ Қостанай облысаралық кіші және орта басшы құрамының алғашқы дайындық мектебінің алғашқы бастығы болып, милиция подполковнигі Юрий Петрович Помещиков тағайындалды, осы оқу орнын ол 1974 жылдың ортасына дейін басқарған еді.

Алғашқы кезеңде оқу орнының дамуы қалыптастырылды, білім беру саясатының бағыттары мен мақсаттары анықталды, оқу пәндерін оқыту тәжірибесі әзірленді.

Өткен ғасырдың 70-жылдарының басында ғана облысаралық алғашқы дайындық мектебі тек қана Қостанай ҚІО қоғамдық күзету тәртібіне ғана көмек көрсеткен жоқ, сондай-ақ, қалалық орта оқу орындарында оқитын оқушылардың ішінен милицияның жас көмекші достарын дайындауға бастамашы болды.

Оқу бөліністерінің (циклдерін, көп кешікпей кафедраларын) негізін қалайтын алғашқы құжаттардың бірі болып, Қостанай облысаралық мектебінің 1972 жылғы 28 наурыздағы «Оқу циклдарын ұйымдастыру жөніндегі» №49 бұйрығы танылды. Осы бұйрыққа сәйкес ҚАІО милиционерлердің, түнгі милицияның және мамандандырылған командалық-оқытушылар құрамының алғашқы дайындық ұйымдастыру жақсарту мақсатында, мектепте үш оқыту циклдары құрылды. Олар: әскери-жауынгерлік арнайы пәндер және ғылыми - техникалық құралдар, байланыс құралдары және мотобөлімі.

1972 жылдың қазан айынан бастап облысаралық мектепке дарадан тыс күзет қаражаты есебінен қамтылған милиционерлермен қоса бюджеттік милицияның милиционерлері, бір ай бойы оқыған КСРО ІІМ түрмесінің және тергеу изоляторларының бақылаушылары енгізілді. 1973 жылдан бастап мектепте ІО қызметкерлерін қайта даярлау процесі басталды.

Ю.П. Помещиковтың орнына 1974 жылы ішкі қызмет капитаны Александр Степанович Петренко келді, ол 1976 жылға дейін облысаралық мектепті басқарған болатын. А.С. Петренконың басшылық атқару кезінде мектептің командалық-оқытушылар құрамының қызметі курста оқыту тиімділігін жоғарылатуына бағытталды. Дәріс қорларын, арнайы сыныптарды техникалық құрал-жабдықтармен жабдықтарды көбейту бойынша шаралар қабылданды, дәріс қорының мектебі қалыптасты, тәжірибемен мектеп

арасындағы байланыс жақсара түсті. Мектептің аумағында 200 орынға толы асхана салынды.

1975 жылға таман оқу орнының білім беру қызметінде маңызды өзгерістер болды. Мектеп тек қана дайындықты жүзеге асырған жоқ, сонымен қатар республиканың ішкі істер органдары үшін мамандарды қайта даярлауды жүзеге асырды. Осы уақытта мектепте оқитындар күрт өзгерді. Облысаралық мектепте Қазақ КСР ІІМ рұқсат қағазына сәйкес, қайта даярлау мақсатында мектепке бюджетті милициядан милиционерлер, түнгі милиция бөлімшелерінің командирлері түсетін болды, алғашқы дайындық мақсатында көлік милициясының, дарадан тыс күзеттің, қалалық, аудандық ішкі істердің және желілік бөлім милициясының милиционерлері, теміржол көлігіндегі милиционерлер, ауа көлігіндегі байқау инспекторлары, ІІО әртүрлі қызмет бөлімшелерінің командирлері, учаскелік инспекторлар келіп түсетін болды. Оқуды тек қана Қазақстанның қызметкерлері өткен жоқ, сондай-ақ, Ресей, Украина, Прибалтика елдерінің қызметкерлері де өтті.

1976 жылы облысаралық мектепті милиция майоры Виктор Куприянович Путилов басқарды. Ол мектепті 1979 жылға дейін басқарды.

Оның кезінде, 1979 жылдың сәуір айында мектептің педагогикалық кеңес құрамының қайта құрылуына әкеп соқты. 1976 жылдың жаз мезгілінде мектептің оқытушылар штаты КСРО ІІМ Қарағанды жоғары милиция мектебінің түлектерімен толтырылды. Жергілікті оқытушылар өздерінің біліктілігін Совет Одағының ведомстволық оқу орындарында жоғарылату мүмкіндіктерін алды.

1979 жылдың сәуір айында Қостанай облысаралық мектебін милиция подполковнигі Борис Яковлевич Фреер басқарды, ол мектепті 1983 жылға дейін басқарды. Борис Яковлевич оқу-материалдық базасын нығайту, командалық-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру, оқу-насихаттау жабдықтарын жетілдіру бойынша елеулі жұмыстар жасады.

Б.Я. Фреердің орнына 1983 жылдың маусым айында милиция полковнигі Евгений Петрович Беглов келді, ол облысаралық мектептің бастығы лауазымында 1985 жылға дейін қызмет атқарды. Қазақ КСР ІІМ 1985 жылғы 14 наурыздағы №040 бұйрығына сәйкес Облысаралық мектеп ІІБ Оқу орталығы болып қайта құрылды.

Былтырғы жүз жылдықтың сексенінші жылдары кіші және орта басшылық құрамының «туудың» және әрі дамудың кезекті кезеңі болып танылды, өйткені осы кезеңде оқу орны ескі аэропорт ғимаратында орналастырылды, қайтадан мектептің аумағы, оқу дәрісханалары қайта құрылды, тұрақты және ауыспалы құрамдарды материалдық-тұрмыстық жабдықтау сұрақтары шешілді.

1991 жыл дүниежүзі саяси картасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіз және Егемен ел болып танылды. 1991 жылғы қараша айында Қостанай облыстық атқару комитетінің ІІБ Оқу орталығын ішкі қызмет полковнигі Сарбас Хамитұлы Утельбаев басқарған болатын.

Оқу орталығы жас тәуелсіз республиканың қалыптасуымен бір уақытта дамыған. Орталық қызметінің нормативтік-құқықтық білім базасы айтарлықтай

өзгерістерге ұшырады, республиканың ішкі істер органдары үшін кадрларды даярлаудың мазмұндарымен формалары қайта қаралды.

1992-1993 жылдары Оқу орталығын милиция полковнигі Асқар Оңғарұлы Сейтказин басқарды.

ҚР Министрлер кабинетінің 1993 жылғы 15 ақпанындағы №106 қаулысына сәйкес «Құқықтану» мамандығы бойынша орта арнайы білімдерімен ішкі істер органдарының басшылық құрамын даярлау бойынша ҚР ІІМ Қостанай арнайы орта мектебі құрылды.

Осы аралықта ҚР ІІМ Қостанай арнайы орта мектебін милиция полковнигі Кеңес Масымханұлы Бейсебаев басқарды. Оның басшылық жасаған кезінде оқу орнының ғылыми мүмкіндіктері артты, ұйымшыл оқытушылар құрамы қалыптасты, жаңа бөліністер ашылды, қызметкерлердің штаттары көбейді.

Милиция полковнигі К.М. Бейсебаевтың басшылық кезінде оқу орны жаңа мәртебе алды. 1995 жылғы 19 мамырдағы ҚР Министрлер кабинетінің №724 қаулысымен Қостанай арнайы орта мектебі ҚР ІІМ Қостанай заң колледжі болып қайта құрылды, оның базасында республиканың ішкі істер органдары үшін орта-арнайы заң білімдері бар мамандарды даярлау жалғастырылды.

1996 жыл оқу орнының тарихында ерекше болып табылады. 1996 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің №396 қаулысымен ҚР ІІМ Қостанай заң колледжі ҚР ІІМ Қостанай жоғары мектебі болып құрылды. Осы күрделі кезеңде Қостанай жоғары мектебін ҚР ІІМ танымал қызметкері, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, құқықтану доценті ішкі қызмет генерал-майоры Талап Қабденұлы Қабденов басқарды. Оның басқару жылдарында оқу орнының материалдық – техникалық базасы құрылды және жақсарды, мектептер қалаға орын ауыстырды, оқу процесі, ғылыми процесі жетілдірілді.

1996 жылғы 2 мамырдағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің №157 бұйрығына сәйкес Қостанай жоғары мектебінің құрамында жаңа кафедралар құрылды, олар әкімшілік құқық және қоғамдық тәртіп күзет кафедрасы, криминология және қылмыстық құқық кафедрасы, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы, жедел іздестіру қызметі кафедрасы, жалпы құқықтық тәртіп кафедрасы, әлеуметтік-экономикалық пәндер кафедрасы, тілдер кафедрасы, информатика және арнайы техника кафедрасы, әскери және тактикалық арнайы даярлық кафедрасы, жауынгерлік және дене дайындығы кафедрасы.

1996 жылғы 25 қазанда көптен күткен оқиға болды. Бұл күні оқу орны ескі аэропорт ауданынан Қостанай құрылыс техникумының оқу корпустарына ауыстыру жүзеге асырылды. Оқу орнын ауыстыру процесінде Қостанай облысының басшылары белсенді қатысты. Аудан әкімдері, облыстағы жоғары оқу орнының басшылары, қалалық шенеуніктер, қатардағы қостанайлықтар Қостанай жоғары мектебін жайластыруына және одан әрі дамуына көмек көрсетті. Бұрынғы құрылыс техникумының кабинеттері оқу дәрістеріне қайта жабдықталды, жалпы және арнайы кітапхана үшін бөлмелер бөлінді,

спорткешені, жатақханалар, монша-кір жуатын кешен, алаң, тыңдаушылар үшін 800 орынға асхана және басқа да оқу орнының ажырамас бөлігі болып танылған өмірлік-маңызды объектілер құрылды.

1997 жыл Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай жоғары мектебінің тарихында екі ірі тарихи оқиғалармен атап өтілді.

1997 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай жоғары мектебіне оқу орнының Туы табыс етілді.

1997 жылғы 16 шілдеде Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай жоғары мектебіне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев келді, ол елдегі ішкі істер органдары үшін жоғары білікті мамандарды сапалы дайындау бағытындағы педагогикалық ұжымның жұмысына жоғары баға берді. Құрметті қонақтар кітабына Елбасы «Қостанай жоғары милиция мектебінің қызметкерлеріне және тыңдаушыларына Отанға адал және мінсіз қызмет етуін тілеймін» тарихи жазба естелігін қалдырған.

1998 жылғы 20 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің №348 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындары жөнінде» қаулысымен ҚР ІІМ Қостанай жоғары мектебі Қазақстан Республикасының ІІМ Қостанай заң институтына ауыстырылды.

Ішкі қызмет генерал-майоры Т.Қ. Қабденовтың орнына 2000 жылғы сәуір айында заң ғылымының кандидаты, доцент полиция полковнигі Серік Жақыпбекұлы Галиев келді. Ол жоғары оқу орнын 2001 жылдың мамыр айына дейін басқарды. Оның басшылық жасау кезінде оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметін жетілдіру анықталды. Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар және жеке көкейтесті құқықтық сұрақтар бойынша монография шығарылды.

2001 жылғы мамыр айында ҚР ІІМ Қостанай заң институтын заң ғылымының кандидаты, доцент полиция полковнигі Ерғали Ошпанұлы Түзельбаев басқарды.

Осы кезде жоғары оқу орнының материалдық базасын жаңарту және оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру, жоғары оқу орнының ғылыми бастамасын жоғарылату сұрақтары шешілді.

2003-2004 жылдары ҚР ІІМ Қостанай заң институтын республикадағы ішкі істер органдары қызметінде мол тәжірибесі бар, заң ғылымының кандидаты полиция полковнигі Алтынғали Үсенұлы Әбдіғалиев басқарды. Оның басшылық кезінде ішкі істер органдарына мамандарды екі мамандық бойынша, дәлірек айтқанда, әкімшілік-құқықтық және жедел іздестіру қызметінде даярлау процесі жалғастырылды.

2004 жылдан бастап жоғары оқу орнының өмірінде жаңа кезең басталды, оның басшылығында және республикада құқық қорғау қызметі үшін кадрларды даярлау процесі өзгерді.

Қылмыстық-атқару жүйесі үшін мамандарды даярлау процесін одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 шілдедегі №806 қаулысымен ҚР ІІМ Қостанай заң институты Ішкі істер министрлігінің қарамағынан ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қарамағына берілді. 2004 жылдан бастап мамандарды дайындау

«Құқық қорғау қызметі», «Құқықтану», «Педагогика және психология» мамандықтары бойынша мемлекеттік бюджет есебінен сырттай және күндізгі оқыту формасы бойынша «әділет лейтенанты» арнайы атағы мен «бакалавр» академиялық дәрежесін беру арқылы жүзеге асырылды.

Жаңа ведомствоға енгізудегі оқу орнының алғашқы қалыптастыру жылдары қылмыстық – атқару құқығы облысында беделді ғалым, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органында тәжірибесі мол, заң ғылымының докторы, профессор әділет полковнигі Дулат Сламбекұлы Чукмаитовтың атымен байланысты. Оның басқару жылдарында жоғары оқу орны маңызды және тарихи оқиғалармен танымал болды. Ол жоғары оқу орнын жана шыңдарға, қылмыстық саясаттың спецификасына және мазмұнына, Қазақстандағы қылмыстық-атқару жүйесіне, алыс және жақын шетел жоғары оқу орындарының ғылыми байланыстарын кеңейтуге, ғылыми-зерттеу институттарымен және халықаралық ұйымдармен бейімделуіне, жоғары оқу орнын жаңа қадамына шығаруға, оның одан әрі жемісті дамуына ықпал жасады.

2005 жылдан бастап, Қостанай заң институты толығымен қылмыстық-атқару жүйесінің органдары үшін тыңдаушыларды қабылдады. Осы жылы Әділет министрлігінің қолдауымен институт «Педагогика және психология» мамандығы бойынша тыңдаушыларды даярлауына лицензия алды.

Полиция полковнигі Д.С.Чукмаитовтың тікелей қатысуымен 2008 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №5 қаулысымен Қостанай заң институты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Академиясы болып ауыстырылды.

2008 жылы Академия бастығы болып, заң ғылымының кандидаты, профессор әділет полковнигі Еркембек Тианақбайұлы Жалбуров тағайындалды, ол 2010 жылға дейін жоғары оқу орнының басшысы болып қызмет атқарды. Осы кезде жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу жұмыстарының қызметін жетілдіру бойынша мақсатты жұмыстар өткізілді. Халықаралық ынтымақтастық масштабында ТМД елдерінің қылмыстық-атқару жүйесі үшін білім саласында және кадрларды даярлауда 2009 жылы Академияға Тәжікстан Республикасының 10 азаматы келіп түсті.

2010 жылдың шілде айынан бастап, 2011 жылдың қараша айына дейін Академияны заң ғылымының докторы, профессор әділет полковнигі Қазбек Шайпанұлы Уканов басқарды. Оның басшылығымен оқу орнының материалдық-техникалық базасы жақсарды, Академияның сыртқы және ішкі формалары қайта жаңартылды, оқу процесі жаңа сапалы деңгейге жоғарылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 тамыздағы №900 қаулысына сәйкес ҚР ӘДМ ҚАЖК Академиясы ҚР ІІМ ҚАЖК Академиясына ауыстырылды.

2011 жылғы қазан айынан бастап Әділет министрлігінің қолдауымен Академия «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша тыңдаушыларды дайындауына лицензия алды.

2011 жылдың қараша айынан бастап 2014 жылдың сәуір айына дейін Қостанай академиясын заң ғылымының кандидаты полиция полковнигі Назарбек Жөкенұлы Бекбатыров басқарды.

Қазақстан Республикасы ІІМ 2012 жылғы 29 желтоқсандағы №716 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Академиясы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай академиясына ауыстырылды.

2014 жылғы мамыр айынан бастап Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясының бастығы болып, заң ғылымының кандидаты, профессор полиция полковнигі Мирлан Ахмедияұлы Қызылов тағайындалды.

Полиция полковнигі Мирлан Ахмедияұлы Қызыловтың тікелей қатысуымен 2014 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1287 қаулысымен Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясына ішкі қызмет генерал-лейтенанты Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевтың құрметті есімі берілді. Бүгінгі таңда Академия Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы болып аталады.

4. Қазақстан Республикасы ІІМ Көкшетау техникалық институтының тарихы

1973 жылы Кокчетав қаласына (қазір – Көкшетау, Ақмола облысының әкімшілік орталығы) Алматы қаласынан Қазақ КСР Ішкі істер министрлігі Өрттен қорғау басқармасының әскерилендірілген өрттен қорғау оқу жасағы ауысты, оның базасында 1992 жылғы маусым айында Қазақ КСР ІІМ Өрттен қорғаудың кіші және орта басшы құрамын даярлау мектебі құрылды.

1995 жылғы тамыз айында Мектеп Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы өрт-техникалық училищесінің Көкшетау филиалы болып қайта құрылды. Осы оқу орнының базасында «Өртке қарсы қауіпсіздік технигі» біліктілігі беріліп, өрттен қорғау бөлімшелері үшін орта арнаулы білімі бар мамандарды даярлау жүзеге асырылды.

«Қазақстан Республикасында құқық қорғау органдары жүйесін бұдан әрі реформалау бойынша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1997 жылғы шілде айында Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы жоғары техникалық училищесінің Көкшетау филиалының базасында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар бойынша мемлекеттік комитетінің Көкшетау жоғары өртке қарсы және авариялық-құтқару жұмыстары училищесі құрылды. Осы кезден бастап жоғары кәсіби білімі бар мамандарды даярлау басталды.

Кейіннен бірқатар ұйымдастырушылық өзгерістер нәтижесінде оқу орны «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Көкшетау техникалық институты» республикалық мемлекеттік мекемесі деп атала бастады.

2014 жылғы тамызда оқу орны «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің Көкшетау техникалық институты» республикалық мемлекеттік мекемесі деп аталды.

Институт білім беру қызметінің келесі түрлерін жүзеге асырады:

- «5В100100 – Өрт қауіпсіздігі», «5В103100 – Төтенше жағдайларда қорғау», «5В103200 – Азаматтық қорғаныстың командалық тактикалық күштері» мамандықтары бойынша азаматтық қорғау саласында мамандарды даярлау.

- мамандандырудың 13 бағыты бойынша Қазақстан Республикасы ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті бөлімшелері қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыруын және қайта даярлау.

Мамандарды сапалы даярлау және Болон процесінің еуропалық білім беру стандарттарына сай болуға талаптану мақсатында Институттағы оқу процесі оқудың кредиттік оқу жүйесі бойынша ұйымдастырылған. Институт түлектеріне «Әскери іс және қауіпсіздік бакалавры» академиялық дәрежесі бар халықаралық стандарттағы дипломдар беріледі.

1997 жылдан бастап Институтта 3200-ден астам жоғары білікті маман даярланды, оның ішінде 97 түлек үздік диплом алды. Қазақстан Республикасы азаматтық қорғау органдарының 1700-ден астам қызметкері мен қызметшісі біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарынан өтті.

Институт тәрбиеленушілері өз қызметтік борыштарын абыроймен орындауда, ұлт байлығын от апатынан қорғау бойынша алдыңғы шепте, Қазақстан Республикасы аумағында, сол сияқты алыс және жақын шет мемлекеттерде болған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жоюға қатысады.

Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Институт алдына маңызды стратегиялық мақсаттар мен міндеттер қояды:

- білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу, қазіргі заман талаптарына жауап беретін және төтенше жағдайлар кезінде қиын міндеттерді орындауға лайықты жоғары білікті кадрларды даярлау;

- тыңдаушылардың белсенді азаматтық көзқарасын, әлеуметтік жауапкершілігін және отансүйгіштігін, адамгершілігін және салауатты өмір салтын қалыптастыру;

- төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою мәселелері бойынша мақсатты арнайы және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу және алынған нәтижелерді Қазақстан Республикасы ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті бөлімшелерінің қызметі практикасына енгізу.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 ж 30 тамызда қабылданған. – Алматы, 2012.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заң күші бар Жарлығы.
3. Атишев А. Создание и деятельность советской милиции в Казахстане. – Караганда, 1974.
4. Алматинский уголовный розыск: люди, события, факты / авт.-сост. О. Медведева / под ред. Е.З. Тургумбаева. - Алматы, 2008. - 267 с.
5. Бекмагамбетов Р.К., Бекмагамбетова М.Ж. История правоохранительных органов. - Костанай, - 2001
6. Бельсон Я.М. Бюрократия, полиция и вооруженные силы в современном буржуазном обществе. - М., 1969.
7. Биекенов Н.А. Правовой статус сотрудников полиции МВД Республики Казахстан и вопросы прохождения ими службы // Қазіргі заманғы маңызды мәселелер = Актуальные проблемы современности. - 2008. - № 4. - С. 116-119
8. Биекенов Н.А. Развитие правовой регламентации организации и деятельности полиции Республики «История государства и права», - 2007, N 14
9. Биленко С.В. На бессменном посту. – Москва, 1969.
10. Буганов В.И. Мир истории (XVII век). - М., 1989.
11. Дегтерев Л.М. и др. Полиция буржуазных государств. - М., 1966.
12. Дюпре Жак. История гестапо. - М., 1996.
13. Өтепов А.Ө., Ауланберген Р.Ә., Д.Т. Тилеуканова. Ішкі істер органдарының қызметі: оқу құралы – Алматы: Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы ҒЗЖРБЖҰБ, 2011. – 170 б.
14. Глиняный В.П. История государства и права зарубежных стран. – Харьков, 2004
15. Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-50-е годы XX века): дисс. ...докт. истор. наук, - Алматы, 2002. - 344 с.
16. История сыска в России. В 2 кн. Кн.1. / Автор-составитель П.А. Кошель. - Минск, 1996.
17. Лейн Б. пытки и наказания. - Смоленск, 1997.
18. Исаев Г.И. Становление и деятельность милиции Казахстана в 1917-1934 гг.: автореф. канд. истор. наук: 07.00.02. - Караганда, 2009. - 27 с.
19. Кожушко Е.П. Современный терроризм: анализ основных направлений. / под общей редакцией А.Е. Тараса. - Минск, Харвест, 1998.
20. Курс лекций по дисциплине: «История органов внутренних дел Республики Казахстан» / А.Т. Алдабергенов – Алматы: ООНИиРИР Академии МВД Республики Казахстан, 2010. – 153 с.
21. Миллер Д. Коммандос: формирование, подготовка, выдающиеся операции спецподразделений. - Минск, Харвест, 1998.

22. Органы и войска МВД России: Краткий исторический очерк. - М., 1996.
23. Очерки истории милиции Казахстана: учебное пособие / под ред. Кулыбекова М.К. - Караганда, 1994.
24. Опыт правоохранительной деятельности в зарубежных странах: сборник материалов. - М., 1994.
25. Очерки истории милиции Казахстана: учебное пособие / под ред. Кулыбекова М.К. - Караганда, 1994.
26. Полиция Казахстана: Основные этапы становления и развития / под общей редакцией Б.А. Мухамеджанова. Ответ. Ред. И.А. Омаров. – Караганда; Арко, 2005. - 300 с.
27. Табулденов А.Н. История уголовно-исполнительной системы. – Костанай, 2011
28. Материалы Государственного архива Костанайской области. Р.-119. Оп.2. Д. Р.-119. Оп.2. Д. 24. Р.-613. Оп.1. Д. 94.
29. Перегудова З.И. Политический сыск России (1888-1917 гг.). - М., 2000.
30. Преступники и преступления с древности до наших дней. Гангстеры, разбойники, бандиты: Энциклопедия. / Сост. Мамичев Д.А. - Донецк, 1997.
31. Раззаков Ф.И. Век террора. - М., 1997.
32. Рогов В.А. История уголовного права, террора и репрессий в Русском государстве в XV-XVII вв. - М., 1984.
33. Следователи и частные детективы: Защитники прав, имущества и жизни. / Энциклопедия преступлений и катастроф. - Минск, 1996.
34. Советская милиция: история и современность (1917-1987) - М., 1987.
35. Судоплатов П.А. Спецоперации. Лубянка и Кремль 1930-1950 годы. - М., 1997.
36. Торвальд Ю. Век криминалистики. - А., 1991.
37. Тюремь и наказания: инквизиция, тюрьмы, телесные наказания, казни. / Энциклопедия преступлений и катастроф. - Минск, 1996.
38. Утевский Б.С. История уголовного права буржуазных государств. - М., 1950.
39. Федоров В.Г., Лисневский Э.Г. История государства и права зарубежных стран. - Ростов, 1994.
40. Черниловский З.М. Всеобщая история государства и права. - М., 1993.
41. Хабаров А. Тюрьма и зона. - М., 1997.

Электронные носители и ресурсы Интернет:

42. <https://ru.wikipedia.org/wiki/SWAT> - специальные подразделения полиции США.
43. <http://murders.ru/d10.htm> А. И. Ракитин, 2000 «Загадочные преступления прошлого», 2000.
44. <http://www.mvd.gov.kz> - Сайт МВД РК.
45. <http://history.voxpopuli.kz/post/2039-politsiya-vernogo-do-i-posle-revolyutsii> - история полиции - Алматы.

46. http://military-kz.ucoz.org/publ/sovremennyj_kazakhstan/specpodrazdelenija_kazakhstana/specpodrazdelenija_rk_2007_god/14-1-0-80 - спецназ Казахстана.

47. <http://articlekz.com/article/5256> - Биекенов Н.А. Происхождение и эволюция института полиции в современном мире.

48. <http://www.nomad.su/?a=13-200206240048> – Қазақстанның ұйымдасқан ҚЫЛМЫСЫ.

Р.К. Бекмағамбетов, М.К. Смагулов

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Жүйе талаптары: процессоры Intel Core i3 және одан көп ДК; 512 Мб және одан көп; дискжетек CD/DVD – ROM; Microsoft Windows XP және одан жоғары; SVGA 800x600.16 bit және одан көп; Internet Explorer; Adobe Acrobat Reader 8.0 және одан жоғары.

Редакторы Исмагулова Г.
Түзетуші Ерденова С.

Пайдалануға 2018 ж. 06.06 қол қойылды.
Көлемі 6,75 ш. б. т. Таралымы 10 дана

ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы
110005, Қостанай қ., Абай даңғылы, 11